елімізді қалай жаулап алды; орыстандырды, шоқындырды, әскери отарлады... деген сияқты өзекті проблемаларды зерттеуіміз абзал» [5,16 б], - деп жазған болатын. Шындығында да өзге де Батыс Еуропалық империялар сынды отарлық экспанцияға бейім Ресей империясы қазақ өлкесін отарлау үшін түрлі тәсілдерді пайдаланды. Патшалық Ресей 1731 жылы Кіші және Орта Жүз сұлтандарынан ант қабылдау рәсімінен кейін-ақ қазақ өлкесін тез арада отарлап, одан әрі Орта Азияға шығу жолдарын қарастырды. Өлкені алғаш отарлау түрлі шептер мен бекіністер салу, казак әскери топтарын өлкеге ішкерілей енгізу, қазақ қоғамындағы басқару жүйесін, яғни хандық билікті жою, одан әрі 1867-1868 жылғы реформадан кейінгі қазақ жерін түпкілікті өзіне бағындыру ісімен аяқталды.

Патшалық Ресейдің мұндай рухани тұрғыдан отарлау шаралары ұлт зиялыларының да назарынан тыс қалмады. Олар патшалық Ресейдің отарлау саясатының астарында орыстандыру, елді ежелден қалыптасқан салт-дәстүрінен бірте-бірте айыру, өзіндегі рухани құндылықты өзіне жат ету тәрізді пиғылдың жатқанын терең түсінді. Оны болдырмау үшін бейресми басылымдарды өріге әкеліп, онда негізінен ұлттық әдет-ғұрыпты, оқу-білімді, қазақылықты насихаттауға пайдаланды. Осы бағыттағы зиялылардың шығармалары «Қазақстан» газетінен кейін іле-шала дүниеге келген «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланып тұрды. Бұл екі басылым да халық мұрасын кеңінен насихаттауға тырысты. Бұл басылымдардың айналасында қазақтың белді ұлттық зиялылары топтасты. Мәселен, М. Тынышбаев патшалықтың мұндай рухани отарлауына қатысты өзінің баяндамаларының бірі «Қырғыздар және азаттық қозғалысы» деген автономистердің 1-ші съезінде (1905 жылы 19 қараша) сөйлеген сөзінде былай дейді: «Православия дінін қабылдаудан бас тартқаны үшін, қырғыз әйелінің басына қыл бұрау салып қинау, қырғыз тілінде өтініш пен арыз жазуға тыйым салу және тағы басқа да адамдардың ар – ожданы мен тұлғасына тұрпайы түрде қол сұғу мен зорлық жасау – мұның бәрі мырзалар, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жасалып, әлі күнге құдай мен адамдардың жадынан шыққан алыс аймақта жүріп жатыр. Бұны тұрпайы, теократиялық және бюрократиялық ұлы Ресей державасы үкіметінің бұратаналар мен бөтен діндегілерге қарсы жасаған крест жорығы деп қалай атпаймыз» [6, - 12 б], - деп баға беруінен көруге болады.

Аталып отырған патшалықтың бұл отарлау саясаты XX ғасыр басында қалыптасқан ұлт зиялыларын үлкен толғанысқа түсіріп, өлкені жаһандық үрдіске тартуға күш салуынан көруімізге болады. Олар оны сөзбен де іспен де нақтылап берді. Ол туралы алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев: «XIX ғасырдың екінші жартысында, яғни, 60-жылдардағы реформалардан соң өз күшіне сенген Ресей әкімшілігі сақтық атаулыны мансұқ етіп, қазақ қоғамын ашық отарлау және орыстандыру ісіне кірісіп кетті. Үкімет ішкі Ресейлік губерниялардан қазақ жеріне орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру шарасын іске асыра отырып, қоныс аударушылардың жағдайын заңдық және экономикалық тұрғыдан негіздеп, нығайтып қана қойған жоқ, сонымен бірге, олардың санасында өздері туралы қазақ жеріне алдыңғы, дамыған өркениеттің жетістіктерін жеткізуші, жарылқаушылар бейнесін қалыптастыруға күш салды... Осы түсінік ресейлік оқу орындарында білім ала бастаған қазақ жастарының санасына да енгізіле бастады. Бірақ, оқудағы қазақ жастары бұл идеяны сол күйінде қабылдай қоймады. Үкіметтің аграрлық саясаты нәтижесінде жарамды қазақ жерлерінің жаппай қоныс аударушылардың пайдасына өте бастауы, соның нәтижесінде кедейленген жатақтардың көбейе түсуі жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық зиялылар тобын саясатпен кәсіби шұғылдануға, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясын қалыптастыруға, ұлттық платформадағы саяси партияға бірігуге мәжбүр етті» [7, 20 б.], - деп көрсетеді.

Шындығында да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында Ресейдің ішкі аймақтары мен Орта Азия жерлерінен білім алған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары үшін ұлт мүддесі алғашқы кезекте тұрды. Олардың қай-қайсысы болмасын өркениеттен алшақтаған, оқу-ағарту саласы артта қалған қараңғы қазақ елінің болашағы толғандырды.

Осындай сын сағатта олардың басының бірігуіне Ресейде болып өткен 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы жол ашып берді деуге болады. Мәселен, 1905 жылы Патша өкіметіне қазақ халқының атынан алғаш рет қазақ зиялылары бас біріктіре отырып Петиция жолдады. Онда негізінен көтерілген мәселе қазақ елінің болашағы, яғни ең құрып кеткенде автономия алу, жер мәселесінің дұрыс шешілуі, сырттан келіп қоныстандыру саясатына шектеу қою және т.б. мәселелерді шешуде Патша өкіметінен әділдік сұрау еді. Бұл туралы қазақ зиялысы М. Дулатов «Қазақ» газетінде 1913 жылы былай деп жазған еді: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да бас пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жол-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды» [8, 376 б], деп сол тұста жазылған петицияның патшалық өкіметке ұнамағандығын атап көрсетеді.

Шындығында да бұның соңы патшалық өкімет тарапынан назарға ілігіп, оның ақыры қудалау әрекетіне ұласты. Ең алдымен Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі бірінші Мемлекеттік Думаның мүшесі, оны таратуға қарсылық білдірген, Выборг манифесіне қол қойған, орыс және қазақ тіліндегі басылымдарда өткір мақалалармен көзге түскен Әлихан Бөкейханов болды. Ол 1906 жылдың 8-ші қаңтарында тұтқынға алынып, 30-шы сәуірге дейін тергеусіз абақтыға жабылады. Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынов пен Жақып Ақпаев та қуғындалып, сотсыз, тергеусіз қамалып жер аударылады.

Десек те, 1911 жылы тіл маманы, нағыз ұлт зиялыларының көш басшыларының бірі А. Байтұрсыновтың бұнымен шектелмей, Орынборда «Маса» атты өлеңдер мен аударма мысалдар жинағын басып шығарды. Бұл кітап та кішкентай жәндік масаны негіз ете отырып, халықты жаңа белеске көтеру немесе маса ызыңына құлақ түру қажеттілігін назарға салды. Басты мақсат өлкені ояту, мен жаһандық үрдістен қалмау қажеттілігі болды.

Ұлт зиялыларының қазақ мемлекеттілігінің жаһандық үрдістен хабар алып, жандандыру жолындағы келесі қадамы ұлттық газет-журналдарды жарыққа шығару ісі болды. Ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың бағыт беруімен, Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен, Міржақып Дулатовтың қолдауымен және сол тұстағы озық ойлы, халық қамын ойлаған жекелеген дәулетті адамдардың тікелей демеушілік танытуымен Орынбор қаласында 1913 жылдан бастап жалпыұлттық биресми «Қазақ» газеті жарық көрді. Оның бірінші санында Ахмет Байтұрсынұлы арнайы мақала жариялап, газетті «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп, оның «жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, саяси маңызын барынша айқындап берді. 1913-1918 жылдар аралығында небәрі 265 саны жарық көріп үлгерсе де, А. Байтұрсынов басқарған бұл басылым қазақ болашағы мен оның рухани мұраларын насихаттауда, жариялауда үлкен рөл атқарып, ұлт мүддесі үшін қызмет етті.

А. Байтұрсынов 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болса, 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922-1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеді. 1921-1925 жылы Орынбордағы, 1926-1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылы

4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырап, тоталитарлық қанды жүйе 1937 жылы 8 желтоқсанда ату жазасына кесті. Ол қазақ зиялыларының аға буыны бола отырып, Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылары болды және қазақ жұртының осы көштен қалмауын қалады. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі болып, ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетик. сипаты баяндады. Ол қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастырушы Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «[[Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды [9].

Ал 1917 жылғы Қазан Жалпы шетелдік тарихнамада қоғамтанушылар интеллегенция деп кемінде жоғары білімі бар, ой еңбегімен айналысатын мәдениет пен ортақ құндылықтардың дамуына септігін тигізушілер тобын көрсетеді. Ал өзге ғалымдар ұлт зиялыларын қоғамның негізгі эталондары ретінде көрсетеді. Алғаш бұл ұғым римдік шешен Цицеронның еңбектерінде аталып, латынның *intelligens* яғни түсінігі бар, түсінетін, саналы деген мағанасын білдірді. Ал, тарих ғылымдарының докторы Хангелді Әбжанов өз еңбегінде, интеллегенттер қоғамның алға жылжуына септігін тигізетін катализатор және тарих пен мәдениетті ұштастырып дамуына ықпал ететін күш ретінде көрсетеді. Шындығында да осы тұста қалыптасқан ұлт зиялылары қазақ елінің болашағынан үлкен үміт күткен және сол жолда аянбай қызмет еткен тұлғалар еді. Алғаш патшалық өкіметтің, кейін большевиктер билігінен қысым көрген олар қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына нық сенді. Алайда ол жолдың ұзақ та күрделі екендігін ұғына білді. Бұл туралы Міржақып Дулатов, «Большевиктер дәурені көпке бармас, бірақ болшевиктің ылаңының кесірі тез арыла қоймас. Большевиктер мемлекет ісінің басынан көшер, бірақ, көшкенше талайды болдырып, былғап кетер» – деп айтып кеткен [10, 421 б.].

Бұл рас еді. XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік қоғамда орынққан әкімшіл-әміршіл (тоталитарлық) жүйе «Алаш» атауын иеленген қазақ зиялы қауым өкілдерінің ұлт болашағы үшін жүргізген іс-әрекеттерінің барлығын да «контрреволюция», «ұлтшылдық», «уклонист-ауытқушылар» және т.б. толып жатқан айыптауларға айналдырып, оларды қуғын-сүргінге ұшыратты. Қандай жағдайда болмасын большевиктер социализмнен

коммунизмге өтуді тап күресінен іздеуге тырысты. Оның соңы өлкеде орын алған Ф.И.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатының 1931-1932 жылдарындағы аштығына алып келіп, миллиондаған қазақ жұртшылығының аштыққа ұшырап, қырылуына әкеліп соқса, одан әрі 1937-1938 жылғы қолдан ұйымдастырлыған «қызыл террор» немесе жаппай саяси қуғын-сүргінге ұласты. Ол осы ұлт мүддесі үшін арпалысқан зиялылар қауымының себепсіз өмірден озуларына ықпал етті...

А.Байтұрсынов бастаған барлық қазақ зиялыларының мақсат-мүддесі қазақ елінің тәуелсіздігі мен жаһандық үрдістен қалмай, алға жылжу ниеті болды және осы жолда құрбан болды.

Десек те, тарих өзінің шынайы беттерін айқындап, ұзақ уақыт бойы армандаған халықтың азаттық таңын да туғызып, тұғыры биік, ұлт зиялылары аңсаған қазақ мемлекеттілігінің қайтам жандануына негіз қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX в.- Алма-Ата.1960, - с.103.
2. Асфендияров С. История Казахстана.-Алматы: Санат, 1998. - 171с.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайцаских Орд и степей. ч.II.СПб., 1832. - с.235.
4. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв./Сборник документов и материалов/ Алма-Ата 1961, - с.253.
5. Казахстан в начале века: методология, историография, источниковедение // Под редакцией М.К. Козыбаева. – Алматы, 1994. - Вып.2. – 120 с.
6. Тынышбаев М. История казахского народа. - Алма-Ата, 1993. - 224 с.
7. [Қойгелдиев М.](#) [Ұлттық саяси](#) элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.). Зерттеулер. - Алматы: "Жалын баспасы" ЖШС, 2004. - 400 б
8. Нұрпейіс К. Бас ред. Б. Аяған.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2007.-376 бет.
9. Байтұрсынұлы А. Ақжол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
10. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -560 бет.

ӘОЖ 929

<https://doi.org/10.53355/f4983-3191-8123-g>

САЯСИ ҚАЙРАТКЕР - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Абдилданова А.К., тарих магистрі

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: albina2021tarikh@mail.ru

Алаш қозғалысының көсемі, ұлттық ғылымның негізін салушы, ақын, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының атқарған қызметі жайлы.

Тірек сөздер: Алаш, пария, халық, демократия.

О деятельности Ахмета Байтурсынова-лидера движения Алаш, основателя национальной науки, поэта, переводчика, общественного деятеля.

Ключевые слова: Алаш, пария, народ, демократия.

About the activities of Akhmet Baitursynov - the leader of the movement "Alash", the founder of Russian science, poet, translator, public figure.

Key words: Alash, pariah, people, democracy.

Қазақ халқының тарихындағы ақтаңдақ беттердің бірі қуғын-сүргін жылдары, ұрпақтар тағдырын бұзып қана қоймай ғылыми зерттеулердің дамуында үлкен із қалдырды. Репрессия жылдарында Қазақстан территориясына дүние жүзінің түкпір-түкпірінен адамдар жер аударылды бұл 1929-1931 және 1937-1938 жылдар қуғын-сүргіннің екі толқыны еді. Қатыгез қуғын-сүргін толқынынан қазақ халқы да зардап шекті. Бұл кезеңде бүкіл қазақ зиялылары іс жүзінде жойылды. Репрессияға ұшырағандар жетекші ғылым қайраткерлері еді мысалы, тіл мәселесімен айналысқан лингвистер, тарих қайраткерлері, мәдениет, әдебиет, сондай-ақ мұғалімдер, ағарту және саяси қайраткерлер. Осы қуғын-сүргіннің нәтижесінде тіл білімі саласындағы зерттеулер, оқу-әдістемелік құралдар жасау, жылы тіл білімінің дамуы, түркітану саласындағы зерттеулер үзілді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі ұлт қайраткері ерекше атап өтетін тұлға Ахмет Байтұрсынов болды. Ахмет Байтұрсыновтың артынан оның өмірін, шығармашылығын, ойларын, оның есімімен байланысты өшпен мұра қалдырды.

А. Байтұрсынов 1873 ж. Торғай уезінде Тосын болысында дүниеге келген, Арғын руынан оның ішінде Үмбетей. Ахметтің аталары Үмбетайдан шыққан Шошақ. Шошақтың немересі Ахмет. Әкесінің аты Байтұрсын. Ерекше дара туылған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі өз үйінде хат танып, артынан жақын жерде жердегі ауыл мектебінен сауат ашты. Оқу жылдарына тоқтала кетсек: 1886-1891 жылдар аралығында Торғайдағы екі сыныптық орысша-қазақша училищеден, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білімін жетілдірді. Ал 1895 жылдың маусым айынан бастап мұғалім болды. Қарқаралы, Ақтобеде бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне белсенді араласып қана қоймай әділет үшін күреседі, ауқатты байларға қарсылық білдіртіп, патшаның отаршылдық саясатын айыптаумен болады. Мұғалімдік қызметімен қатар 1901 жылдан бастап бос уақытында өзін-өзі жетілдіріп қана қоймай әдебиетпен айналысып оқу құралдарын жаза бастады, аударма жасап, фальклор нұсқаларын жинайды. Уақыт өте келе Ахметтің есімін ел тани бастап беделі өсе түсті. /1/ Әдебиеттегі «Қырық мысал», «Маса» еңбектері арқылы елдікке шақырды, жаңа бағытта қоғамға ықпал ету үшін көрнекті туындыларды аударумен айналысып саяси өмірге атсалысты. Қазіргі таңда Ахмет Байтұрсыновтың мұралары туралы ғылыми зерттеулер сан алуан жарық көруде. Оның еңбектерінен тағлым алу, ұлтжанды азаматтың қызметінен жас ұрпаққа өнеге алу маңызды мәселелердің бірі. Ғалымның кез келген мәселеге байланысты айтқан ғылыми пікірлерінің маңызы орасан зор, бағасы өлшеусіз екені сөзсіз. Осы тұста 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін шыққан баспасөзде қазақ жеріндегі саяси, экономикалық, шаруашылық, мәдени жағдайлар жан-жақты дәйектермен баяндалып отырды. Баспасөз беттерінің басты мақсаты сол тұста патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, бұйрық-жарлықтарын халыққа жеткізу еді.

Қоғамдық өмірді баяндап толық жан-жақты мағлұмат беріп отырған басылым Қазақ газеті. Қазақ газетінің 1913-1918 жылдар аралығында 265 нөмірі жарық көрді. Редакторы Ахмет Байтұрсынов. Қазақ газетінде А.Байтұрсыновпен бірге М.Дулатов қазақ әдебиеті, мәдениеті, тарихы, экономикасы, әдет-ғұрпы, заңдары туралы еңбектері жиі-жиі жарияланып тұратын. Публицистің Қазақ газетінде жер туралы, қазақ елінің шет елдермен қарым-қатынасы туралы, басқа соғысқа қатысқан мемлекеттерден, оның қазақ халқына тигізген әсері туралы мақалалары жарыққа шығарып отырды./2/

1917 ж. Ақпан буржуазиялық революциясынан кейін Ахмет Байтұрсыновты қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты, әр түрлі аймақтық және облыстық жиындардың белсенді жетекшісі болып қана қоймай айтарлықтай беделге ие болды. Патшалық билік құлатылғаннан кейін А.Байтұрсынов Бүкілресейлік құрылтай жиналысына Торғай облысынан ұлтшыл«Алаш» партиясы тізім бойынша депутат болып сайланды. 1919 жылы наурызда А.Байтұрсынов Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізу ісіне қатысты. Сол жылы көктемде Уақытша халық кеңесінің Алаш Орданың шығыс бөлігінің құрамында болған А.Байтұрсынов Кеңес үкіметіне «Қазақстан аумағындағы Кеңес құруға қатысуға рұқсат берсін талабымен рақымшылық жасау өтінішін білдірді. Бұл өтініші қанағаттандырылды. /3/

1920 жылы 15 сәуірде А.Байтұрсынов «Известия Киргизского края» газетінде саяси ұстанымын дәлелдеген ашық хат жариялап Кеңес өкіметіне деген шырайлы көзқарасы аңдатты. Ахмет Байтұрсынов саяси қызметінің елеулі тұстары сонау 1918-1919 ж.ж. Алаш париясымен байланысты. Алашорда үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланады. 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынов зор қуанышпен қарсы алып қана қоймай Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен бірге қазаққа бостандықты, теңдікті әперу үшін саяси күрес майданына белсене араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан қазақ интеллигенциясының өкілдері өздерінің либерал-демократиялық көзқараста ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. Орынбор қаласында 1917 жылы 21-26 шілдеде өткен І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынады. І-ші жалпықазақтың съездің қортыңдасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылған болатын. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынов және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тірегенді. Алаш қозғалысы білімсіз қарапайым бұқараның қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруы зор еді. Осыны түсінген қана қоймай неде болса халқымен бірге болуды ойлаған Ахмет Б. 1919 ж. наурыз айында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енді. Ахметтей ірі тарихи тұлғаның беделі сол кезде уақытша болса да большевиктерге де қажет еді. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметін атқарып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңіреді. Жалпы сол кезеңде қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар толығымен А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты десек болады. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен бастап Қазан революциясын және Кеңес өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен толығымен өтті. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың ықпалымен Қазревком мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу отыру мәселелері талқыланып отырды. Ахмет Байтұрсыновтың Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайларда өзі атқарған Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Кеңестер жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Кеңестер өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындап отырған еді. Ал негізінен Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан кеңес өкіметі жағына шығару елдегі батыс аймақтарда азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттары еді. Нақтылай келсек Ахмет және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпеді. Бұны біз «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында байқай аламыз: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы болғанын байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік» дегенді. Ахмет Байтұрсынов және басқа қазақ зиялылары шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахмет Б. ешқашанда қазақ халқының рөлін көтеру және қазақ елін ұлттық тұрғыдан

дербес ету идеясынан бас тартқан емес. 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына Ахмет Байтұрсынов хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», қазақ жеріндегі билікті қазақтан шыққан комунистерге беруді талап етті. Осы жылдың 12 шілдесінде Ахмет Байтұрсынов Т. Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермеков, Х.Юмагулов сынды көрнекті тұлғаларымен бірге Ленинге хат жолдап панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық білдіреді./4/

1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарып Халық ағарту комиссиариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалайды.

1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми әдеби комиссиясының төрағасы болып, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы қызметінде, 1925-1928 ж.ж. Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрып әрі ұлт жұмысының көшбасында жүрді. 1928 жылдың қыркүйек айында Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді. Осы жылдың 4 қарашасында «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзінде «Емле туралы» мақаласын жариялайды. Бұл жерде 1929 жылдың маусымына дейін қызмет атқарады. 1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылсын деп екінші рет жер аударылады. 1931-1933 ж.ж. Беломор-Каналда айдауда болады және Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елді мекеніне тұруға рұқсат алып әйелімен 1 жылға жуық тұрады. Жерлестері болса «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» өлеңдерін жария етеді. 1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып шығып Алматыға келеді. «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды осы жылы бастайды. 1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін жұмыс істейді. 1936ж. суретші В.Н.Хлудовтың қазақ тұрмысы қатысты туындыларына «Заключение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады. И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалып Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин тарапынан жандандыра түсті. Архангельскіде, Томскіде 1929-1934 ж.ж. айдауды болған Ахмет Байтұрсынов 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті./5/

Ахмет Байтұрсынов әдебиет зерттеуші ғалым, ақын, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының көш бастаушыларының бірі, Алаш париясы мен Алаш автономиясын құруда басты рөл атқарған ағартушылардың бірі. Қазақ халқының өзге елдермен қатар болуы үшін қоғамдық қызметін азаматтық борышы ретінде санап, еренбей еңбек еткен. Саанала ғұмырын қазақ халқының дамуына арнаған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдібекова Ұ.Т. /Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы: Сәуір 2008 ж. № 2 (10), -70 б.
2. Шыңдалиева М.Б. Алаш зиялылары және Қазақ газеті.
3. Жеребцов И.Л., Рожкин Е.Н. Очерки истории становления гуманитарной науки в Коми. Сыктывкар: ИЯЛИ Коми НЦ УрО РАН, 2006. 136 б.
4. Журтбай Т. Боль моя, гордость моя – Алаш! Астана: Аударма, 2016. 33 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: «Атамұра», 2002. - 101 б.

АЛАШ-ОРДА КӨСЕМІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Абуханов Ш.А.

Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ.

E-mail: sh.abukhanov@aues.kz

Мақала мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен саяси қызметіне арналады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Алаш-Орда, қазақ жазуы, қазақ әліппесі, Қазақ газеті.

Статья посвящается жизни и политической деятельности Ахмета Байтурсынова – государственного и общественного деятеля, учёного, основателя наук о казахском языке и литературе.

Ключевые слова: казахский язык, казахская литература, Алаш-Орда, казахская пропись, казахский алфавит, газета Қазақ.

The article is devoted to the life and political activities of Akhmet Baitursynov, a statesman and public figure, scientist, founder of the sciences of the Kazakh language and literature.

Key words: Kazakh language, Kazakh literature, Alash-Orda, Kazakh writing, Kazakh alphabet, Kazakh newspaper.

Ахмет Байтұрсынұлы түркітанушы, ғалым, публицист, ағартушы, педагог, аудармашы әрі мемлекет қайраткері. Қазақ халқының ХХ-ғасырдың басындағы ұлт азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, Алаш-Орда үкіметінің жетекшілерінің бірі.

Ол қазіргі Қостанай облысы Жангельдин ауданы, Сарытүбек ауылында қантар айында 1871 жылы өмірге келген [1]. Туған жері — бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысы. Ол Арғын тайпасының Шақшақ руынан шыққан. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып азан шақырып атын қойған. Шошақ ел-жұртына танымал, беделді адам болған екен. Шошақтың Ақтас, Байтұрсын, Ерғазы атты үш ұлы болады.

1885 жылы олар уезд бастығы Яковлевтің елге жасаған зорлық-зомбылығына қарсы күресіп, жауапқа тартылған. Сол күреске қатысқанына байланысты Байтұрсын мен Ақтасты 15 жылға Сібірге айдауға жіберсе, інілері Ерғазыны төрт ай мерзімге жергілікті абақтыға жабылады.

Ахмет 1882—1884 жж. ауыл мектебінде оқыды. Одан кейін Байтұрсынның інісі Ерғазы Ахметті 1890жылы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі, 1895 ж. Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген [2].

1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте білімді тұлғаның бірі болған еді.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа тұс келді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық

бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде патша үкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. 1912 ж. Оқу құралы. Қазақша алифбасы Орынборда жарық көреді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті [3].

1913 ж. Орынборда «Қазақ» газетін ұйымдастырып, Патша үкіметі құлатылғаннан кейін ұлт-азаттық қозғалыс күшейеді. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Қоғамның өзекті мәселелерін қозғап, халықты мәдени ағартушылық бағытта тәрбиелеу ісіне баса көңіл аударды. Сондай-ақ Алаш интеллегенциясы 1- дүниежүзілік соғыс жылдарында барынша көтерілген қазақтан солдат алу мәселесіне де ат салысты. Қазақ газетінің бірнеше саны осы мәселеге арналды. 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын күні бұрын болжап, көтерілісті болдырмауға шақырды. Қазақ газетінің бетінде «Алаш азаматтарына» атты үндеу жариялады. Стихиялық түрде басталған халық наразылығының зардабын жою ісіне араласты. Қазақ газеті арқылы босқын қырғыз-қазақты Қытайдан ата мекендеріне оралтуға және оларға үкіметтен көмек сұрау мәселесін қоюға үлкен еңбек етті. Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда болған бүкіл қырғыздық съезде Алаш партиясы қалыптасып, өздерінің басшы органдарын сайлады. Оның құрамына Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан

Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов және т.б. кірді. Бұл партияның сол жылғы 5-15 желтоқсанда (1917ж) өткен 2-съезінде қазақтың автономиясы-Алаш Орда өкіметінің ұлт кеңесі құрылып, Алаш партиясының бағдарламасы бекітілді. Ол негізгі он бөлімнен тұрды [4]. Олар:

1. Ресейдің демократиялық федерация болып жариялануы туралы;
2. Ресей құрамында Қазақ ұлт автономиясын құру.
3. Халықтар арасында тең құқықтық орнату.
4. Дін туралы, дінді мемлекеттен ажыратып шығару.
5. Елдегі билік және сот туралы.
6. Елді қорғау, әскер және халықтық милиция құру.
7. Халықтың табысына қарай салық салу.
8. Жұмысшылар туралы.
9. Ғылым және білім туралы.
10. Жер мәселесі.

Жаңа құрылған үкіметтің құрамына 15 адам сайланып, халық кеңесінің төрағасы болып Әлихан Бөкейханов бекітілді. Бұл үкіметтің негізгі мақсаты ұлттық бірлікті жандандыру саясаты болған еді. Осы қозғалыстың өмірге келуі отаршылдақ езгідегі халқымыздың ғасырлар бойы қордаланып келген наразылығының айқын көрінісі еді.

Большевиктер билікке келісімен- ақ ұлттық мүддені негізгі мұраты санаған Қазақстандағы бұл қозғалыс пен Алаш партиясына пролетарлық төңкерістің салтанатты шеруі жолындағы кедергі есебінде қарады.

1918 жылғы 5 қаңтарда Бүкілресейлік құрылтай жиналысының күшпен таратылуы Алаш автономиясын құру мүмкіншілігіне зардабын тигізді [1]. Осы кезден бастан Алаш орда басшылары мен большевиктер арасындағы қайшылық шиеленісе түсті. Егер Алаш партиясы біріккен ұлттық зиялылар большевиктерге қазақ қоғамына мүлдем жат әлеуметтік тәжірибені күштеп танушы, қазақ жұртына іріткі салушы күш ретінде қараса, большевиктер Алаш қозғалысына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін қорғайтын төңкеріске қарсы кертартпа күш есебінде қарастырды. Міне осылай асыл азаматтардың ұлттық мемлекетті құру арманы, Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі империялық зорлық-зомбылықтың астында көміліп, тарих қойнауында қала берді.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды [3].

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябин облысына қосу туралы шешіміне қарсы Ахмет Байтұрсыновтың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды.

Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде жұмыс жасады [5].

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі

мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген еді.

1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді.

1926 ж. Бакуде болып өткен "Бірінші Түркологиялық Құрылтайдың" төралқа мүшесі - Ахмет Байтұрсынұлы болды. Құрылтайда (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады [3]. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салатындығын дәлелдеп берді.

1928 жылы Алматыда ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды [1].

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды [5].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылтуға тырысты. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге дейін көтерді. Қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті.

Комиссариат қызметінің негізін қалаумен қатар, алғашқы декреттердің өмірге келуіне ат салысқан, халқына барынша адал қызмет еткен, тарихта аты мәңгіге қалған, ірі қоғам қайраткері әрі қазақтың біртуар азаматы болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.» — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011жыл, (880 бет).
3. «Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журнал.- №7, Алматы, 2018ж.
4. «Қазақстан тарихы» оқулық, Алматы, 2008 жыл (282-283беттер).
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алмасова Ә., студент

Ғылыми жетекші: Машанова С.М., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: ademay.001@mail.ru

Мақалада қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылған.

Тірек сөздер: этнолингвистика, мақал – мәтел, салыстыру, уәждер, ерекшеліктері, аудару, салт-дәстүр.

В статье рассматриваются этнолингвистические особенности пословиц и поговорок казахского и английского языков в сопоставительном плане.

Ключевые слова: этнолингвистика, пословицы и поговорки, сопоставление, мотивы, перевод, традиции и обычаи, особенности.

The article considers ethnolinguistic features of proverbs and sayings of Kazakh and English languages in a comparative plan.

Key words: ethnolinguistics, proverbs and sayings, stages of research, motives, translation, traditions and customs.

Дүниежүзіндегі ғылымдармен, оның ішінде, тіл білімі салаларымен салыстыра алғанда, этнолингвистика — теориялық, әдістемелік тұрғыдан әлі де болса нақты қалыптаса қоймаған, анықталған тұстарынан гөрі, күңгірт жағы басымдау түсетін ғылыми бағыттардың бірі. Зерттеу нысаны ортақ, яғни "тіл мен мәдениет", олардың өзара байланысы, бір-біріне ықпалы болып табылатын, зерттеудегі әдіс-тәсілдері, теориялық қағидалары мен негіздері көп жағдайда ұқсас болып келетін этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының ара-жігі әлі де болса айқын ажыратылмауы, дәлелден гөрі болжамның көбірек айтылуының өзі осы пікіріміздің айғағы іспеттес.

Этнолингвистиканың пәні, зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері тәрізді мәселелер отандық және шетел ғалымдарын ойландырып келгені белгілі. Олар тарапынан берілген сипаттамалар кейде бір-бірімен ұштасып, бірін-бірі толықтырып отырса, кей тұста ауқымын, қолданыс аясын тартылып, екіұшты пікір қалыптастыратындығын да жоққа шығаруға болмайды. Енді солардың бір-екеуіне тоқталып өтейік.

Британ энциклопедиясында берілген анықтама:

"Ethnolinguistics, that part of anthropological linguistics concerned with the study of the interrelation between a language and the cultural behavior of those who speak it" [1,2096].

Қазақшасы: Этнолингвистика — тілмен сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті арасындағы арақатынасты зерттейтін антропологиялық тіл білімінің саласы [2,2086].

Этнолингвистика – гректің *ethnos* (халық, тайпа) және лингвистика деген ұғымдарынан туындайтын, тілді оның мәдениетке қатысы тұрғысынан зерделейтін әрі лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың біте қайнаса келіп, тілдің қызметі мен дамуына тигізетін әсерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Кең мағынада этнолингвистика – мәдениеттің, психологиясының және мифологияның қарқын лингвистикалық әдістердің көмегімен зерттейтін күрделі ғылыми арна.

Қазақ этнолингвистикасын дербес пән ретінде қалыптастырып, бағыт-бағдарын айқындау, одан әрі дамыту жұмыстары академик Ә.Қайдардың есімімен тығыз байланысты. Оның қазақ тіл біліміндегі жас әрі жаңа сала екенін айта келіп, мақсаты мен нысаны

жөнінде: "Бұл ғылым саласының кереметтігі де, бүгінгі таңдағы ғылыми-практикалық маңызы да — оның монолиттік тұтастығында, бір-біріне етене жақын, тіпті бірінсіз бірін толық түсінуге болмайтын нысан екендігінде. Ол нысан — этнос және оның тілі. Өйткені тілсіз — этнос, этноссыз — тіл өмір сүре алмайды. Этнос пен оның тілін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз оның сол бала кезеңінен есейгенге дейінгі болмысы мен өмір тіршілігін, дүние тануы мен мәдени, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады," — дейді. [3, 208б.]. Тілдік бірліктерде көрініс тапқан материалдық және рухани мәдениет мәселелері, сондай-ақ, М.М. Копыленко, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиев, Ә.Ахметов, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, С.Смағұлова, Ғабитханұлы т.б. қарастырылған.

Этнолингвистика саласының қазақ және ағылшын тіл білімінде қалыптасуына, зерттелуіне салғастырмалы шолу жасай отырып, оның, әсіресе, отандық тіл білімінде кеңірек ауқымда қарастырылып, ұлттық материалдық және рухани мәдениетке байланысты бірқатар мәселелердің басы ашылғаны айқындалды. Этнолингвистикалық уәжі халықтың тұрмыс-тіршілігі, менталитеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен тығыз байланысты тұрақты тіркестердің түп-төркінін айқындау - әр басқа ұлттар мен әртүрлі тілдер жөнінде мол мағлұмат алуға, танымдық көзқарасты қалыптастыруға, септігін тигізетін сөзсіз [4, 237б.].

Адамға қатысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Қос тілде де осы тақырып аясына жататын тіркестердің саны жағынан көптігі байқалады. Мұның сыры адамның қоғамдағы шешуші күш екендігінде жатса керек. Ағылшын тілінде халық арасында жиі қолданылатын *"Manners make the man"*, (с.с.а.: Адамды адам ететін оның әдептілігі) тұлғасы ықшам, алайда мәні зор тілдік орам, орта ғасырда орын алған қағида, дәстүрлерге, заман талабына байланысты қалыптасқан. Әсіресе, XIV ғасырда Англия да мәдениеттіліктің негізгі шарттарына, өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аударылып, мүлтіксіз орындалуы талап етілді. Әдептілік, ізеттілік ережелерін қамтитын арнайы жинақтар шығарыла бастады.

"Жалғыз қаздың үні шықпас, Жалғыз қыздың мұңы шықпас" деген мақалдың шығуына мұның шаға алмай, тағдырдың дегеніне көнген арулардың қайғы-қасіреті себеп болған тәрізді.

Үй-жайға, отбасына қатысты ММ-дердің этнолингвистикалық уәжі.

Қай халық болмасын, адамзат үшін үйдің алатын орны ерекше. Зерттеу барысында осы тақырып аясына жататын ММ-дердің екі тілде де көптеп кездесетіндігі байқалды. Мысалы, ағылшындар *"My house is my castle"* (с.с.а.: Өз үйім - қорғаным) десе, қазақ халқы *"Өз үйім-өлең төсегім"* деп, оған бейнелі түрде ерекше сипат береді. Жалпы алғанда, қос тілдегі ММ-дер арқылы берілетін негізгі ой біреу, яғни адамның үйіне деген ыстық сезімі мен үйдің адам өмірінде алатын орны. Бірақ осы ой ағылшын және қазақ мақалында сол халықтың әдет-ғұрпына, салт-санасына, дүниетанымына байланысты пайымдаулар арқылы берілген.

Уақыт өлшеміне қатысты мақал-мәтелдердің лингвистикалық уәжі.

Бұл тақырыптық топтағы бейнелі орамдар уақыттың көз ілеспес жылдамдығын, оны босқа өткізіп, өмірді өксітпеуді, алтын мезетті пайдалы іске арнауды уағыздайды. Мысалы, *"Time is money"* (с.с.а.: Уақыт — ақша); *"Уақыт — білгенге қазына, білмегенге — быламық"*, *"Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық"*. Туыс емес екі тілдің бірліктері уақытты ұғымды пайдаланып, тынбай еңбек етсең, мол қазынаға кенелесің деген ұғымды білдіреді. Ағылшын зерттеушілері аталмыш тіркестің қазіргі заман ағымына сай келіп тұрғанымен, көненің көзі екендігін ескертеді және оның алғашқы қолданысын біздің жыл санауымыз бойынша 320 жылдардағы Теофрастус (Theophrastus) жазбаларымен ұштастырады.

"There is a time for everything" (с.с.а.: Әр нәрсенің өз уақыты бар). Қазақша баламасы: Сабақты ине сәтімен. Бұл ағылшын мақалы қасиетті кітап Інжілдің *"To everything there is a season, and a time to every purpose under the heaven"*, (с.с.а.: Аспан астында әр нәрсенің, әр мақсаттың өз мерзімі бар) деген өсиет, өнегелерінен ықшамдалып, тұрақты қалыпқа енген. Салыстыра алғанда, уақыт мағыналық өрісіне енетін мақал-мәтелдердің аздау кездесетіндігі анықталды.

Еңбекке қатысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі.

Зерделей қарасақ, мақал-мәтелдер адам баласының бар өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі салалардың барлығын дерлік қамтиды екен. Солардың қомақты бір бөлігі — еңбек жайлы мақал-мәтелдер. Мұның сыры еңбектің тіршіліктің негізі, қоғамның, өмірдің қайнар көзі болғандығында болса керек. Мысалы,

«Іске уақыт, ермекке сағат»

«Business before pleasure.

«Еңбек түбі — қуаныш.» ((The end crowns the work»

«Қыс арбаңды сайла, жаз шанаңды сайла» «After dinner comes the reckoning»

«Тамшы тама берсе тас жарады» «Little strokes fell great oaks»

«Еңбекетсең— емерсің» ((Little strokes fell great cars»

«No pains, no gains» «Еңбексіз өнбекжөк»

((Little strokes fell great darks» ((Еңбек емсең емерсің» «A tree is known by its fruit»

«Еңбегіңе қарай өнбегі».

Көненің көзі іспеттес тұрақты тіркестер тобы келер ұрпақсыз еңбек етпегеннің ішіп-жемей гiнiн түсiндiре келiп, оларды еңбек сүйгiштiкке, адал еңбек етуге баулиды, жалқаулық, бойкүйездiк, жатып iшер арамтамақтықтан бойды аулақ салуға шақырады.

Қонаққа қатысты Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі.

Қонақжайлық - қазақ ұлтының сүтімен еніп, сүйегіне сіңген ұлы дәстүрдің бірі. Өткен ғасырда поляк саяхатшысы әрі зиялысы А.Янушкевич "Дүние жүзін қазақ жайласа, жер шарын тегін аралап шығар едім",- деп қазақ халқының қонақжайлылығын риза көңілмен бағалаған екен. Қонаққа қонақ болу үшін оның таныс болуы, міндес, тендес болуы шарт емес, қонақасыны "бөлінбеген еншім" деп тануының өзі кеңінен таралып, дәстүрге айналған халық жорасының бірден-бір көрсеткіші. Алайда, *A constant guest is never welcome. Бір күнгі қонақ - күт, Екі күнгі қонақ - жұт* тәрізді тұрақты тұлғалар жиі келген келген қонақтың қадірін жоғалтатынын, оған өзі қалағандай құрмет көрсетілмейтінін бейнелі түрде жеткізеді.

Ақша, қаражатқа байланысты мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық уәжі.

Қазақ және ағылшын тілдерінде ақша-қаражат жайлы мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалы, *"Take care of pence and the pounds will take care of themselves"* (с.с.а.: Пенсті үнемдеп ұстасаң, фунт өз-өзін үнемдейді). *«Теңге тиыннан өсер», «Жылқы құлыннан өсер»; «Береке бір тиыннан».* Ағылшындар фунт пәнстен құралады десе, қазақтар теңгенің тиыннан өсетінін ескертеді.

Әр елде ақша өлшемі ретінде қабылданған Ұлттық валютаның атауы әр түрлі болатыны белгілі. Теңге, тиын – қазақ елінің ақша эквиваленті. Сонау VI-VIII ғасырларда ру-ұлыс нышандары айшықталған теңгелердің қолданыста болғаны; Отырар, Тараз қалаларында теңгелер шығарған ұстаханалар жөнінде тарихи деректер бар.

Өнер-білімге қатысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Бұл топтағы ММ жас ұрпақты білім алып, өмірдің, қоғамның сан алуан тылсым сырларын ашуға, тануға жетелейді. Оқы, үйрен, оқудың ерте-кеші жоқ деп ақыл айта келіп, жас ұрпақты өнер-білім алуға үндейді. Мысалы: *((Knowledge is power» (Білім-күш); «Оқу - білім бұлағы, білім - өмір шырағы».* Ағылшын мақалы білімді күшке теңесе, қазақ мақалы білімді жанып тұрған өмір шырағына, ырыстың қазығына теңейді.

Өмір мен өлімге байланысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Бұл топтағы ММ өмірдің адамға бір-ақ рет берілетінін ескерте келіп, қамшының сабындай қысқа өмірді мәнді де сәнді өткізуге, аруақтарды сыйлауға, қадірлеуге шақырады. Мысалы: *«Speak well of the dead», (Өлгендер жайлы жақсы айт); «Өлі разы болмай, жарлы байымас».*

Табиғатқа, жан-жануарларға қатысты ММ-дің этнолингвистикалық уәжі. Ағылшын тілі ММ-нің алтын қорынан ауа райына, аспан денелеріне, табиғат құбылыстарына қатысты ММ-ді жиі кездестіруге болады.

Шаруаның негізгі тіршілік көзі ауылшаруашылығы болғандықтан, ауа райына тікелей тәуелді. Алар астығының мөлшері мол, баққан малының күйлі, тұрмысы түзу болуын қалаған шаруа ауарайының жанға жайлы, шаруашылыққа қолайлы болғанын тілемей, оған мазасындана алаңдамай, ауар райын ауызға алмай тұра алмайды. Осы жағдай сан ғасыр өтіп, заман өзгеріп, ел эканомикасы қарыштап дамығанымен, ағылшын халқының өзіне тән, қанына сіңген әдет-ғұрпының біріне айналғанға ұқсайды. Мысалы: «*If it does rain on St. Michael and Gallus, the following spring will be dry and propitious*». (Қасиетті Майкл мен Галлус күні жаңбыр жауса, келер көктемде ауа райы құрғақ және шаруашылыққа қолайлы болады).

Аспандағы құбылыстарды зерттеу арқылы ауа райын болжайтын да жағдайлар кездесіп қалатын. Мысалы: «*Red sky at night, Shepherd's delight; Red sky in the morning, Shepherd's warning*») (Түнгі қызыл аспан - шопанның қуанышы, таңғы қызыл аспан - гнопан уайымы) [5,1986.].

Діни мифологиялық наным-сенімге байланысты ММ-дердің этнолингвистикалық уәжі.

Ағылшын және қазақ тілдерінде наным-сенімге байланысты мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалы, ағылшын тіліндегі "*God helps those WHO help themself* (с.с.а.: Өзіне өзі көмектескендерге құдай да жәрдемдеседі) тіркесінің шығу төркінін біздің жыл санауымызға дейінгі 570 жылы жазылған "Геракл және күймеші" атты Эзоптың (Аезор) аңыз әңгімесімен байланыстырамыз. Мифтік әңгіменің жалпы мазмұнына келер болсақ, күймесі батпаққа батып тұрып қалған күймеші оны шығаруға талпыныс жасамастан, көмекке күдіретті де күшті Гераклді шақырады. Адамның бұл қылығына катты ашуланған Геракл: "күйменің доңғалағының артына иығыңды тіреп итер де, өгізінді алға айда" дейді және алдағы уақытта еш әрекет қылмастан өзін шақыруға қатаң тыйым салады. Осы ой түйіні XVIII ғ. дейінгі әдебиеттерде әр түрлі жолдармен берілген. Мысалы, Дж.Барэт (John Barei) "An Atyearie" (1580) атты еңбегінде: "*God helps those in their anaire, which are industrious*" (с.с.а.: Құдай еңбек сүйгіштерге көмектеседі) десе, Дж. Херберт (G. Herbert) "*Jacula Ptudentum*" деген шығармасында "*Help thyself and Got will help thee*" (с.с.а.: Өзіңе өзін көмектес, сонда сондай да жәрдем береді) деп, сәл түрлендіре қолданған.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі наным-сенімге, оның ішінде, жаратқан не, Алла тағалаға қатысты ММ-дерді салғастыра зерттей отырып, олардың семантикалық жағынан өзара сәйкес келетіндігі анықталды. ММ-дер арқылы берілетін ойдың өзара өзектесіп, астасып келу себебін әртекес тілдер өкілдерінің өмір сабағының, ғасырлар бойғы тіршілікте көзі жетіп, көкейіне түйген тәжірибе жиынтығының ұқсастығымен ұштастырамыз.

Кос тілдегі бейэквивалентті ММ-дің этнолингвистикалық уәжі.

Ағылшын және қазақ тілдеріне ғана тән, өзге тілде баламасы жоқ түрі кездеседі. Аталмыш тұрақты тіркестердің басқа тілдік бірліктермен салыстыра алғанда, сандық көрсеткішінің, кездесу жиілігінің төмендігі байқалады. Мысалы, «Жеті атасын білмеген, жетімдіктің салдары». Қазақ жеті атасын білмегенді жетесіз деп, ол адамға үлкен мін таққан. Жеті атаға дейін қыз алып, қыз беріспейді. Мұндай шартты бұзған кісі әдепсіз деп танылса, ертеректе қатаң жаза қолданған.

«*Peopie who live in glass houses shouldn't throw stones*» (Әйнектен жасалған үйде тұратын адамдар тас лақтырмауы тиіс). Неігізінде бұл мақал «*Өзің сол дәрежеде тұрып, басқаға сын айтпа*» деген ұғымды білдіреді [6,106.].

Қорыта айтқанда, ұлт тарихы мен мәдениет, менталитеті, бітім-болмысы, күллі философиясы өнінде жан-жақты ақпарат беретін лингвокультуремалардың санатындағы ММ ұлт тілі мен мәдениетінің өзара байланыстылығын, тұтастығын айқандайтын ерекше қабат болып табылады. Тілдік бірліктегі тасаланған мәдени түпдеректер ішкі формаға аялық білім, эталон, стереотиптер арқылы айқындалады.

Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты анықталды, дәлірек айтқанда, мақал-мәтелдердің мағыналарының қалыптасуындағы уәждеріне тоқталдық. Этнолингвистика ғылымының бастау алуы, қалыптасу кезеңдері, қазақ және ағылшын тіл білімінде зерттелуі де қарастырылды. Әрбір этнолингвистикалық уәжге екі тілде салғастыра отырып, мысалдармен көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ағылшын-қазақ мақалдарының этнолингвистикалық ерекшеліктері//Мир языка. "Аударманың көкейкесті мәселелері" атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2001.- 4696.
2. Қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты //Вестник КазНУ им. Аль. Фараби. Серия филологическая. Алматы, 2003.-5156.
3. Қазақ мақал-мәтелдерінің жасалуындағы этнолингвистикалық уәждері//Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қаз. мем.қыздар педагогика институты, 2001.-6906.
4. Гендерлік қатынасқа байланысты мақал-мәтелдердегі этнолингвистикалық мотивтер // Тіл тағлымы. Алматы, 2003.- 4786.
5. Табиғат құбылыстарына байланысты ағылшын және қазақ мақал-мәтелдері // Поиск-Изденис. Серия гуманитарная. Алматы, 2003.-3006.
6. Р.К. Атаханова. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты: Филол. канд. дис....автореф. - Алматы, 2005.- 1006.

ӘОЖ 378.24

<https://doi.org/10.53355/p1010-7360-4063-f>

ҮШТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аппасова А.Ж., магистр

"Мектепке дейінгі шағын орталығы бар №9 орта мектеп" КММ, Талдықорған қ.

E-mail: avossappa@mail.ru

Мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы жаһандық өзгерістермен сипатталатын әлемдік қоғамдастық дамуының қазіргі кезеңі тілдік білім берудегі бағдарлардың өзгеруін анықтайды, олардың негізгісі студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білімнің алдында әртүрлі мәдениеттердің өзіндік ерекшелігін түсінетін және бағалайтын, мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайын және қазіргі әлемнің шындықтарында басқа ұлт өкілдерімен өзара түсіністік пен ынтымақтастықта өмір сүре алатын жаһандық бағдарланған тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр.

Тірек сөздер: мәдениетаралық құзыреттілік, үштілді білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру

Современный этап развития мирового сообщества, характеризующийся глобальными изменениями в сфере межкультурной коммуникации, определяет смену ориентиров в языковом образовании, главным из которых является формирование межкультурной компетенции учащихся. Перед современной школой стоит задача формирования глобально ориентированной личности, понимающей и ценящей уникальность разных культур, готовой участвовать в межкультурном общении и способной жить во взаимопонимании и сотрудничестве с представителями других национальностей в реалиях современного мира.

Ключевые слова: межкультурная компетенция, трехязычное образование, информационно-коммуникационные технологии, формирование межкультурной компетенции.

The current stage of development of the world community, characterized by global changes in the field of intercultural communication, determines the change of guidelines in language education, the main among which is the formation of intercultural competence of students. The modern school faces the task of forming a globally oriented personality that understands and

appreciates the uniqueness of different cultures, is ready to participate in intercultural communication and is able to live in mutual understanding and cooperation with representatives of other nationalities in the realities of the modern world.

Key words: *intercultural competence, trilingual education, information and communication technologies, formation of intercultural competence.*

Жаһандану процесі бүгінгі өмірдің барлық аспектілерін қозғай отырып, білім беру парадигмаларының өзгеруіне ықпал етті, ал инновациялық компьютерлік технологиялардың дамуы өз кезегінде білім беру процесін ақпараттандыруға әсер етті.

Әлемдік қоғамдастыққа кірігу және ашық демократиялық қоғам құру процесі Қазақстанның білім беру жүйесінің алдына жаңа міндет қойды – бір жағынан өзін ұлттық мәдениеттің өкілі ретінде, екінші жағынан өзін жаһандық әлемдік мәдениеттің өкілі ретінде білетін, яғни өзін мәдениеттер диалогының субъектісі ретінде қабылдайтын және жаһандық жалпы адамзаттық процестерде өзінің жауапкершілігін түсінетін азамат тәрбиелеу [1].

Қазақстандағы тіл саясаты Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануына бағытталған, оның негізін үштілділік құрайды [2].

"Үш тілде білім беруге кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша, қазақ тілі өзінің үстем жағдайын сақтап қалады. Оның одан әрі дамуына көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі - жаңа технологиялар, жаңа өндірістер, жаңа экономика тілі болып табылады. Қазіргі уақытта ақпараттың 90% - ы әлемде ағылшын тілінде жасалады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпыұлттық прогреске жете алмайды". 2015 жылдан бастап Қазақстанда жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбынан бастап үштілділікті енгізу бойынша эксперимент жүргізілуде [3].

Соңғы жылдары шет тілдерін оқыту әдістемесі жаһандық өзгерістерге ұшырады, оның ең маңызды құндылығы - екінші тілдік тұлғаны қалыптастыру. Әлемдік интеграция үрдісіне байланысты шет тілдерін жетік білетін, мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыра алатын білікті мамандарға деген қажеттілік артты.

Мәдениетаралық құзыреттілік - бұл адамның көп мәдениетті қоғамда өмір сүру қабілеті, басқа мәдениеттердің өкілдері мен олардың мәдениеті туралы табысты түсінікке қол жеткізу. Мәдениетаралық құзыреттілік ол өзінің және өзге мәдениеттің қалыптасқан құндылық бағдарларын негізге ала отырып лингвомәдени фактілерді дұрыс түсіну және түсіндіру қабілетін қамту. Ол толеранттылық, плюрализм, лингвистикалық әртүрлілік қағидаттарына негізделеді [4].

Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымын, оның құрылымы мен бағалау әдістерін Англия, Дюрам университетінің профессоры Майкл Байрам белсенді түрде дамытуда. Байрам әзірлеген МҚ құрылымы ең толық болып табылады және әр түрлі қасиеттерін, қабілеттері мен дағдыларын қамтиды. Осы модель батыстық ғылыми әдебиеттерде мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастырудың көптеген әдістері үшін негіз болып табылады. Осы модельге сәйкес мәдениетаралық құзыреттілік келесі бес элементтен тұрады:

- Қарым - қатынастар
- Білім
- Түсіндіру және корреляция дағдылары
- Ашыла білу және өзара әрекеттесу дағдылары
- Мәдениетті немесе саяси білімді сыни тұрғыдан түсіну.

Мәдениетаралық құзыреттіліктің жоғары деңгейі бар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің арасындағы қатынастар ашықтық пен қызығушылық, басқа және туған мәдениетке қатысты көзқарастардан бас тартуға дайын болу негізінде құрылуы керек.

Білім компоненті әлеуметтік топтар, олардың сипаттамалары, өз еліндегі және серіктес еліндегі практикалық қызмет туралы, әлеуметтік және жеке өзара әрекеттесудің жалпы процестері туралы хабардар болуды қамтиды.

Түсіндіру және корреляция қабілеті адамның басқа мәдениеттің құжатын немесе оқиғасын түсіндіру және өз мәдениетінің құбылыстарымен байланыстыру қабілетінен тұрады.

Мәдениетаралық коммуникативті құзіреттіліктің тағы бір құрамдас бөлігі-мәдениет пен мәдени тәжірибелер туралы жаңа білім алу, нақты уақыт режимінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу жағдайында біліммен, және дағдылармен жұмыс істеу мүмкіндігі.

Соңғы компонент - бұл мәдениетті немесе саяси білімді сыни тұрғыдан түсіну және белгілі бір критерийлер негізінде өзінің және өзге мәдениетке тән дүниетанымды, іс-әрекетті және қызмет нәтижелерін бағалау мүмкіндігі.

Осылайша, мәдениетаралық құзіретті тұлға келесі қасиеттерге ие:

- әр түрлі мәдениеттер арасындағы қатынасты көре білу;
- делдал болу, бір мәдениетті басқа мағынада түсіндіру мүмкіндігі;
- өз және өзге мәдениетті сыни және аналитикалық тұрғыдан түсіну;
- оның дүниетанымы мен түсінігі табиғи екендігіне сену ғана емес әлемге деген өз

көзқарасы мәдени тұрғыдан анықталғандығына көз жеткізу.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген интерактивті оқыту әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптердің толық жиынтығын жүзеге асыруға ықпал етеді. Әр оқушының жеке жұмыс қарқынын ескере отырып, таным процесін қызықты және шығармашылық етуге мүмкіндік береді.

Оқушылардың мәдениетаралық құзіреттілігін қалыптастыру және оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) пайдалану қазіргі қоғам мен білім берудің даму тенденцияларымен анықталады. Мұндай жағдайда қазіргі білім беру міндеттерінің бірі - студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін алуына жағдай жасау, студенттерге басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас дағдылары мен біліктіліктерін үйрету барысында мәдениетаралық құзіреттілігін қалыптастыру.

Мәдениетаралық құзіреттіліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) болып табылады. Бұл тек жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа нысандары мен әдістері, оқыту процесіне, МҚ құралы ретінде шет тілін практикалық меңгеруге жаңа көзқарас екені маңызды.

Белгілі ғалымдардың (Т.А. Лавина, Б. Роберт және т. б.) түсіндірулеріне сүйене отырып, АКТ анықтамасын атап өтуге болады, ол студенттердің мәдениетаралық білімін кеңейтетін және олардың мәдениетаралық құзіреттілігін қалыптастыратын ақпаратты жинауға, ұйымдастыруға, сақтауға, өндеуге, беруге және ұсынуға арналған әдістер мен техникалық құралдардың жиынтығы ретінде қарастырылады [5, 449-450б.].

АКТ-ны практикалық қолдану студенттің танымдық белсенділігінің жаңа түрін қамтиды, оның нәтижесі жаңа білімді меңгеру, оқушылардың жеке танымдық қабілеттерін дамыту, өз бетінше білімді игеру, ақпарат ағынын өз бетінше іздеп, шарлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Осылайша, АКТ енгізу білім беруді модернизациялаудың негізгі мақсатына қол жеткізуге ықпал етеді - оқыту сапасын жақсарту, білімге қол жетімділікті арттыру, ақпараттық кеңістікте бағдарланған заманауи технологиялардың мүмкіндіктерімен танысқан және қоғамның әлеуметтік тапсырысына байланысты, ақпараттық мәдениетке ие тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету.

Оқушылардың мәдениетаралық құзіреттілігін қалыптастыру үшін АКТ-ны қолдану бағыттарын келесідей ұсынуға болады:

Ағылшын тілін оқыту тәжірибесінде "Talk to me" бағдарламасы танымал - бұл шет тілін үйренудің бірегей интерактивті курсы, ауызша сөйлеуді тыңдауға және үйретуге негізделген, компьютермен диалог жүргізуге мүмкіндік береді және бүгінде ол сөйлеуді танудың ең заманауи технологиясы болып саналады. Тағы бір оқу бағдарламасы - "Профессор Хиггинс" (6.1 нұсқа) — толық фонетикалық, лексикалық және грамматикалық мультимедиялық нұсқаулық-бұл ағылшын тілінде сөйлеуді және грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуді, жақсы және айқын айтылуын үйренгісі келетіндерге арналған тренажер [12, 209 б.].

CD-де жазылған оқу бағдарламаларын қолдану ("Reward", "1С - тәрбиеші. Ағылшын тілі", "Bridge to English" және т. б.)

PowerPoint бағдарламасын аймақтану материалдарды енгізу мақсатында презентациялар жасау үшін пайдалану оқу процесін тартымды және түсінуге оңай етеді. Сондай-ақ, студенттер жобалық іс-әрекеттің нәтижелерін ұсыну үшін өздерінің компьютерлік презентацияларын жасай алады. Іс – әрекеттің бұл түрін ұйымдастырған кезде практикалық мақсатқа қол жеткізуге болады-студенттерді ағылшын тілі сабақтарында алған білімдерін, дағдыларын олар үшін мүлдем жаңа жағдайға қолдануға үйрету арқылы мәдениетаралық коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін арттыруға көмектеседі.

Ағылшын тіліндегі ақпараттың бай көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін Интернет-ресурстарды кеңінен пайдалану. Бұл ресурс сабақтан тыс іс-әрекет кезінде оқушыларды ағылшын тілді ортаға өзіндік жұмыс арысында енгізу мүмкіндігін тудырады.

Шетелдік газеттердің онлайн нұсқалары. Әрине, студенттер үшін АКТ-ны қолдана отырып, соңғы әлемдік жаңалықтарды оқу және талқылау қызықты әрі пайдалы юолып табылады. Интернеттегі жаңалықтар үнемі жаңартылып отыратындықтан, олар әрдайым жаңа және студенттерге көптеген оқиғалар мен тақырыптарды шарлауға мүмкіндік беріледі.

Осылайша, заманауи АКТ студенттерді үш тілді білім беру ортасында оқуға дайындау үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ тілдік ғана емес, ақпараттық, мәдениетаралық құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. АКТ-ны қолдану негізінде студенттерді оқыту аналитикалық ойлауды, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерді, өз білімін ұйымдастыруда дербестікті дамытады, ойлаудың жаңа жалпы планетарлық және жаһандық деңгейін қалыптастыруға әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ешимбетова З.Б., Демеуова А.М. Казахстанское «трехъязычие» — уникальная формула языковой политики // Инновации в науке: сб. ст. по матер. XI междунар. науч.-практ. конф. Часть II. – Новосибирск: СибАК, 2012.
2. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050»: единая цель, единые интересы, единое будущее». - Астана, 2014.
3. Курмангалиева А. Т. Трехъязычие – Основа формирования полиязыковой личности школьников – журнал «Вестник Адыгейского государственного университета» Серия 3: Педагогика и психология, выпуск № 4 / 2009.
4. Сафонова Ю.О. Формирование межкультурной компетенции с использованием ИКТ, - Чебоксары, 2016, с 86-90.
5. Бабушкина Л.Е., Сафонов В.И. - ИКТ как средство формирования социокультурной компетенции студентов педвуза при обучении иностранному языку – журнал «Образовательные технологии и общество». Выпуск № 1 г. Саранск, том 18, 2015. с 449-450.

ӘОЖ 9.433.93

<https://doi.org/10.53355/e9447-4225-6333-h>

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ – АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Асегова А., гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі «Тарих» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Абдильдинова Л.Б., магистр, оқытушы-дәріскер

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: lashyn_aidar@mail.ru

XX ғасырдың басында тек ұлт мәселесі ғана емес, сонымен қатар тіл мәселесі де алдаңғы қатарда болған болатын. Ахмет Байтұрсынұлының ана тілі мәселесіндегі

жаңашылдығы мен қазақ әліпбиінің тағдыры мақаланың басты мазмұнына айналды. А. Байтұрсынұлы ұсынған қазақ әліпбиі мен ондағы ерекшеліктері және қазақ әліпбиінің мәселелері талқыланды.

Тірек сөздер: қазақ әліпбиі, тіл мәселесі, дара тұлға, ана тілі, сауат ашу, араб графикасы, латын графикасы

В начале XX века в авангарде стоял не только вопрос нации, но и вопрос языка. Главным содержанием статьи стало новаторство Ахмета Байтурсынова в вопросах родного языка и судьба казахского алфавита. Были обсуждены вопросы казахского алфавита и особенности казахского алфавита, предложенные А. Байтурсыновым.

Ключевые слова: казахский алфавит, проблема языка, личность, родной язык, грамотность, арабская графика, латинская графика

At the beginning of the twentieth century, the vanguard was not only the question of the nation, but also the question of language. The main content of the article was the innovation of Akhmet Baitursynov in matters of the native language and the fate of the Kazakh alphabet. The issues of the Kazakh alphabet and the features of the Kazakh alphabet proposed by A. Baitursynov were discussed.

Keywords: Kazakh alphabet, language problem, personality, native language, literacy, Arabic graphics, Latin graphics

«Қазақтың тілі соншалықты мол. Ләкін қазақтың тілімен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық әм анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе»

Ыбырай Алтынсарин

Қазақ халқының тәуелсіздігі мен оның сауатты да, білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі қалғанша күрескен алаштың ардақты ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының дара тұлғасы болды. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы» іспетті еңбектердің авторы. 1924 жылы Орынборда маусымның 15-дегі мәжілісінде А. Байтұрсынов «Әліпби тақырыпты деген баяндама жасайды. Ол түркі халықтарының қолданып келе жатқан жазуы бар екендігін, оны тастап, басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдеген болатын.

Әлем халықтарының тарихына үңілер болсақ, әліпби жазу-сызу мәдениетін қалыптастырудың белгілі бір мемлекеттер үшін ғасырлар бойы қиындық тудырғанын байқаймыз. Себебі, жазу, сызу, ол: біріншіден, әр ұлттың білім-ғылым деңгейін көрсететін және ғылыми құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа қалдырудың басты жолы болса; екіншіден, әліпби арқылы белгілі бір ұлт немесе ұлыс тілінің лексикалық, филологиялық, жалпы грамматикалық ерекшелігін байқауға болады; үшіншіден, әліпби арқылы ұлттың жан дүниесін, өткен тарихы мен тілін, мәдениеті мен әдебиетінің кешегісі мен бүгінгісін, тіпті болашағын да болжауға болады; төртіншіден, ұлттық әліпби – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі белгілі бір ұлттық символикалық бейнесін көрсетеі, ұлттық идеологиясының әлуетін аңғартып қана қоймай, саяси-экономикалық деңгейін де анықтауға мүмкіндік береді [1].

Жалпы қазақ жазуы тарихындағы өзгерістер мен әліпбилердің ауысуы себептері өте көп.

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ мәдениеті, жазба тілі үшін графика мәселесі мен қазақ жазуы емлесі жайындағы әңгіме баспасөз беттеріндегі пікірталастар түрінде әлеуметтік үнге ие болды. Қазақ жазбасы сан ғасыр бойы қолданылып келген, XX ғасырдың басында реформаланып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне лайықталған, кезінде ғалымдар «Байтұрсынов жазуы» деп, кейінгі зерттеушілер «Қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» деп, кейінгі зерттеушілер «Қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» деп аталған араб таңбалы жазуды XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап латынға ауыстыру науқаны басталды [2].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Жас ұрпақтың сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұғады. Оған дейінгі мұғалімдер баланы өз ыңғайларына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланып, түрліше оқытатын. Сондықтан, ол оқу жүйесін бір қалыпқа келтіру мақсатымен, балаларды оқытуда, әріп үйретуде жеңіл болуы үшін жас ерекшеліктеріне, ой-өріс, сана-сезімдерінің қалыптасу ыңғайына қарай әліппе оқулық кітабын жазуды қолға алады. Ең алдымен алфавиттегі әріптердің қолдану ретін, жұмсалыу орнын анықтауды мақсат етеді. Екінші орынға оқыту жүйесі мен мектеп, медресе, оқулық сияқты мәселелерді қойды. Шамамен 1910 жылдан бастап, араб жазуы таза сол күйінді қазақ тілі үшін жайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзетуді қолға алады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің №35 санында жарияланған «Жазу мәселесі» деген мақаласында Ахмет Байтұрсынұлының дауысты дыбыстарды таңбалау жөнінде өз ұсыныстарын айтты.

XIX-XX ғасырларда оқу-ағарту саласының 2 түрлі бағытта болуына байланысты, атап айтқанда медреселер, орыс-қазақ мектептері, әліппелер де араб және орыс әліпбиімен жазылған болатын. Мысалға, қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (Орынбор, 1864 ж. жарыққа шыққан), «Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы» (Орынбор, 1871 ж.) оқулықтары тұңғыш рет орыс әліпбиімен жарық көрген болатын [3].

Ескере кету керек, Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазуы 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгені белгілі. Төте жазудың ең басты ерекшелігі болды:

Қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады;

Араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады;

Дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.

А. Байтұрсынов ұсынған әліпбиде 24 әріп, 1 дәйекше белгісі болды. дәйекше қойылмаған сөз жуан, дәйекше қойылған сөз жіңішке болып оқылатын [4]. Яғни, үш-ақ дауысты дыбысы бар араб әліпбиін, қазақ тілінің үндестік заңына сүйене отырып, еш қиындықсыз қазақ жазуына ыңғайлады.

Міржақып Дулатұлы Ахмет Байтұрсынұлының «әліпби жасау шеберлігін» былайша бағалайды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп біліңдер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хан танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен».

Ахмет Байтұрсынұлының латын жазуына қарсы шыққандағы негізгі ойлағаны – елдің мәдениеті мен экономикалық жағдайы еді. Ахаң латынға көшу арқылы бүкіл қазақ халқы біріншіден, рухани-мәдени дүниесінен айрылатындығын, екіншіден, оқулық шығару, баспа ісі, т.б. латындандыру үшін орасан көп қаржы керек болатындығын ескертумен болған болатын [5].

1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкіл Одақтық Түркологиялық съезде барынша дәлелдеп, қазақтардың латынға көшуіне қарсы болды. бұрыннан пайдаланып келген, әрі нақтылы бір ұлт тіліне лайықталып, реформаланған араб не орыс графикасын латыншаа ауыстырудың ешқандай саяси, идеологиялық, экономикалық тиімділігінің жоқтығын айтты, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мұрадан, жазба дәстүрден қол үздірді дегенді айтты. А. Байтұрсыновты жау етіп тануға күш салғандардың оған тағатын айыптарының бірі «Байтұрсынов термин жасауда пуристік бағыт ұстады, яғни қазақ тіліне орыс сөздері мен интернационалдық терминдерді жолатпауға тырысты», - деген пікір білдірген болатын [2]. Осылайша, ұлы ағартушы 1929 жылы ұсталып кетті.

Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1928 жылдың 14 желтоқсанында жаңа әліпбиді енгізу туралы шешім шығарды. Бұл шешім шыққанға дейін ұзақ талқылаулар, түркологтардың съездері, Орталық Азия елдерінің республикааралық мәслихаттары сан рет өткен болатын. Осының ішінде 1924-1927 жылдар аралығында араб графикасын қолдаушы мен латын әліпбиін қолдағандар арасындағы бас-аяғы жоқ пікірталастарға ұласты [6].

Ұзақ пікірталастар А. Байтұрсыновтың қазақ әліпбиін жасаудағы бүткіл жоспарын жоққа шығарды. Керісінше, жазаның күші көбейе түсті.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

«Байтұрсынұлы жазуы» ең оңтайлы әліпби болып табылғанымен, халыққа істелген «озбыр» саясат өз дегеніне жетіп, латынға негізделген «жаңа әліпті» қолданысқа ендірді. «Халықтың күллі рухани дүниесі араб жазуында жатыр», «араб жазуы тарих тамыршысы», «халық қазынасының қоймасы» деп, оны жатәнімен қорға, шырылдаған зиялылар қауымы «арабшылдар», «ескішілдер», «қадымшылар», «керітартпалар», «ұлтшылдар», «діншілдер», «молданың шашбауын көтерушілер» деп айыптаған болатын. Ал, латын жазуынан орыс жазуына көшу мәселесі «Алаш көсемдерінің», «ұлттың қамын ойлаған ұлы тұлғалардың» көзін біржола құртқаннан кейін яғни 1937 жылдары қайта көтеріле бастады [4].

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған араб әліпбиі негізіндегі қазақ алфавиті қабылданбады. бір ғасырда қазақ әліпбиі бірнеше рет өзгеріске ұшырады. халық бұрынғы жазуынан айырылды. бір ғасыр бұрын қазақ әліпбиінде жазылған бірде-бір оқулықтың біз бетін ашып оқи алмаймыз, тіптен бүткіл қазақ елінің қайғы-қасіретін жоқтап, оқу-білімге шақырған «Қазақ» газетінің бірде-бір бетін аударып оқи алмайтын жағдайдамыз. Бір сөзбен айтқанда, I ғасырдың ішінде саяси сауатсыз, мәңгүрт халыққа айналуға аз қалған елміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Ақымбек. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ графикасы мәселесі//»Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгіні мен болашағы»: Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай ғылыми-әдістемелік G-Global платформасындағы онлайн-семинар материалдары (2017 жылдың 12-19 қаңтары). – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017 – 165 б. – 296. <https://ust.kz/frontend/web/materials/pdf/files/1588533294.pdf>

2. А.Айзакова. Ахмет Байтұрсынов және латын әліпбиі//<https://bilimainasy.kz/axmet-bajtursynov-jane-latin-elipbi/> – 2019 ж.

3. А.Д. Малдыбай. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы// <https://articlekz.com/kk/article/22571> – 2011 ж.

4. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуын алғаш реформалаған ұлы тұлға// <https://tilalemi.kz/article/2092-.html> – 2019 ж.

5. Ахмет Байтұрсынов – қазақ әліпбиінің жанашыры//<https://barinbil.kz/sizge-kerek-mu-ury-derek/kerekderek/e-zdik-ylmi-zhoba-ahmet-bajt-rsynov-aza-lipbiini-zhanashyry/>

6. Араб, латын және кирилл қаріптеріне қалай өттік? Қазақ әліпбиінің тарихы// <https://kaz.tengrinews.kz/article/arab-latyin-jane-kirill-karpterne-kalay-otk-kazak-alpbinn-941/> – 2017 ж.

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ

Асылбекұлы А., гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, «Тарих» білім беру
бағдарламасының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Абдильдинова Л.Б., оқытушы-дәріскер

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: lashyn_aidar@mail.ru

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіне қосқан үлесі мен Алаш автономиясының үніне, халық алдындағы өз миссиясын орындаған және Алашорда үкіметінің саяси ұнқағазына айналған «Қазақ» газетінің құрылу мақсаты мен негізгі атқарған қызметтеріне арналған. Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған құнды материалдар жарияланды.

Тірек сөздер: «Қазақ» газеті, Алаш Орда, қайраткер, Алаш азаматы, қазақ баспасөзі

Статья посвящена вкладу Ахмета Байтурсынова в газету «Қазақ» и деятельности автономии Алаш, цели создания и основным функциям газеты «Қазақ», выполнявшей свою миссию перед народом и ставшей политической опорой правительства Алашорды. В газете опубликованы ценные материалы, посвященные самым ключевым вопросам политико-социальной жизни казахского народа в начале XX века, состоянию казахского хозяйства, земельному вопросу, взаимоотношениям с другими странами, образованию, воспитанию детей, литературе и культуре, обычаям, истории и шежире.

Ключевые слова: газета «Кзах», Алаш Орда, деятель, гражданин Алаш, казахская пресса

The article is devoted to the contribution of Akhmet Baitursynov to the newspaper "Kazakh" and the activities of the Alash autonomy, the purpose of the creation and the main functions of the newspaper "Kazakh", which fulfilled its mission to the people and became the political support of the government of Alashorda. The newspaper published valuable materials on the most key issues of the political and social life of the Kazakh people at the beginning of the twentieth century, the state of the Kazakh economy, the land issue, relations with other countries, education, parenting, literature and culture, customs, customs, history and shezhire.

Key words: newspaper "Kazakh", Alash Horde, activist, citizen Alash, Kazakh press

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»

Ахмет Байтұрсынұлы

Биыл тау тұлғалы азаматтарымыздың бірі Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына 150 жыл толып отыр! Халқына адал қызмет еткен азаматтарымыздың есімі Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта Қазақ тарихында «Алтын әріппен» жазылды. Қазақ елі Ахмет, Әлихан, Міржақып сияқты азаматтарын мақтан етеді. XX ғасырдың басында қазақ халқының қиын-қыстау заманында ел билігін қолдарына алып, соңына дейін күресе білді. Кедергі болғаны Кеңес үкіметінің қатаң билігі мен халықты жан-жақтан анталауы еді.

Олар халықты тек азаттыққа ғана емес, білімді, ғылымды игеруге, қызмет етуді үйренуге тартты. Заманның өзгеріске ұшырап жатқанын, заманына қарай көсіліп, жаңа қоғамның – жаңа заңдарын тереңінен игеріп, эволюциялық өзгерістермен өтуді ұсынды. Себебі, ол заманда халық тек жерінен ғана емес, тілінен, ділінен айырылып бара жатқан заман болатын.

Осындай тау тұлғалы азаматымыз Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келіп, 1937 жылы Алматы қаласының маңында саяси репрессия құрбанына айналған болатын. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушысы. Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. А. Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылмен сәйкес келеді, 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заімен ауыстыру мәселелері көтерілді [1]. Осы уақыттан газет ісіне арналған бастамалары А. Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінің іргатасын қалауының бастамасы болған болатын.

Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен жарыққа шыққан басылым өз заманының келелі, түйіткілді мәселелерін жан-жақты қозғап, халық пен билік арасын жалғастырушы көпір іспетті болды. «Қазақ» газеті тек өзі өмір сүрген заманында ғана емес, келешек ұрпаққа да XX ғасырдағы Қазақ өмірінен сыр шертетін тарихи басылымға айналды. Аталмыш басылым өзі өмір сүрген бес жылы ішінде біршама күрделі құбылыстардың, қоғамдық сілкіністердің куәсі болды. сондықтан, XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын зерттеуде «Қазақ» газетінің тарихи дерек көзі ретінде алатын орны ерекше [2].

Ахмет Байтұрсынұлы «Әуелі, газет – халқымыздың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында өңлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, телеграмм, телефон, пошталардың арқасында бір-бірімен хабарласып, газет арқылы жұртқа жайып, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр. Дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер – кімге пайдалы? Кімге зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады. Екіншіден, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады.

Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші. Төртінші, газет-халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарарға көзін шоықтпасқа тырысады.

Халыққа газеттің осындай падалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетті киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газеттің пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса соғұрлым газет-журналдары көп...» [3], - 1913 жылдың 2 ақпанында дәл осы сөздермен «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов алғаш бастаған еді.

«Қазақ» газеті – 1913-1918 жылдар аралығында Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым болып табылады. «Қазақ» газетінің алғашқы номері 1913 жылы 2 ақпанда шыққан.

1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін 2 реттен басылып шығарылған. Бастырушысы «Азама» серіктестігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразбайұлы болған. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл – қазақ ұлты деген ұғымды береді. Оның түндігі батыстан

ашылып, есігіне «Қазақ» деген ата жазылған. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ ішінде Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағнан күзетшісі болсын», - деп жазды.



1-сурет. Ахмет ишан Оразайұлы, «Қазақ» газетіне қаржылай көмек беріп, демеушілік танытқан адам [4].



2-сурет. Бірінші қатарда «Қазақ» газетінің демеушісі Хасен Ақайұлы мен бәбішесі. Тұрғандар: ортада Смайыл Байтенұлы, екіншісі – белгісіз [4].

«Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – Ахмет Байтұрсынұлының, оның өкілетті өкілі Міржақып Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А. Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлы, М. Шоқай, М.Тынышбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Қараш, Р. Мәрсекөв, Ж. Тілеулин, Ғ. Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х. Болғанбаев, Х. Ғаббасов, Ж. Ақпаев, Ж. Сейдалинов, С. Торайғыров, А.Мәметов, С. Дөнентайұлы, Х. Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жиі жарияланып тұрды.



3-сурет. «Қазақ» газетінің құрылтайшылары: А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлы [4]

XX ғасыр басында аталған газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауыты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды [5]. Бұдан кейін пайда болған барша елшіл газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенінен шықты.

Басылымның таралымы қазақ мекендеген барлық аймаққа жетіп жатты. Тіпті Ресей, Қытай қазақтары да тапсырыс беріп, алдыртып оқыған. Бұған төмендегі әлімет айқын дәлел болады. «Қазақ» газетасын 10 облысқа қараған киіз туырлықты қазақ байдың баласынан 1913 жылдың ішінде алдырып тұрғандардың есебі мынау: 1) Торғай облысы – 694. 2) Семей – 612: 3) Ақмола – 584, 4) Сырдария – 327, 5) Орал – 301, 6) Жетісу – 157, 7) Ішкі ордалық – 136, 8) Ферғана – 30, 9) Самарқан – 8, 10) Закаспий – 5.

Өзге жерлерден:

Оренбург шаһары – 37, 2) Уфа – 14, 3) Қазан – 13, 4) Қытай қағазы – 10, 5) Петербург, 6) Түркия – 5, 7) Міскеу – 3, 8) Томсу – 3, 9) һәм басқа шаһарлар – 57. Бәрі – 3007.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы санында жарияланған Қытай қазақтарының қазақ баспасөзіне көмек қолын созып, ниеттерін білдіріп жолдаған «Баспахана туралы» хаттарының мәтіні мынандай болды: «Қазақ» басқармасының баспахана туралы сөзіне ішіміз еріп, Қытай қол астыдағы Күнесті елінің қазақтары «Азамат» серіктестігіне 600 сом жібердік. Алаш ұранды қазақ баласы «аһ» десіп қолға алған ісінен бізде құр қалмалық дедік. Алаш туының астына біз де қосылдық! Қараңғы бір шет жерден біздер қосылғанда басқа көзі ашық, көңілі сергек қай қазақ қарап қалар дейміз. Бүтін Алты Алаш болып бір баспаханаға ие бола алмаса, қанша ноғайға күлкі болмаймыз ба? Баяғыдан бергі телміргеніміз аз ба? Шөміштен қағылып жүргеніміз бе?

Егер қазақтың бір баспаханасы болса, әр түрлі газета, журнал басылып, қазақша мектеп кітаптары көбейіп, көзіміз ашылар еді.

Мақсұт тәжі Сасанұлы, Молда Нұрбекұлы, Қосболат Байболатұлы, Шайырбек Сасанұлы, Рақым Асылбекұлы, Жиенәлі Мейірманұлы». Осы хаттан «Қазақ» газетінің Қытайдағы қазақ ағайындарға да жеткенін және олар тарапынан кеі сұранысқа ие екендігін аңғартады.

«Қазақтың» қаржы көздері қайдан келеді, 5 жыл халықтың рухани сұранысын өтеп тұрған басылымның демеушілері болды ма? Бұл сұраққа сол кездегі «Азамат серіктестігінің» қызметі жауап болуға тиіс. «Азамат» серіктестігі қайырылымдылық ұйымдастырумен айналысқан мәдени ұйым. А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының ұйымдастыруымен 1913 жылы желтоқсан айында Орынборда құрылған. Негізгі мақсаты – мүшелік жарна (әр адамнан – 100 сом) есебінен «Қазақ» газетінің үзіліссіз шығып тұруына жәрдемдесу. Сондай-ақ, қозақ қоғамындағы оқу-ағарту жұмыстарын өрістетіп, зәру оқу құралдары мен әдебеттерді баспадан шығару, мектеп-медреселердегі мұқтаж шәкірттерге қаржылай көмек беру сияқты қайырымдылық араларын ұйымдастыру ісімен айналысты.

XX ғасырдың әр салада білім алып келген зиялы қазақ азаматтарының басын біріктірген негізгі ұйытқы «Қазақ» газеті болғандықтан, аталмыш басылым бетінде ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, мәдени мәселелер жарияланып тұрды.

1917 жылдың I жалпықазақ съезінде дүниеге келген «Алаш» партиясының қазақ мүддесіне жасалған 10 тармақтан тұратын бағдарламасының жобасы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы санында басылып, халыққа жол тартқан [6].

Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Газеттің №1 санында оқырмандарға арналған мынадай ғибратты үндеу жазылған: «Жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі газет. Халыққа газеттің керегі қандай екенін айтып өткеніміз ұнамсыз болмас [7].

Өкінішке орай, «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының басты ақпарат көзі болғандықтан, большевиктердің бірінші оғы осыларға тиген болатын. Осының салдарынан «Қазақ» газеті 1918 жылы жабылды. Бар-жоғы 5 жылдың ішінде «Қазақ» газеті қазақ жерінде ғана емес, басқа елдердегі қазақ халқына да тарылып үлгерді. Халықтың жоғын жоқтап, білім мен ғылымның жолына шақырды. Қолына қалам алған ұлты зиялылары өз үндеулерін осы «Қазақ» газеті арқылы жеткізе алған болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахмет Байтұрсынұлы//qazaqtimes.com/article/2766
2. <https://qamshy.kz/article/34345-khalyqytynh-kozi-qulaghy-qam-tili-bolghan-qazaq-gazeti>
3. Ұлтты тәуелсіздікке үндеген «Қазақ» газеті//<https://bilim-all.kz/article/178> – 2015 ж.
4. «Қазақ» газетіне – 100 жыл//<https://www.azattyq.org/a/kazakh-newspaper-alahashorda/24890151.html> – 2013 ж.
5. Қазақ газеті//kk.m.wikipedia.org/wiki/Қазақ_газеті
6. Е. Рахметтулин. «Қазақ» газеті – Алаштың ұлттық мінбері//googlr.com/amp/s/e-history//1»Қазақгазеті – Алаштың ұлттық мінбері
7. Қ.Мұқанов. «Қазақ» газеті және оның тілшілері//<https://anatili.kazgazeta.kz/news/46825> - 2018 ж.

ӘОЖ 373.545

<https://doi.org/10.53355/s3351-8157-0998-d>

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Баймолдина Ж.Б., химия мамандығының 4 курс білімгері
Ғылыми жетекшісі: Сыдыкбаева С.А., х.ғ.к., оқытушы-дәріскер
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: baimoldina0101@mail.ru

Мақалада жалпы білім беретін мектеп оқушыларының химияға деген қызығушылықтарын өзіндік жұмыстары арқылы арттыру қарастырылған, сонымен қатар өзіндік жұмыстардың түрлері және олардың қолданылу жолдары қарастырылған.

Тірек сөздер: өзіндік жұмыс түрлері, химияны оқыту әдістемесі, деңгейлік тапсырмалар.

В статье рассмотрены способы повышения интереса учащихся средней школы к химии посредством самостоятельной работы, а также виды самостоятельной работы и способы их использования.

Ключевые слова: виды самостоятельной работы, методика обучения химии, уровневые задания.

The article discusses ways to increase the interest of secondary school students in chemistry through independent work, as well as types of independent work and ways to use them.

Key words: *types of independent work, methods of teaching chemistry, level tasks.*

Кіріспе. Қазірге дейін химияны оқыту әдістемесі - ғылым ретінде танылып келеді. Химияны оқыту әдістемесі педагогикалық ғылым әрі оқу пәні. Химия - заттардың бір-біріне өзгеруін зерттейтін ғылым болып табылады. Демек, химияны оқыту әдістемесі мектептің химия курсындағы осындай заңдылықтарды оқушыларға үйрету жолдарын, түсіндіру тәсілдерін зерттейтін педагогикалық ғылым деп түсінуіміз керек. Оған оқу үрдісін ұйымдастыру, оқушылардың танымдық іс-әрекетіне басшылық, сарамандық дағдылар мен іскерліктер қалыптастыру, шығармашылық қабілеттер мен ғылыми дүниетанымдық көзқарастарды дамыту жатады.

Химияны оқыту әдістемесі мұғалімнің оқу материалын оқытуы мен оқушылардың химиялық білімді саналы меңгеруін, алған білімдерін іс жүзінде қолдану ерекшеліктерін және дағдыларын дамыту әдістері мен құралдарын айқындап береді. Оқытудың заңдылықтарын ашумен қатар, оқытудың мазмұн – мақсатын, оқыту формалары мен құралдарын, оқытушы мен оқушының іс-әрекетін бір-бірінен ажыратпай біртұтас қарастырады. Жалпы сабақтың тиімділігін артыру – мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Оқытушының осы міндетін дұрыс атқаруы оқушыларды терең және берік біліммен қамтамасыз етуге, оларды қызығушылықпен және өз бетінше жұмыс істеуге үйрету жолында мүмкіндік беретін оқыту әдісіне байланысты.

Химиядағы осындай әдістердің бірі – оқушыларға өзіндік жұмыстарын орындату болып табылады. Қазіргі таңда бала зейінін сабаққа аудару үлкен педагогикалық шеберлік пен асқан ізденісті, жаңашылдықты, тапқырлықты, әмбебаптылықты талап етеді. Әрбір ұстаздың басты міндеті – ең озық әдіс-тәсілдер арқылы сабағын қызықты өткізу, белгілі бір нәтижеге бағыттау. Білім алу - адам өміріндегі үлкен қажеттілік екені даусыз. Білім арқылы оқушының мәдениеті артады, дүниетанымы кеңейеді, өзі үшін құпия болған сауалдардың жауабын табады. Оқушының осындай қажеттіліктерін қанаттандыру сабақ барысы мен сабақтан тыс уақыттағы тапсырмаларға, жаттығу жұмыстарына байланысты болады. Жүйелі жүргізілуі тиіс тапсырмалардың ішінде өзіндік жұмыстың маңызы зор [1].

Негізгі бөлім. Өзіндік жұмыс – сабақ үстінде алған білімді мұғалімнің көмегімен және оның бақылауымен, алайда мұғалімнің қатысынсыз орындалуы тиіс жұмыс. Өзіндік жұмыстың мақсаты – оқушының танымдық міндеттерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеті мен қызығушылығын дамыту, білімге құштарлығын ояту болып табылады. Қазіргі сабақтың әдістемесі оқулықпен, карточкалармен және зертханалық тәжірибелерде орындалатын дербес жұмыс жүйесімен сипатталады. Оқу мотивациясы төмен балалар үшін саралау тапсырмалар құрылымында ғана емес, мұғалім көрсеткен көмек ретінде де көрінуі керек. Мысалы, біз осындай оқушылардың жұмысын бақылай отырып, кеңестер береміз және осы сұрақтың жауабына жетелеуі мүмкін сұрақтар қоямыз. Осылай ойлану арқылы балалар негізгі сұрақтың жауабын таба алады. Жеке жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде жүргізген жөн: жаңа білімді игеру және оларды бекітуде, өткенді қайталауда және білімдерін бақылау кезеңінде. Ең бастысы, өзіндік жұмыс оқушының оқу деңгейіне сай болуы тиіс. Өзіндік жұмыс – оқу процесінің ажырамас бөлігі, бұл терең және берік білім алу үшін күрес құралы. Химия сабақтарындағы өзіндік жұмыс жүйесі оқушылардың зерттелетін пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді, қазіргі өмірге бейімделе алатын әлеуметтік бейімделген тұлғаны қалыптастырады.

Біз өз тәжірибемізде өзіндік жұмыстардың келесі түрлерін қолдана аламыз:

1. Кітаппен жұмыс (мәтінмен жұмыс, конспект). Химияны зерттей бастағаннан бастап оқушыларға мектеп оқулығы олар үшін ғылыми химиялық білімнің негізгі көзі екендігіне үйрету қажет. Оқулықпен жұмыс, негізінен, оқушыларға оқулықтан ғылыми ақпараттың максималды көлемін таңдауға, оны талдауға, деректерді салыстыру арқылы қорытынды

жасауға және жалпылау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар оқулықпен, абзац мәтінімен, тапсырманы қалай орындау керектігі туралы нұсқаулар алады. Сонымен қатар, сіз сұрақтарды тақтаға алдын-ала жаза аласыз, ал балалар параграфтан жауап таба алады. Оқушылар мәтіндегі басты нәрсені бөліп көрсете білуі, терминдермен жұмыс істеуі, негізгі ойларды анықтай алуы керек. Сабақтағы оқулықпен (мәтін, кестелер, иллюстрациялар) әр түрлі жұмыс балаларға материалдың мазмұнын терең түсінуге ғана емес, сонымен қатар химия оқулығының оқу мүмкіндіктерін - дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан білуге көмектеседі. Біздің тәжірибемізде оқушылар кітаппен жұмыс арқылы жаңа сабақтың мазмұнын жақсы түсіне алады және басқа балаларға түсіндіре алады.

Мысал ретінде қарастыратын болсақ, мектеп бағдарламасындағы органикалық химия бойынша 11 сыныпта өтілетін «Мұнай және оның өнімдері» тақырыбына оқушыларға мынадай материал ұсынуға болады:

«Мұнайдың физикалық қасиеттері. Мұнай – жанғыш, қара-қоңыр түсті өзіне тән иісі бар май тәрізді сұйықтық, ол судан жеңіл және суда ерімейді.

Мұнайдың негізінен көмірсутектер қоспасы екеніне тәжірибеде көз жеткізу қиын емес. Егер мұнайды қыздырсақ, оның жеке заттарға тән белгілі бір температурада емес, температураның кең аралығында айдалатынын байқауға болады. Жайлап қыздырған кезде ең алдымен молекулалық массасы аз, содан кейін жоғары температурада молекулалық массасы үлкен заттар айдала бастайды.

Құрамы. Барлық мұнайдың құрамы бірдей емес. Бірақ олардың бәрінде де көмірсутектің үш түрі – алкандар, циклоалкандар және ароматты қосылыстар кездеседі, бұл көмірсутектердің мөлшері әр мұнай кендерінде әртүрлі болады. Мысалы, Маңғыстау мұнайы алкандарға, Баку аймағындағы мұнай циклоалкандарға бай келеді.

Мұнайда көмірсутектерден басқа аз мөлшерде құрамына оттегі, азот, күкірт және басқа элементтер кіретін органикалық қосылыстар болады. Смола және асфальт заттары түрінде де жоғары молекулалық қосылыстары да бар. Мұнай құрамында жүздеген әртүрлі қосылыстар болады.

Мұнай өнімдері. Зауыттарда мұнайды айдау арқылы оны жеке фракцияларға бөледі: 40-200⁰С аралығында қайнайтын құрамында C₅-C₁₁ көмірсутектері бар бензин алынатын, 150-250⁰С аралығында қайнайтын, құрамында C₈-C₁₄ көмірсутектері бар лигроин; 180-300⁰С аралығында қайнайтын C₁₂-C₁₈ көмірсутектері бар керосин; бұлардан кейін газойль алынады. Бұлар – ашық түсті мұнай өнімдері деп аталады.

Қолданылуы. Бензин поршенді двигательдері бар автомобильдер мен ұшақтарға жанармай ретінде қолданылады. Сонымен қатар майға, каучукқа еріткіш ретінде, матаны тазартуға, т.б. пайдаланылады. Лигроинды тракторға жанармай ретінде қолданады. Керосин – трактор, реактивті ұшақтар мен зымырандардың жанармайы. Газойль дизель жанармайы ретінде пайдаланылады.

Мұнайдан ашық өнімдерді айдағаннан кейін, қара түсті, тұтқыр мазут деп аталатын сұйықтық қалады. Қосымша айдау арқылы мазуттан жағар майлары алынады. Бұдан басқа, мазутты химиялық әдіспен өңдеу арқылы бензинге айналдыруға болады. Мұнайдың кейбір іріктемесінен қатты көмірсутектер қоспасы – парафиндер; қатты және сұйық көмірсутектерді араластырып вазелин алады». Алдымен оқушыларға осы мәтінді беріп, олар оқығаннан кейін мынадай сұрақтар қойылады: 1. Қазіргі кезде мұнайды көмірсутектердің негізгі табиғи көзі деп санауға бола ма? Жауаптарыңды түсіндіріңдер. 2. Мұнайдың құрамын бір молекулалық формуламен көрсетуге болады ма? Неліктен? 3. Мыналардың: бензин, лигроин, керосиннің қайнау температураларының шегін шамамен көрсетіңдер. 4. Аса маңызды мұнай өнімдерін атаңдар және олардың қолданылу салаларын көрсетіңдер. Осы мәтінмен жұмыс жасай отырып балалар мұнай жайлы ақпарат ала алады және берілген сұрақтарға нақты жауап бере алатын болады.

2. Өзіндік жұмыс зертханалық және практикалық жұмыстармен тығыз байланысты. Зертханалық жұмысты орындау кезіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекеті жаңа

материалды зерделеу мақсатында тапсырмамен (жұмыс дәптерінде) немесе нұсқаулық карточкамен жіберіледі. Ол жерде жұмыс барысы, оқушылардың іс-әрекеттерін орындау дәйектілігі көрсетіледі: сұрақтарға жауап, кестені, схеманы толтыру және т.б. жұмыстарды орындай отырып, оқушылар өз дәптерлеріне тапсырмада қойылған сұрақтарға қысқаша жауаптар жазады. Зертханалық жұмыстар кезінде химия сабағында, оқушылар тапсырманың әр тармағын дауыстап оқиды, мен оқушылардан бұл жұмысты қалай орындау керектігін сұраймын. Біртіндеп, жұмысты орындау кезінде дербестік деңгейі жоғарылайды.

Зертханалық жұмыстар – жеке тақырыптар мен бөлімдерді зерделеу кезінде алынған білім, білік және дағдыларды тексеру үшін қолданылатын химия сабақтарындағы жұмыс формаларының бірі. Мысалы, 9 сыныптағы органикалық химияда өтілетін «Спирттің альдегидке тотығуын» тәжірибе ретінде қарастыратын болсақ, ең алдымен балаларға зертханалық жұмыстың орындалу барысын түсіндіру қажет: 1) Мыс сымының ұшында 5-6 орам оралма жасаңдар. 2) Пробиркаға 1 мл-дей этил спиртің құйыңдар, қара оксидпен қапталғанша мыс оралманы спиртшам немесе жанарғы жалынында қыздырыңдар және оралманы тез арада спирті бар пробиркаға батырыңдар. Осылай бірнеше рет қайталанар. Түзілген альдегидтің иісі мен оралмада болған өзгерістерге назар аударыңдар. 3) Қыздырғанда мыстың тотығуымен және мыс (II) оксидімен спиртті альдегидке тотықтыру реакцияларының теңдеулерін құрыңдар. Осындай зертханалық жұмыстар оқушылардың теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар олардың ақыл-ой белсенділігін, зейінін, шығармашылық көзқарасы мен қиялын тексеруге мүмкіндік береді. Зертханалық жұмыстар – химияның ең басты элементтерінің бірі. Себебі, осы зертханалық жұмыстар арқылы балалар химиялық қосылыстардың бір-бірімен әрекеттесуін бақылай алады, химиялық заттардың қасиеттерін зерттей алады және жалпы химия ғылымының мән-мағынасын түсіне алатын болады [2].

3. Quizizz, Kahoot, LearningApps және т.б. онлайн платформалары – әр оқушының білім деңгейін анықтауда қолданылады. Қазіргі уақыт әртүрлі технологиялардың жоғары сапада дамыған заманы. Осындай технологияларды қолдану арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Яғни, онлайн платформалармен жұмыс жасай отырып оқушыларға арналған түрлі викториналық сұрақтар, анограммалар, сәйкестендіру және т.б. сияқты ойындар ұйымдастыруға болады. Бұл ойындар балалардың қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, сонымен қатар оқытушыға баланың білім деңгейін анықтап, оны бағалауға мүмкіндік береді [3].

Қорытынды. Қазіргі уақытта химияны оқыту әдістемесінде білім алушылардың әртүрлі дербес жұмыстарын қолдануда үлкен тәжірибе жинақталған. Қол жеткізілген нәрсені жақсы түсінудің және оқытудың осы әдісін одан әрі жетілдіру жолдарының дұрыстығына көз жеткізу үшін, ең болмағанда, химия пәні бойынша оқушылардың өзіндік жұмыс әдістемесін құру және дамыту мәселелерін есте ұстаған жөн. Оқушылардың сабақтардағы өзіндік жұмыстары арнайы тапсырма бойынша жүргізіледі. Оқушылардың іс-әрекетінің сипаты тапсырманың мақсатына, мазмұнына, формасына байланысты. Өзіндік жұмысты ұйымдастыра отырып, мұғалім әртүрлі мақсаттар қояды: оқушыларды оқыту, дамыту, тәрбиелеу. Барлық осы мақсаттар мен тиісті міндеттер бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді.

Қорыта келе, өзіндік жұмыстарының балаларды үйретуде маңызы зор деп ойлаймыз. Себебі, оқушылардың әрқайсысы өзіндік жұмыстары арқылы берілген тақырыпты жақсы түсіне алады және өз білімдерін жетілдіре түседі. Сонымен қатар, әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге тырысып, оқушының жеке қабілеттілігі айқындалады; іштей бір-бірінен қалмауға ұмтылады, әр бала шамасына қарай бағаланады да, кез келген қиыншылыққа төзуге, жеңуге икемденеді. Жалпы өзіндік жұмыстар арқылы өз бетімен дами алатын, қиындықтарға төзе білетін, белсенді, білімді, танымдық құзіреттіліктері қалыптасқан жеке тұлға тәрбиеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иванова Р.Г. Савич Т.З. Чертков И.Н. Самостоятельные работы по химии. М.: Просвещение, 1982. – 10 с.
2. Нифантьев Э.Е. Цветков Л.А. Органикалық химия, 2000. – 201 с.
3. Чернобельская Г.М. Методика обучения химии в средней школе, 2000. – 95 с.

ӘОЖ 378.147

<https://doi.org/10.53355/o9472-2910-8578-x>

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бекен А., студент

Ғылыми жетекші: Машанова С.М., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: beken.alihan@bk.ru

Мақалада қара сөздердің қазақ тілінен ағылшын және орыс тілдеріне аударудағы ерекшеліктер қарастырылған. Салыстырмалы түрде қара сөздерде кездесетін мақал-мәтелдердің үш тілде ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілген. Зерттеу барысында мақал-мәтелдердің аудару тәсілдері анықталған.

Тірек сөздер: қара сөз, мақал-мәтел, ағылшын тілі, аудару, ерекшеліктер, салт-дәстүрлер, қазақ халқы, салыстыру.

В статье рассматриваются особенности перевода философских назиданий Абая с казахского на английский и русский языки. При сопоставлении выявлены общее и различное в переводе пословиц и поговорок, а также определены способы перевода казахских пословиц и поговорок на английский и русский языки.

Ключевые слова: слова назидания, пословицы, сопоставление, английский язык, перевод, особенности, традиции и обычаи.

The article deals with the peculiarities of translation of philosophical proverbs of Abai from Kazakh into English and Russian languages. In the comparative plan the common and different in the translation are revealed, as well as the ways of translation of proverbs into English and Russian languages are determined.

Key words: proverbs, comparison, Kazakh, English, translation, traditions and customs.

Ұлы ақын Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде әлеуметтік, діни және көркемдік көзқарастарын айқын білдірген. Абайдың қара сөздерін «**Ғақлия**» деп те атаған (Ғақлия араб тілінен «*дана сөз*», «*даналық маржсан сөздер*» деп аударылады. Ол терең ойлармен пікірлер, көркем сөздер). Ғақлиялары бір бағытта ғана жазылған жоқ, олардың тақырыптары әр алуан болған. Ақын бұл прозалық шығармасында өзінің тіл байлығын және де философиядағы даналығын ерекшелеп көрсете алған. Жалпы алғанда қырық бес айрықша шығармадан тұрады, соның ішінде бірі қысқа болса, екіншісі мағынасы жағынан ауқымды болып жазылған. Абай қара сөздерін жазған уақытта шығарманы әдемі етіп қана қоймай, оның мән-мазмұнын терең білдіре алған. Ең алғаш қара сөздері 1918 жылы Семейдегі «*Абай*» атты журналда жарық көрген. Бертін келе Абайдың ғақлиялары көптеген тілдерге тәржімаланған.

Мұхтар Әуезов қарасөз туралы: «Жалпы алғанда Абайдың қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек, бір алуаны болып қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуаны

көркем сөз түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» деген пікір қалдырған болатын. [1, 218 – 219 б.]

Ал енді Абайдың осындай керемет туындысын талдап көрелік. Үшінші сөзін алып қарайтын болсақ, бұл сөзінде қазақ халқының өзара келіспеушіліктері мен билікке таласы жайлы айтылған және де қазақ хандығы кезіндегі заңдар туралы сөз қозғалған. Дәл осы жағдайлар Күлтөбенің басында кеңес өткізіліп жүрген кезеңдерде орын алған. Тіліміздегі тұрақты тіркеске айналған бұл сөз сонау «Ақтабан шұбырынды...» заманында шыққан. Сол кезде қазақ хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары Мәртөбе мен Күлтөбенің басына жиналып кеңес құрған. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл кезең 1684 жыл мен 1723 жылдың арасына сәйкес келеді екен. Енді «Күлтөбе қай жерде?» деген сұраққа келейік. Мәртөбе оңтүстік өңірдегі Сайрам қаласының маңында, ал Күлтөбе Тәшкен іргесіндегі Піскент ауданының аумағында, Ангрен өзенінің жағасында. [2, 346.]

Осы сөздегі **"Қасым ханның қасқа жолы"** мен **"Есім ханның ескі жолын"** не себепті Қасым ханның заңдар жинағын *"қасқа жол"*, ал Есім ханның заңдар жинағын *"ескі жол"* деп атағанын қарастырайық.

Қазақтың жарғысынан кейін Қасым хан қазақ халқының алғашқы заңы *«қасқа жолды»* жарыққа шығарады. Бұл заң сол кезеңдегі ислам дінінен өзгешеленетін, байырғы көшпелі қазақ өміріне сай жасалған заң болды. Сондықтан да, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып аталған болатын. *Қасқа* деп көшпелі қазақ өмірінде маңызы зор жануар – жылқы малының маңдайындағы ақ теңбіл белгіні атайды. Күнделікті өмірде жиі кездесетін *«жирен қасқа айғыр»*, *«торы қасқа құнан»*, - деген атаулар қасқа сөзінің қандай мағынада қолданылатынын көрсетеді. Дәл осы мағынаны негізге ала отырып *«Қасқа жол»* деген сөз тіркесі халықты адастырмайтын тура жол, бақытқа жетелейтін сара жол деген мағынаны беретінін білеміз. Сөз құдіретін қастерлеген бабаларымыз Қасым ханның заңдар жинағын тура, ақ жолға балағанын, аты қысқа болғанымен терең мазмұнды екенін байқаймыз. Керекті толықтырулар мен өзгерістер енгізілгеннен кейін, бір ғасырдай күшінде болған **«Қасым ханның қасқа жолы»** Есім хан билікке келісімен **«Есім ханның ескі жолы»** деп атала бастады. Бұл ережелер бұрыннан келе жатқан дәстүрлі жолмен жасалғандығынан *"Ескі заң"* деп аталған болса керек.

Осы деректерге сүйене отырып **"Қасым ханның қасқа жолы"** және **"Есім ханның ескі жолы"** ағылшын тілінде:

Kasym-khan's "Radiant Pathway" (қазақ тілі мен орыс тіліне жолма-жол аудармасы: *жарқын жолы, лучистый путь*), [3, 124б.]

Esim-khan's "Ancient Pathway" (қазақ тілі мен орыс тіліне жолма-жол аудармасы: *ежелгі жолдары, древний путь*),

Орыс тілінде:

"Светлый путь" Касым-хана,

"Ветхий путь" Есим-хана, деп тәржімашылар барабар, яғни аудармада тілдің жанрлық-стистикалық, құрылымдық-семантикалық, т.б. заңдылықтар мен тілдік нормаларды сақтай отырып аударма жасаған деп айта аламыз. Дальдің түсіндірме сөздігіне сүйенсек «ветхий» сөзіне төмендегідей түсініктеме береді: *«ВЕТХИЙ, исконный, доконный, древний, давний, давнишний, старый, стародавний. Ветхи Завет, все библейские книги, писанные до Рождества Христова, одинаково признаваемые евреями и христианами. Ветхий денми, Предвечный, Бог. Ветхий человек».*

Ал ақынның бесінші сөзінде мақалдар көптеп кездеседі. Мысалы, **"Түстік өмірің болса, күндік мал жи"**, **"Өзіңде жоқ болса, әкең де жат"**, **"Мал - адамның бауыр еті"**, **"Қарның аиша, қаралы үйге шап"**.

"Мал - адамның бауыр еті" деген мақал қазіргі кезде қолданыста болмағандықтан бізге таңсық естілуі мүмкін, себебі қазір **"Бала - адамның бауыр еті"** деп айтамыз. Бұл жерде малды адамның бауыр етіне теңеу себебі, қазақ тұрмысында сол заманда малдың алатын орны ерекше болған. Жесе ет, мінсе көлік, сауса сүт, қырықса жүн, айта берсе

таусылмайды. Осы мақалда адамның дене мүшелерінің ішінен нақ бауырды алып қолдануы оның адам организмінде өздігінше қалыптаса алу қабілетінде.

Қазақтарда бауыр – адамның ішкі жан дүниесін көрсететін нәзік мүше. Алтай түркілері өздерінің қайғы-қуанышын немесе тағы басқа да сезімдерін бауырмен байланыстырып, сол арқылы білдірген. Мысалы, тувалықтар аяушылық танытуды **«баары ажыр»**(«*бауыры ашу*») дейді. Қазақ тілінде **«бауырдың»** орнын парсының **«жан»** сөзі басқандықтан, бұл сөз тіркесі **«жаны ашу»** боп өзгеріп кеткен. Ойланып қарасақ **«бауыр»** мен **«жан»** сөздері **«жасырын түрде»** синонимдер болып тұр.

Берілген мақалдар сипатты аударма болмағандықтан орыс тілінде өз қасиетін сақтап қалмаған: **“Если жить осталось до полудня, делай запасы на день”**, **“Если голоден скачи к дому где поминки”**, ал ағылшын тілінде **“If you will live no longer than noon, make provision for the whole day”**, **“Cattle for the Kazakh is flesh of his flesh”**, **“If you are famished, gallop to the place of a funeral feast”** болып көрініс тапқан, себебі ағылшын тіліндегі нұсқасы орыс тілінен аударылған, ал орыс тілінде бұндай мақал-мәтелдер жоқ. Осы аударма дәйексөз болып келеді, ол дәлме-дәл эквиваленті болмаса да аудармашы қазақ тіліндегі мақалдардың ұлттық құндылықтарын сақтай отырып жеткізе білген.

Абай атамыз кезекті қара сөзінде былай жазған болатын:

Кеселді жалқау, қылжақбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың - пысық, ішің - нас,

Артын ойлап ұялмас, -

болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

Алтыншы қара сөзінде кездесетін өлең жолдарында көк жалқау, орынсыз көп сөйлейтін, істеген ісінен сөйлеген сөзі көп, дайын дүниеге үйір, сыртынан қанша жайдары көрінгенімен, ішкі жан дүниесі бос, істеген істері үшін жауап бермейтін, алды - артын ойламайтын адамдар жайлы айтады.

Орыс тіліндегі тәржімасы:

Бездельник, лживый зубоскал,

Нахлебник и нахал.

В душе холуй, на вид удал

Не ведает стыда.

Будучи таким, не сочти себя за живого. Праведная смерть предпочтительнее такой жизни.

Ағылшын тіліндегі тәржімасы:

A loafer and a sycophant,

A hanger-on and an impudent fellow,

Valiant in his looks but craven in his heart,

Has no sense of shame...

If you are like that, do not imagine yourself to be alive. A righteous death will then be better than such an existence.

Тәржімашы орыс тілінен ағылшын тіліне аударарда мағынасын өзгертпей, барабар аударма жасап жеткізуге тырысқан [4,766.].

Жиырма тоғызыншы қара сөзінде ерекше көзге түскен бір мақалын байқаймыз. Қара сөзде берілген нұсқа мақалдың түпнұсқасынан өзгешеленеді. Абайдың шығармасында **«Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті»**- деп берілген, ал негізгі нұсқасы **«Ата-анадан қалған мал тәтті, алтынды үйден шыбын жан тәтті»** болады. Ақынның бұл мақалды өзгертуіне қандай себептер болса да, ол өзінің даналық ойларын жеткізгісі келгендіктен болар деген ойдамыз. Мақалды тереңірек зерттейтін болсақ Абайдың айтқысы келген ойы кейбір адамдар ата-анадан қарағанда мал-мүлікті артық көреді, олардан қалған дүниеге ғана қызығушылықтары болады, ата-аналарын және жақындарын бағаламайтындығы болса керек. Ал кей адамдардың осы мақалға қатысты ойы айрықша,

олардың ойыншамақалдың мағынасы Абайдың айтқанындай тек мүлікті артық көру емес, керісінше олардан қалған дүниені бағалауымыз керек, себебі ата-ананың бөліп берген еншісі - дүниедегі ең артық мүлік, ол ата-ананың көзі. Мақалдың екінші бөлігіндегі «...алтын үйден жан тәтті» сөзінің мағынасы адам қаншалықты көп дүние-мүлік жиса да, қиыншылыққа тап болған кезде осы жиған-тергенінің барлығын шыбын жанын аман алып қалу үшін құрбан етеді деген ойға келеміз.

Орыс тіліндегі тәржімасы:

«Богатая казна милее отца с матерью, Собственная жизнь дороже золотого дворца».

Ағылшын тіліндегі тәржімасы:

«A treasure chest is dearer than father and mother, but your own life is dearer than a palace of gold» (қазақ тілі мен орыс тіліне жолма-жол аудармасы: «Қазына әке мен анаға қарағанда қымбат, бірақ өзіңіздің өміріңіз алтын сарайынан гөрі қымбатырақ,»). Орыс және ағылшын тіліндегі тәржімасы адекватты болып келеді.

Қорытындылай келе хәкім Абайдың қара сөздеріндегі мақал-мәтелдер бірнеше тәсілдермен аударылғанын айта аламыз. Мақал-мәтелдер әр жеке жағдайға байланысты туған.

Сонда, мақал-мәтелдерді басқа тілге тәржімалау кезінде ескеретін жайттар - мақал-мәтелдерде кездесетін ауыспалы мағына, ұлттық колорит және өзіндік реалиялық сипатын сақтап қалуға тырысу. Аудармашылардың әрқайсысы мақал-мәтелдерді аударуды өздігінше топшылайды.

Жоғарыда айтқандай, сол мақал-мәтелдерді қолданып жүрген халықтың әдет-ғұрыбы, салт-санасы, тұрмысы, мәдени және рухани ерекшеліктері оздерінің мақал-мәтелдерінде көрініс табады. Қара сөздегі мақалдарды аудару тәсілінің ерекшеліктерінің бірі осы болып табылады.

Екіншіден, мақал-мәтел құрылымы өзінің лексикалық мағынасын сақтайтынына байланысты, өзге ұлттың мақал-мәтелі екенін ескеріп аудармашылар оларды дәлме-дәл аударған жерлері де болды.

Аудармашылар мұндай жағдайда - екі тілде де ұқсас мақал-мәтелдер болса - түпнұсқаға адал болу мақсатымен және оның өзге халыққа тиесілі екенін айқындау үшін дайын балама күйінде емес, аудару арқылы жеткізуді де қолданған.

Үшіншіден, өзге тілдегі мақал-мәтелдің образды астарын жоғалтпай, лексикалық құрамын, стильдік құрылымыдарын сақтай отырып аударған, яғни калька жолымен жаңа мақал я мәтел жасау. Мұндайда мақал-мәтелдердегі ұлттық, тарихи фактілер, географиялық атауларды сақтай отырып аудару кездеседі.

Бәлкім Абай атамыздың туындысында кездесетін мақалдарды аудару кезінде аудармашылар біршама қиыншылықтармен беттескен болар, бірақ ешнәрсеге қарамастан орыс тіліне Ролан Сейсенбаев, Сәтімжан Санбаев сынды аудармашылар осындай керемет аудармалар жасаған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М. Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы 20 - т.,
2. Т. Баймаханова "Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках", 1998, -159с.
3. М. Амиржанова. Мақал-мәтелдердің аударылу ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы – Филология сериясы// N 1 – 2016.-169б.
4. Ағылшын-қазақ мақалдарының салыстырмалы сараптамасы // Мир языка. 2017.- 65 б.

А. БАЙТУРСЫНОВ - ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ

Бекенқызы А., Кенжеғалиева М., филология білім беру бағдарламасының 2-курс
студенттері

Ғылыми жетекшісі: Сарбасова Қ.Б., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: aigerimbekenkyzy02@gmail.com

Мақалада «қазақ жазуының реформаторы» А.Байтұрсыновтың қазақ жазуын, қазақ әліпбиін қалыптастырудағы ролі көрсетіледі. А.Байтұрсыновтың өз кезінде «төте жазу» аталған әліпбиінің ерекшеліктері сипатталады.

Тірек сөздер: қазақ жазуының реформаторы, төте жазу, ұлттық қазақ жазуы.

В статье рассматривается роль «реформатора казахской письменности» А.Байтұрсынова в становлении казахской письменности, казахского алфавита. Описаны особенности алфавита А. Байтұрсынова, который в его время называли «төте жазу».

Ключевые слова реформатор казахской письменности, национальное казахское письмо, «төте жазу».

The article discusses the role of the "reformer of Kazakh writing" A. Baitursynov in the development of Kazakh writing, the Kazakh alphabet. The features of the alphabet of A. Baitursynov, which in his time was called "tote zhazu", are described.

Key words: reformer of Kazakh writing, national Kazakh writing, "tote zhazu".

Ахмет Байтұрсынұлы «қазақ тіл білімінің көшбасшысы», «ғасыр саңылағы», «қазақ тіл білімінің атасы», «қазақ жазуының реформаторы», «қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы», «қазақ халқының рухани көсемі», «ұлттымыздың ар-ожданы» сияқты құрметке өзінің жанкешті еңбегі, халқына деген сүйіспеншілігі арқылы ие болды деп білеміз.

Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының сауатын ашуға, сол ұлы істі жүзеге асыру үшін қажетті дүние - жазу мәселесіне, атап айтқанда, қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

Ғалым қазақ қоғамының, ғылымы мен мәдениеттің өркендеуі жазу негізінде жүзеге асатынын ерте түсініп, сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе деп қарайды. «Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. ...Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» [1] деген идеясын іске асыру мақсатында қазақтың аса зәру мәселесі қазақ әліпбиінің таңбасын жасауды қолға алады. Нәтижесінде 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Ғалымның реформалауынан кейінгі араб жазуын бүкіл түркі жұрты ұлттық жазу жүйесі деп таниды. Өз кезінде «төте жазу» аталған бұл әліпбиін, жазу жүйесін қазіргі таңда ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз.

«Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге жайылған. Дінмен байланысқан әліппені тастап, қазаққа басқа әліппе алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң, араб хәріптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек» деді. А.Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше болды. Ал дыбыстың саны, ғалымның өзі айтқандай – 43. Графеманың бесеуі

(а, о, ұ, ы, е) дауыстының, 17-і (б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н) дауыссыздың, 2-і (у, й) жарты дауыстының таңбасы. Ал фонеманың 9-ы (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е) дауысты, 34-і (б, б', д, д', п, п', т, т', ж, ж', ш, ш', р, р', з, з', с, с', ғ, қ, к, г, ң, ң', л, л', м, м', н, н', у, у', й, й') дауыссыз. Сөйтіп, ғалым тіл дыбыстарын бір жарым есе аз әріп таңбаға сыйдырып, өз кезеңінде ең үнемді әліпби түрін жасады [2,1886]. А.Байтұрсынұлы әліпбиінің ерекшелігі де осында еді. Төте жазудың ең басты ерекшелігі мыналар еді:

- қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады.
- араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады.
- дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.
- араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген.

«Емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлай керек» деген тұжырым жасағанын байқаймыз.

1919- жылы А.Самойлович «Литература Востока» атты басылымда «Литература турецких народов» (Түрік халықтарының әдебиеті) деген мақаласында «...Он-реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы» - дейді. Яғни, Ахметті қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы деп нақты баға берді [3,786]. 1924- жылы Е.Поливанов Ташкенттің «Бюллетень Среднеазиатского государственного университета» атты жетінші басылымында Қазақ жазуы (орфография) мен таңбасының таласты мәселелері тақырыбы аясында Қазақ әліпбиіне «Байтұрсуновская графика» деген атау беріп, осы жаңа емле туралы: «... эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, (...) считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием» деп, тарих алдында әділетті бағалады [3,536]. Яғни, әліпби таңдаудағы Ахметтің «төте жазуын» ұлттық таңбаның тарихи қалыптасуындағы ең ірі мәдени жетістікке теңеді. Орыс ғалымының «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» - деген ғылыми мәлімдемесі қазақтың жаңа қалыптасқан ұлттық ғылымына зор мақтаныш әкелді. Ал тұлғаның замандастары: «... Ақаң түрлеген ана тілі», «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениетпен арасалуға, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасады» «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелді» деді. Олар сол тұста-ақ Ахаң әліпбиінің жұртшылық тарапынан зор қошаметке бөленгенін айтып, жабыла ақпарат беттерінде жарыса жазды. Тіпті, осы төте жазуды негізге ала отырып, көрші елдердің қырғыз, әзірбайжандар тағы-тағғы басқалардың «тіл көшін» түзегені тарихтан белгілі [4, 596]. Шын мәнісінде, Ахмет әр тілдің жетегінде жүрген қазақ жұртының төл жазуы - Әліпбиінің таңбасын түрлеп қана қойған жоқ оны бастауыш мектептің сыныбында қалай оқытып, қалай үйретудің әдіс-тәсілдері қарастырылған арнайы оқулықтарды жазып шығарды. Сонымен қатар, оқытушыларға ауадай қажетті көмекші нұсқаулықтарды да жазды. Осылайша, қазақы танымдағы оқулықтар тұңғыш рет ғылыми жүйеленіп, қазақ тіл білімінің негізі болып қаланды [4, 606].

Саналы ғұмырын қазақ жұртының жұмыстарына жұмсаған, ұлт мүддесін ұлықтау мақсатында білімнің шыңына шыққан ақиық Ахмет, пайғамбар жасына қараған шағында тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Күрескер түрмеде отырып та замандастары айтқандай, «тізесін үстел ғып», қаламының қарымын тартпай соңғы демі үзілгенше, езілген елінің қамын жеп, ой толғаған [4, 1016].

А.Байтұрсынов реформалаған араб жазуы өз кезеңінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті, қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды.

Біз, авторлар, алғашқы тырнақалды еңбегімізді ағартушы, ғалым, публицист, Алаш партиясының беделді өкілі, тіл білімі мен қазақ терминологиясының негізін қалаушы «ұлт ұстазы» А. Байтұрсынов сынды данағөй бабамыздың рухына арнадық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. Орынбор әм 10 пеурал // Қазақ №1 10.02. 1914.
2. Күдерінова К. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Алматы, 2013. -194б
3. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 1999. -568б
4. Имаханбетова Р. Ғасыр саңылағы: А. Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. Астана, 2010. -304б

ӘОЖ 949574 (075.8)

<https://doi.org/10.53355/q5483-6073-7430-p>

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Берлібаев Б.Т., т.ғ.д., профессор

Ғ.Дәукеев атындағы АЭЖБУ-дағы Әлеуметтік пәндер кафедрасы, Алматы қ.

E-mail: b.berlibayev@aues.kz

Автор, өзінің мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін дамытудағы оқыту әдістемесін негіздеуші ретіндегі, қазақ мектебі тарихында тұңғыш рет білім беру ісіндегі әліппені қолдануды дәлелдеудегі және қазақ тілін әрлей отырып, оны тұрмыста қолданудағы арап харпін пайдаланудың қазақ халқының сауатын ашудағы маңызына арқа сүйеген Абайдың қазақ тілін қазақ қоғамына тән етіп, одан әрі дамытудағы рөлін түсінудегі, сондай-ақ сол арап жазуының өзіндік орнына көңіл бөлудегі тарихи шынайы ерекшелігіне үлкен ыждағаттылықпен қарағанын дәлелтеуге ұмтылған.

Ахмет Байтұрсынов Қазақстанның даму болашағы үшін қазақ тілін сақтау мен дамытуға шақырса, бұл бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселенің бірі болып отыр.

Тірек сөздер: қазақ тілі, тарихи білім, Алаш, жеті ата, ауыл, «қаралы қаңтар», қала ауласы, болашақ.

Автор в своей статье убедительно доказывает, что Ахмет Байтұрсынов - основоположник методики преподавания казахского языка, впервые на практике казахской школы, применивший буквенный метод обучения грамоте, в свое время акцентировал внимание на важность развития казахского языка, при этом отмечал, что успешность развития казахского языка возможно при опоре на арабский алфавит, для большей убедительности он показывает роль Абая в развитии казахского языка, который писал свои произведения на арабском языке.

Ахмет Байтұрсынов призывал сохранить и развить казахский язык, его идея очень злободневна в период развития современного суверенного казахстанского общества.

Ключевые слова: казахский язык, историческое образование, семь предков, «кровавый январь», городской двор, будущее.

Akhmet Baitursynov and the future of the Kazakh language. The author of his article convincingly proves that Akhmet Baitursynov, the founder of the methodology of teaching the Kazakh language, who for the first time in the practice of the Kazakh school applied the letter method of teaching literacy, at one time focused on the importance of the development of the Kazakh language, while noting that the success of the development of the Kazakh language is possible with based on the Arabic alphabet, for greater persuasiveness, he shows the role of Abai in the development of the Kazakh language, who wrote his works in Arabic.

Akhmet Baitursynov called for the preservation and development of the Kazakh language, his idea is very topical in the period of development of modern sovereign Kazakh society.

Key words: *Kazakh language, historical education, seven ancestors, "bloody January", city courtyard, future.*

Биылғы 2022 жылдың 14-ші қарашасындағы «Жас АЛАШ» газетінде жарық көрген «Қор болған тіл...» деген мақаланы оқығанда осы жылы болған Жамбыл облысы өңірінің Байұзақ елді мекеніндегі қару-жарақ қоймасындағы жарылыстан мың есе асып түсетін мәселені байқадым. Сондағы Байұзақ жарылысы ай мен күннің аمانында өз қолымыздағы қаруға өзіміз ие бола алмауды көрсетсе, мына бір газеттегі қазақ тіліне байланысты мәселе, қазақты мылқау болуға итермелейтіндей әсер етті. Негізі біз, қазақ тілі және осы тілдің болашағы дегенде, алаштың аса көрнекті тілге жанашыр тұлғасы Ахмет Байтұрсыновтан аттап кете алмаймыз. Әрине, 1905-1938 жж. алаш зиялыларының қайсысы болса да өзінің ұлттық тілінен жеріген емес. Олар сол бір қиюы қашқан замандағы өз еңбектерін көбінесе қазақ тілінде жазып, журналдарына «Ақ жол», «Айқап», мақалаларына «Маса», «Оян қазақ» деп ат қойып, қазақ халқына ой салса, қазақтың хат танымайтын басым бөлігі жаңағы еңбектердегі жаңалықтармен хат танитындар арқылы оқып-біліп, қоғамда болып жатқан жалпы өзгерістермен қанық боліп отырды. Егер осының бәрі қағазға түсірудің жұмбағына байланысты болса, бұл жұмбақтың шешімін біздің елімізге енген араб харпінің тарихын білуден бастауға тура келеді.

VIII ғ. ортасындағы Қазақстанға миссионерлік мақсатпен келген арабтар мұсылмандық мәдениеттегі жазбаша әдебиеттің үлгісін де де ала келген еді. Бұның өзі IX-XII ғғ. Қазақстан туралы араб тілдес әдебиеттердегі ақпараттық деңгейінің өзге шетелдік жазбаша қайнар көздерінен айтарлықтай артықшылығын айшықтаған болатын.

Бұл жөнінде ҚҰҒА академигі Б.Е. Көмеков былай деп зерделі тұжырым жасаған: «Дәл осы кезеңде (IX-X ғғ.) араб тілінде жазылған ескерткіштерде кимектер, қарлұқтар, оғыздар, қыпшақтар сияқты Қазақстанның түрік тайпалары жөніндегі көлемді мағлұматтылығымен және салыстырмалы жоғары нақтылы жаңалықтарымен ерекшеленетін мәліметтер жинағы пайда болған. Түрік тайпалары қолданған тілдердің генетикалық туыстығы және тайпалардың өздерінің генетикалық туыстығы жөніндегі жалпы түсініктер дүниеге келді» [1]. Егер біз, дәл сол кезеңдерде қазақ даласында өмір сүрген Әл-Фараби, XI ғасырда ғылыми-тарихи білім әлеміне көтерілген Жүсіп Баласағұн мен Махмұт Қашқарилер мен бұлардан кейінгі Қожа Ахмет Яссауи сияқты ғылым шайырлары бастап, Орта Азия мен Қазақстанда өмір сүрген дара тұлғаларды еске түсірсек, түрік тайпалары қолданған тілдердің генетикалық туыстығы және сол тайпалардың өздерінің генетикалық туыстығы жөніндегі жалпы түсініктерді осы ойшылдар мен ғұлама ғалымдардың жазған еңбектерінен көптеп кездестіреміз. Мысалы, Махмұт Қашқари өзінің «Түрік дидактикасының сөздігі» еңбегінде «Тілінді жағымсыз сөздерден қорғап, мейірімді сөйлеуге ұмтыл!» десе [2], ғалымның қоғамдағы тілдің рөліне басыңқы мән бергені байқалады. Ал сырттан келген арабтар туралы қалай айтсақ та, олар өздерінің келген мақсатына сәйкес негізінен рухани өмірдегі ислам дінінің рөліне мән беріп, түріктердің географиясы мен саяси өміріне ғана қызыққан деген ұйғарым жасауға болады. Бірақ, Әл-Фарабиден бастау алатын түрік ойшылдары мен ғұлама ғалымдардың жазған еңбектері араб харпімен қағазға түсіп, бұл үрдіс бірнеше ғасыр бойы түрік тілі астарының тігісін өзгертпеген күйі ұлы ақынымыз Абайға жалғасып, алаш зиялыларына дейін жетсе, онда тарихтағы қазақ тілінің дамуында араб жазуының орасан зор ықпалының болғанын байқаймыз. Осыған байланысты қазақтың орта ғасырлық ғұлама ойшылдардың осынау сөз құдіретіне берген бағасына тәнті болған Ахмет Байтұрсыновтың былай дейтіні бар: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек» [3].

Міне, алаш зиялыларының ішінде еліміздегі ағарту ісі мен мәдениетке ерекше көңіл бөле білген Ахмет Байтұрсыновтың араб жазуын пайдаланған қазақ тіліне деген жанашырлығы осылай басталған деуге болады. Оның араб харпімен жазылған қазақ тіліндегі «Қазақтың бас ақыны» дейтін еңбегінде Абайды қазақ даласында бұрын-соңды болмаған ақын ретінде көрсетсе [4], Абай баса-бастан өзінің қазақ тіліндегі еңбектерінің негізін араб харпімен қағазға түсірген ұлы адам болып шығады. Бабалары өз кезегінде араб болып келіп, әкесі Омархан қазақ даласында қожа атанған Мұхтар Әуезов Абайдың сол бір даналық қасиетіне бой алдыру арқылы жалпы қазақ халқының ділдік ерекшелігін астарлап көрсетуде «Абай жолының» бірнеше томын жазып, ұлы ақынның арап харпі ақылы қазақ тілінің болашағына да қамқор бола білу жағын көрсетуді өзінің алдына басты мақсат етіп қоя білген.

Өз кезегінде бүгінгі тәуелсіз елдің заңғар тарихшысы атанған Талас Омарбеков: «Ғасырлар бойы қазақ халқының рухани дамуының басты негізі болып келген араб харпіне жөнсіз «қара күйе жағу» әйгілі Алаш қозғалысына қатысушы қазақ зиялыларының табанды қарсылығын туғызды. Әсіресе, бұл істе Ахмет Байтұрсынов ерекше белсенділік танытты. Бірақ, Голощекин басқарған ресми үкімет мұндай шешімдерді аяусыз сынға алып, қазақ зиялыларын үздіксіз қудалады [5]. Соның өзінде ресми мәлімет бойынша 1928 жылы қазақ тілінде 22 оқулық атауы (жалпы данасы 732000) бар болатын. Бірақ бұлар негізінен араб тілінде болғандықтан жаңа әріпке сәйкес келетін жаңа оқулықтар дайындау қажет болды [6].

Қазіргі күні Әл-Фарабиден бастап Ахмет Байтұрсыновқа, тіпті кешегі Мұхтар Әуезовқа дейінгі арап харпімен қазақ тілінің болашағына қамқор болған алып тұлғалы адамдар жоқ. Бірақ кириллицалық ықпалдағы қазақ тілінде жазылып, өмірдің барлық жағын қамтитын еңбектер, бүгінде ұшан-теңіз. Соған қарамастан бүгінгі қоғамдағы қазақ тілінің тағдыры аянышты күй кеше бастады. Ал оның өзіндік тарихы бар.

Бүгінде «Қазақ тілі қор болды», «Қазақ, қазақпен қазақша сөйлесін!», «Билік орысша, халқының негізгі дені қазақ», «Қазақша білмейтін төртінші жүз», «Мәңгірттер» мен «мәмбеттер» т.б. теңеу сөздердің бәрі қазақ тілінің болашағына аландаудан туындап отырғаны жасырын емес. Осы арада қазақ тілінің аянышты тағдыры дегенде оның бастапқы бұзылуының тарихын қозғауға тура келеді.

Бұрынғы патшалы Ресейдің алдымен қара, соңынан сары шекпен киіп келген отарлаушылары: «Сендер қазақтар, ауыл өмірінен аттап шаға алмай қалған жабайы халықсыңдар, қой сияқты күндіз жайылып, түнде күйсегендеріңе мәз болып жүрген малдан айырмашылықтарың жоқ бейшара, надансыңдар» деп ашық айтатын. Бұнымен қоймай, Ресейдің А. Левшин сияқты тарихшыларының өзі: «Сендер қазақтар, «жылқы мінездіміз» дегенді мақтан тұтып, сол жылқының үстінде ары-бері жортқанды ғана білетін, белдеріңе қайқы қылыш байлап, мойындарыңа садақ асынған қарулы қарақшысыңдар». Ал «Сендердің «Жеті атасын білмеген жетесіз!» деп жүргендерің нағыз рушылдық» деп, алғашқы отарлаушылар қазақты ауызша тарих айту дәстүрінен айыруды ойлап, қазақша сөйлейтін сүттей ұйып тұрған қазақ ауылын қожыратуға тырысқан еді. Бірақ орыстық отарлаудың осы бірінші кезеңіндегі басқыншылар, еліміздегі жердің үстіңгі және астыңғы байлығына ие болғанмен, көзге көріне қоймайтын «жеті ата», «жігіттің үш жұрты» сияқты қазақтың ділдік қасиеттері мен оның басқа да рухани байлығының іргесін сөге алған жоқ болатын. Тіпті қазақ, сол «жеті атасын» айтып жүріп-ақ кеңестік билікке дейін өзінің тарихын жадында сақтап қала алды.

Бәрі кеңестік отарлау кезінде бүліне бастады. Бұл кезең Қазақ Елінің неше түрлі төңкерістер мен қиян кескі соғылтарды басынан өткізіп, әбден титықтаған уақыт еді. Бір жағынан отарлық езгі, екінші жағынан жаңағы сұрапыл оқиғалар қазақ халқын тіптен тұралатып тастаған болатын. Әсіресе, азаматтық соғыс кезіндегі біздің территориямызда құрылған бірнеше майдандардың ауыртпалығын көрген қазақ ауылдары «ақтар» мен «қызылдардың» талауына түсіп, шын мәніндегі өзінің ежелден қалыптасқан елге ұйытқы болу рөлін жоғалтып алған еді. Бұл кезде қазақ тіліне жетік батыр мен би де мырза мен қожа да, шешен мен шежіреші де елге қорған бола алмай, әркім өзінің қарақан басының қамымен

әлекке түсті. Тіпті, оларды «ақ» немесе «қызыл» деп аталатын билік жағындағылардан елестерген ешкім болмады. Сөйтіп, олардың қазақ ішіндегі бұрынғы беделдері мүлде ескерілген жоқ. Ал кеше ғана бүкіл қазақ мүддесін ойлаған алаш зиялылары болса, сол азамат соғысы жылдары уақытша өкімет жағына қарай сырғып, дүйім халықты шатастырғаны тағы да шындық. Тек, кеңестік төңкерістің сәл алдындағы 1916жылы болған ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Жетісу жеріндегі әлді-ауқатты қариялардың бастауымен мұздай қаруланған ақ патшаның әскеріне қарсы емеурін көрсетілгенмен, оның соңы Жетісу жеріндегі көп қазақтардың Қытай асуымен аяқталған болатын. Бірақ бұл жерде де қара қылды қақ жаратын қазақ тілі мен оны жеріне жеткізе қолданатын шешендердің тірлігі іске аспай қалды...

Ресейлік патша заманының кесапатын осы жерден қоя тұрып, алға қарай жылжысақ, азаматтық соғыстан кейінгі қазақ жерін отарлау тарихының екінші кезеңінде еліміздің шығысынан тездетіп шикізат өндіруді мақсат еткен «25 мыңшылар» дегендер келе бастады. Өнеркәсіптің барлық тұтқалы буындарына «тәжірибелі жұмысшы», нақтысы «революционер жұмысшы» атауымен орналасқан сол бір словян тектестердің «кержак» бөлігі, келесі кезекте қазақы ауыл өмірінің дәстүрлі рухын шайқалтып, оның бүгінгі мүшкіл халіне жетуіне бірінші болып түрен салған еді. Яғни, жаратылысынан үміттайымдау болып келетін олармен аралас тұрып, бірге жұмыс істеудің кесірінен «жұмысшы ақылшыларының» дегеніне бола Шығыс Қазақстандағы қазақ ауылдарында молда оқуына тиым салынып, орыс тіліндегі мектептерінің қатары көбейе бастаған тұста, қазақ тілі алғашқы алашұбарлануды басынан өткізіп, қазақ балалары мәңгірттенуге қарай қадам басқан болатын.

Екінші жаһандық соғыстың ар жақ бер жағындағы отарлаудың үшінші кезеңінде «еріксіз» және «күштеп» қоныс ауып келгендердің кесірінен «қонақжай» дегенге мәз болған қазақ ауылдары, өзінің жарты байлығынан айрылып, солармен орысша сөйлесе жүріп бөлісуден барып өмір сүру тауқыметімен бірге, қазақ тілінің де желге ұша бастағанын білмей қалды. (Бұл қоныс ауып келгендердің көбі Сталин мен мемлекетке ренжіп келгеннен кейін өз ұрпағын: «Өз күніңді өзің көр!» деген сорақы ақылмен тәрбиеленгендер болатын).

Ал «Қазақстан-халықтар достығының лабораториясы» деген даңғаза ұранды бетке ұстап, «Бос жатқан жерді игеру» дақпыртының есебінен болған Хрущевтың «жылмығы» кезіндегі төртінші кеңестік отарлау барысында тек қана дәстүрлі мал шаруашылығына нұқсан келмеді. Ең негізгісі, халықтың рухы түсіп, жүні жығылды; тілі бүлініп, осы уақытқа дейін берілмей келген «жеті атаны» айту сияқты тарихы тапталды. Дәл осы аралықта, яғни кеңестік биліктегілер «жеті атаны» айтуды ұлтшылдыққа жатқызған тұста, қазақтың ауызша тарих айту дәстүрінің іргесі сөгіліп, қаймағы бұзыла бастады. Ол енді «рушылдықпен» бірге «ұлтшылдыққа» жатқызылды. Тіпті ол туралы айтқан қазақтар, бірден тиісті жазасын алып та жатты. (Әдеттегі Алаш зиялылары ғана емес). Сөйтіп, ұлы бабалардың рухының арқасында бүкіл қазақтың ғасырлар бойы сақтап келген тарихты жатқа айту сияқты жадына (зердесіне) бұрын сонды болмаған нұқсан келтірілгеннен кейін, аралас қоныстанудан қазақ тілінің болашағына да неше түрлі тосқауылдар қойыла берді...

Көріп отырғанымыздай, негізгі геноцит тура сол бабалардың зердесімен орныққан ұлттық жадымызға тұсау салудан басталған болатын: кеңес жылдарында әкесі баласына жеті атасының кім болғанын айтып бере алмады; баланың бұл жөнінде сұрауына тим салынды; әкесі баласына тек жеті атаның аттарын ғана айтуға құқылы болды; ал бабаларының кім болғанын, олардың халық арасындағы беделінен мақұрым қалған бала болса, жеті атаның есімдерін санауға да бәлендей ынтасы болған жоқ; мектеп балалары қазақ тарихын оқудан шынтықталды. Олардың қолдарында белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың редакциялығымен басылған қысқаша қазақ тарихы оқулығы болса да, онда қазақ ділін ашып беретін жеті ата мәселесі тұрмақ, тарихымызға көрсетілген неше түрлі қысымшылықтарға байланысты бүкіл қазақ тарихына жеткілікті көңіл бөлінбеді. Бөліне қалған жағдайда ол ашық айтылмады, айтылса оқытылмады; Осы арадағы қазақ тілі болса, ол тек қазақ ауылдарындағы от басы ошақ қасындағы тілге ығыстырылды. Бүкіл

республика бойынша бірен-саран қалалардағы педагогикалық оқу орындарында ғана орыс бөлімдерімен қатар оқытылатын қазақ бөлімдері жұмыс істеп, онда көбінде қазақ ауылдарынан келген балалар оқып білім алды. Ауыл балаларының тағы бір көп бөлігі ауыл шаруашылық және мал дәрігерлік арнаулы және жоғары оқу орындарында маманданып, бұлар сол оқу орындарын бітіргеннен кейін бәрібір сол ауыл маңайынан ұзап кете алған жоқ. Біртіндеп, бұрынғы ауызша тарих айту дәстүрінен мүлде қол үзіп, қазақ тілінің әлемдік қолданыс аясына нұқсан келтірілген тұстағы мектепте өзінің төл тарихын оқымаған бала, 70 жыл бойы кеңес мектепрінде үстем болған КСРО тарихын өз тарихым деп деп біліп, патшалар мен поптардың, княздар мен орыс әскербасыларының және солардың әскери жетістіктерін ғана жан-жақты оқып-үйренді; «Күн көсем» В.И. Ленинді пайғамбар сияқты көріп, оның құрған партиясының бағдарламасын құран кітабындай сезінді; барынша бұрмалап оқытудың салдарынан түркі тілдес қазақ балалары түрік мәселесін түрпідей қабылдадауға міндеттелді. Бітпейтін орыс-түрік соғыстарының тарихын оқыту арқылы Еуропаның кіндігіне орналасқан қазіргі Анадол а өңіріндегі Түрік Елін бәрімізге бірінші жау етіп көрсетті. Олардың жетістігін бізге білдірмей жасырып, бауырлас елді ата жұрттан бездіруге тырысты. Керек десеңіз, Алтай мен бүкіл Орта Азиядағы түркі тілдестердің басын қояп бастап келіп, жарты әлемге билік жүргізген Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарын нағыз қарақшы, барып тұрған жаулаушы баскесер тұрғысынан көрсетіп, тарихқа барынша қиянат жасалды. Өйткені идеологиялық машинаға сүйенген КСРО-ның империялық пиғылдағы басшыларына тура осы мәселе ауадай қажет болды. Олардың басты мақсаты әлемдегі түркі тілдес халықтардың ынтымағын бір-бірінен қалайда ажыратып, біріктірмеу еді. Олар болса, бүкіл XX-шы ғасыр бойы осы балансты ұстап тұра алды да. Сөйтіп, Мұстафа Шоқай армандап, Венгриялық Эштун Қоңыр Мандоки жалғастырған «Тұтас Түркістан» идеясы сағым күйінде қала берді...(М. Шоқай екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, Қ. Мандоки Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардың басында өте құпия жағдайда өлтірілді).

Кеңес кезіндегі баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне келсек, кез-келген ауыл баласы тілі шыға салысымен бірінші кезекте әке-шешенің демеуімен үй тіршілігіне араласып кететін. «Тұңғыш бала» деп ат қойылған бірінші бала кейінгілеріне үлгі болуға және соларды әке-шешесімен бірге тәрбиелеуге міндеттелетін. Егер атасы мен әжесі әлі жанұя ортасында жүрсе, жаңағы тұңғыш баланы солар қамқорлығына алып, мейлінше үлкен кісінің кейпінде тәрбиелейтін. Өсе келе әлгі «тұңғыш», әке мен шешенің нағыз көмекшілеріне айналып, жан ұядағы қиындықтардың тігісін жатқызып, оны тіпті білдірмей жіберетін. Тетелес болғандықтан, кіші балалар үшін өзінен үлкеннің айтқан сөзі әке мен шешенің жекіп айтқанына қарағанда құлақтарына майдай жағып, олардың тапсырмаларын тапжылтпай орындауға тырысатын. Сөйтіп, баланың жасына қарай байқалмаған күйінде үйлесімділігімен ерекшеленетін мұндай эстафета, үздіксіз жалғаса беретін. Тұңғыш бала мектепке де ерте барып, ондағы көргендері мен оқығандарын кіші бауырларына жеткізіп, оларды тағы да өзіне баурап алатын. Кішілер енді үлкендер сияқты мектепке барғысы келіп, үлкені жазу жазса, ол да қағаз қалам алып бірдеңені шимайлап, сабақ оқыған болып әлде не туралы күбірлеп, ән айтқан болып шикылдап, сурет салып мәз болып тезірек мектепке жетуге асығатын. Ол енді үй жұмысымен қатар білім алуға көшіп, тәрбиешілердің қалың ортасына түскеннен кейін өз жауапкершілігін арттыруға кірісетін. Солай болса да ол енді бәрібір, өз уақытының 80%-ын үй жұмысына арнайтын. Өйткені ауылдық жердегі үйдің жұмысы бастан асады. Әке болса, күні бойы колхоздың немесе совхоздың жұмысынан, қала берді мектеп пен аурухана төңрегіннен шыға алмаса, негізінен көп балалы болып келетін шеше, үйдің тірлігінен босай қойған жоқ. Осы аралықтағы балалар болса, үйдің қосалқы жұмыстарының бәрін тындыратын. Ал ондай жұмыстың қайсысы болса да болашақ қоғамдық еңбекке тартылудың таптырмас мектебі іспеттес болатын. Осындай мектептен өткен ұл балалардың көпшілігі әскерде одан әрі шыңдалып, қоғамдық өмірге еркін араласып кететін. Дегенмен, бүгінгі шындық сол, бұрынғы және қазіргі қоғам қайраткерлері мен белді-беделді деген тұлғалы адамдардың бәрі дерлік өтіп келген ауыл мектебіндегі өмірінің құр сұлбесі ғана қалды.

Заслуга деятеля Алаш А. Байтұрсынова в создании партии «Алаш» и изучение исторических причин создания партии. Жизнь и деятельность А. Байтұрсынова на пути к получению автономии и свободы всего казахского народа.

Ключевые слова: *А.Байтұрсунов, партия «Алаш», общественная деятельность, автономия, национальное наследие, история.*

The merit of the Alash activist A. Baitursynuly in the creation of the Alash party and the study of the historical reasons for the creation of the party. The life and work of A. Baitursynuly on the way to gaining autonomy and freedom of the entire Kazakh people.

Key words: A. Baitursynuly, Alash party, public activities, autonomy, national heritage, history.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің өткеніне көз жүгіртсек, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамы мен Ресей отарлау саясатының аумалы – төкпелі заманы тұсында ұлт мүддесін қорғаштаған қайраткерлердің ұлт тарихында өшпес із қалдырғанын жете танимыз Қазақ қоғамының ресей отаршыларының зобалаңы мен езгісін бастарынан өткізе отырып онымен ұлттық мұрат – мүдде тұрғысынан күресе жүріп, ұлттық болмысы және халықтың рухани игіліктері мен құндылықтарын сақтап қалғаны тарихымыздағы белгілі құбылыс.

Еліміздің Ресейдей алып державаның ұстанған саясатының құрбаны бола бастағаны сол тұстағы көзі ашық қазақ зиялы азаматтарын бейжай қалдырмады. Халықтың азаттық жолындағы күресте отаршылдық езгіге қарсы бас көтерген зиялылар елімізді патша үкіметінің озбыр саясатынан азат етіп, тәуелсіздік алуды арман етті. Еліміздің болашағы, халық қамы, ұлт намысы деп ұрандаған ұлт зиялыларының алдыңғы шебінде өткір тілді қоғам қайраткерлері бас көтерді.

XX ғасырдың басында ел қорғаны бола білген қоғам қайраткерлері халықтың ар намысы, азаттығы мен еркіндігін, тәуелсіздігімізді арман етіп партия құру жолында қажырлы еңбек етті. Ал бүгінгідей тәуелсіз ел болып отырған еліміз үшін тарихтың ақтаңдықтар қатарын толықтыру негізгі міндеттердің бірі. Ұлт – азаттық бағыттағы қоғам қайраткерлерінің саяси ұстанымының басты міндеттері – ұлттық сананы ояту әрі ұлттық мемлекет құру болды.

Қазақ даласында Ресей отарлау саясатының елімізге енуі XX ғасыр басындағы тарихымыздағы елеулі құбылыс болды. Патшалық жүйені құлатып оның орнына келген уақытша үкімет сол тұста бұратана халық саналған бодан елдердің ішкі әлеуметтік тұрмыстық аһуалдарын жөндеп аграрлық саясатын реттеуге мүлдем құлықсыз болып, керісінше халықтың жоқшылықтан, аштықтан құрып кетуіне ниетті екенін көрсетті. Бұндай сорақы іс-әрекеттерін әшкерелеп, дабыл қақан ұлт қайраткерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлы қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды десек, ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. [1, 32]. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынов пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындаған. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсыновты бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-рев. Комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Байтұрсыновтың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болғандығы белгілі. 1920 жылы Кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады.[2,17] Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пашкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 қазанда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы XX ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, Ф.Вольтер, С. Я. Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар екенін көрсетті. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына,

методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – әлеументтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болған. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталып өткен. С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Дулатов, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалаған. [3,445]

Қорыта айтқанда XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси –идеялық ахуалдың қалыптасуын А.Байтұрсынұлы секілді тұлғалардың еңбегімен байланыстыруға болады. Ұлт зиялысының саяси –құқықтық,реформаторлық көзқарастары негізінде ұлттық прогресс,саяси бостандық ,ұлттық езгінің құрсауынан босану және тәуелсіз ұлттық демократиялық мемлекет құру идеялары «Алаш » партиясының саясат аренасына келуіне жол ашты. Жалпы мектеп оқушыларына«Алаш »партиясының бағыт –бағдарын ,халықтық ұлттық ұстанымын,тарихи саяси қызметін оқыту арқылы олардың ,отаншылдық,елжандық ,сонымен қатар ұлттық тарихымызға деген құштарлығын ұштай түсеріміз анық.А.Байтұрсынұлы мұрасын ,қайраткерлік қызметін жас ұрпаққа жеткізу біздің ұстаздық парызымыз болып табылмақ

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдіманов Ө. Қазақ газеті/ Ө.Әбдіманов.Алматы,1993
2. Қойгельдиев М. Алашты бұғаудан қашан босатамыз?/ М.Қойгельдинов.Арай №12,1996
3. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін.(Очерктер) авторлық ұжым – Алматы:Дәуір,1994.-445б.

АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВТЫҢ МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ДӘРІПТЕЛУІ

Қаратаева Д.Ғ., әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойыша білім беру бағдарламасының оқытушы- дәріскері, тарих магистрі, **Түктібаева А.О.**, 28 ІТ мектеп-лицейі тарих пәні мұғалімі
І.Жансүгіров атындағы ЖУ, Талдықорған қаласы

E-mail: dkarataeva@bk.ru

Ахмет Байтұрсыновтың есімі бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихына Кемал Ататүрік, Ысмайылбек Гаспыралы есімдерімен мәңгі өшпестей болып алатын әріптермен жазылды. Қазақ халқының тарихында өзінің рухани сана-сезімі мен парасаты және жалпы болмысы жағынан айырықша орын алатын ол фольклорист, ақын-жазушы, публицист, аудармашы, лингвист-ғалым, түрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, қазақтың тұңғыш реформаторы, профессор, «Алаш» партиясын құрушы, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, оқулықтар жазудың білгір маманы, қазақ елінің тәуелсіздікке жетуі үшін жан аямай күрескен ер азаматы, қоғам қайраткері, өз халқының жалындап жанған адал перзенті.

Тірек сөздер: педагог-жазушы, ұлттық жазу, мектеп, тәлімгер.

Имя Ахмета Байтурсынова вписано в историю всех тюркоязычных народов такими буквами, как Кемал Ататюрк, Исмаилбек Гаспыралы. Он фольклорист, поэт-писатель, публицист, переводчик, ученый-лингвист, реформатор-тюрколог, демократ-просветитель, гуманист, педагог, мудрый историк, журналист, первый реформатор казахского народа, профессор, создатель партии «Алаш», первый организатор казахской науки, знаток написания учебников, человек, общественный деятель, пылкий сын своего народа, который самоотверженно боролся за обретение независимости.

Ключевые слова: педагог-писатель, национальное письмо, школа, наставник.

The name of Akhmet Baitursynov is inscribed in the history of all Turkic-speaking peoples with such letters as Kemal Ataturk, Ismailbek Gaspyraly. He is a folklorist, poet-writer, publicist, translator, linguist, reformer-Turkologist, democrat-educator, humanist, teacher, wise historian, journalist, the first reformer of the Kazakh people, professor, founder of the Alash party, the first organizer of Kazakh science, an expert in writing textbooks, a man, a public figure, an ardent son of his people, who selflessly fought for independence.

Key words: teacher-writer, national letter, school, mentor.

Қазақ халқының бізге жеткен рухани мұрасының мәнін ашып, жетік игеруде жазушы-педагогтардың олардың идеясы мен проблемасы туралы ой-пікірлерін зерттеудің қазіргі кезде маңыздылығы ерекше екендігін атап өткен жөн.

Қазақтың ұлт жанды XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 20-30-жылдары өмір сүріп, ағартушылық қызмет атқарған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов сынды педагог-жазушылары. Қазақ жазушы-педагогтарының педагогикалық көзқарастары, олардың Қазақстанда педагогика ғылымы мен білім беру саласына қосқан үлестері бұдан бұрын да ғалымдардың назарына ілініп, зерттеу объектісіне айналған болатын. Атап айтқанда, бұл жөнінде бірнеше диссертациялар қорғалып, монографиялар, оқу құралдары, оқу бағдарламалары, кітапшалар мен мақалалар жарық көрді. Ал олардың еңбектерінің тізімі арнайы библиографиялық көрсеткіштер ретінде бірнеше рет шығарылды.

Р.Б.Үсембаева «А.Байтұрсынов мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу» тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясының бірінші тарауында XX ғасырдың басындағы педагогикалық ой-пікірлердің бүгінгі зерттелу жайына тоқтала отырып, А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына қоғамдық-тарихи жағдайлардың ықпалын ғылыми-педагогикалық тұрғыда саралайды, сол кездегі қаланған білім жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Ал екінші тарауда ғұламаның артына қалдырған еңбектеріндегі адамгершілік мәселелері жан-жақты сарапталып, бүгінгі мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың алғышарттары қарастырылады. Сол мақсатта пән сабақтарының мүмкіндіктерін негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын «Ахметтану» атты пәндік үйірмелерге тарту, «Ахмет поэзиясы» атты кештер жүргізу арқылы оқушылардың рухани құндылық қасиеттерін қалыптастыру мүмкіндіктері қамтылады.

Сонымен, шетел классик-педагогтарының халықтық идея туралы еңбектері және қазақ ғалым-педагогтарының қазақ жазушы-педагогтарының халықтық идеясы туралы жалпылама зерттеулері біздің зерттеуімізге тарихи-теориялық негіз болды.

Қоғамдық тәрбиенің осы компоненттерінің мән-мазмұнын байытып, ауқымын кеңейтетін халықтық тәлім-тәрбие, яғни оның маңызды бөлінбес бөлігі — халқымыздың ойшылдарының ой-пікірлері. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идеяның қоғамдық тәрбие берудегі тағылымы ерекше. Белгілі ғалым-академик Қ.Б.Жарықбаев айтқандай: «Халықтан шыққан үздік ойшыл тәлімгерлер халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алып, дамиды. Ал халықтық тәлім-тәрбие ойшылдардың ой-пікірлері арқылы күрделеніп, шырай алып, ары қарай дамиды». Ал қазіргі еліміздің тәуелсіздік алып, өркениетке бет бұрған кезеңінде халықтық тәлім-тәрбие қоғамның мақсат-мүддесімен үйлесімдік тауып отыр. Осыған орай жан-жақты жетілген тұлғаларды тәрбиелеу іс-әрекетінде халқымыздың рухани-мәдени мұраларын кеңінен пайдалану кезек күттірмейтін мәселеге айналуы біздің проблемамыздың құндылығын арттыруда.

Қазіргі кезеңде жастарға қоғамдық тәрбие берудегі отбасынан кейінгі өте ықпалды орта жалпы білім беретін мектептер екені баршамызға аян. Жасөспірімдерді қоғамның белді мүшесі ретінде өздеріне үлкен жауапкершілік жүктелетінін сезініп, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуі мен қарым-қатынас этикасын ұстануға тәрбиелеу — мектептердегі қоғамдық тәрбиенің басты бағыты.

Мектеп қабырғасында елінің рухани мәдениетін бойына сіңіріп, тілін, дінін сыйлап, халқының өзіне тән төл тәлім-тәрбиесінен тағылым алған оқушылар қоғамда өз орнын тауып, оның белсенді мүшесі бола алатынын қазақ жазушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев және Х.Досмұхамедов өз шығармаларында айтып өткен еді.

Халық арасынан шығып, оның мұң-мұқтажын, мақсат-мүддесін, арман-тілегін көріп өскен, өздерінің шығармаларына оны арқау еткен қазақ жазушы-педагогтарының әрқайсысының келешекке деген тәлімдік ойлары бар. Кеінен бұл - олардың шығармаларындағы халықтық идея.

Жалпы аңғарғанымыз, халықтық идеяның басты түйіні - ғасырлар бойы жиналған рухани құндылықтар негізінде «сегіз қырлы, бір сырлы» ұрпақ тәрбиелеу. Ал мектептерде, жоғарғы оқу орындарында қоғамдық тәрбиенің басты мақсаты жас ұрпақтарды болашақта, қоғамның белсенді мүшелері ретінде, еліміздің көркейіп, дамуына өзіндік үлес қосатын тұлға етіп тәрбиелеу болып табылады.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірде алдына қойған басты мақсаты қазақ халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс жағдайын жақсарту болатын. Педагог-ғалым ол үшін халықты жаппай сауаттандыру керек екенін айтып, өзінің халықтық идеясын насихаттады. Ол «барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетідіру саласында көп ізденді», - деп жазады профессор С. Қалиев.

Ахмет Байтұрсынов халықтық идея туралы ой-пікірлерін «Қазақ» газетінде жариялаған көптеген мақалаларында, «Тіл туралы», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», «Тіл ашар», «Оқу құрал», «Сауат ашқыш», «Оқу құрал» (хрестоматия), «Маса», «23 жоқтау», т.б. еңбектерінде жан-жақты айтып, оларды тікелей іске асырды.

Ахмет Байтұрсынов осы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің басты элементтері мыналар:

1. Ұлттық жазу жүйесі бойынша білім беру;
2. Ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар;
3. Мектепке керек заттар;
4. Мектеп ісін жандандыратын мұғалімдер мен тәрбиешілер.

Міне, осылардың негізінде қазақтың тілі, ауыз әдебиеті, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері туралы халықтық идеяларын мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті.

Ахмет Байтұрсынов ағартушылық қызметінде халық даналығы тудырған фольклорлық мұраларды жинап, зерттеуге ерекше ден қойды.

Ағартушы-ғалым жинап, реттеп, сұрыптап бастырған негізгі фольклорлық мұра — «23 жоқтау». Онда қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау, трагедиялық жырлар берілген. Оларда Бапай батыр, Қаздауысты Қазыбек би, Кенесары, Наурызбай би туралы нақтылы деректер келтірілген. Мысалы, Қаздауысты Қазыбектің қызы Мөңкенің жоқтауында Қазыбек бидің қазақ қауымына пана, қазақтың батырлары мен хандарына ақылшысы болғаны, оның ақылы мен бағының молдығы, көрші елдермен тату болуды көксегені жырланады. Ал «Кенесары-Наурызбай» жоқтауында қазақ хандарының «халық иесі», «халық қорғаушысы» екені айтылып, «Наурызбай төре кеткен соң, бастан тайды бағымыз» деген өкініш білдіріледі.

Сондай-ақ қыз келін болып түскенде орындалатын ғұрып — беташар туралы А.Байтұрсынов былай дейді: «Қыз келіншек болып түскенде бетін көрсетпейді. Ауылға келерде алдына шымылдық ұстап, перделеп келтіреді. Үйге кіргеннен соң да алдына шымылдық тұтып, қыз-келіншек, бала-шағалар болмаса, басқаларға көрсетпей қояды. «Беташар» айтылғаннан кейін беті ашылып, шымылдық алынып, ғұрып бойынша көрінетін адамдарына келіншек сонан соң көрінеді».

Беташардан соң орындалатын ғұрыптың бірі — неке қияр. Ғалымның анықтауынша, «неке қияр сөз» — неке қияр кезде екі ара-да жүретін екі куәнің күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтылатын сөз, бұл әуенмен емес, өлең ұйқасымен, дәйім бір қалыпта айтылады.

А.Байтұрсынов салт-дәстүр жырларының бірі - жарапазанға да тоқталып өтеді. «Жарапазан» рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазан айтатындар екеу болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады», — деп, «жарапазан» сөзінің мәнін, тәрбиелік маңызын түсіндіре келе, оның түрлі орындалу тәсілдерінен мысал келтіреді.

А.Байтұрсыновтың қазақтың тұрмыс-салт жырларының ішінде ерекше мән бергені — «Бесік жыры». Ол: «Бесік жыры, яғни бала тербету — баланы ұйқатту үшін айтылатын өлең; бала тербету түрліше айтылады. Бірақ бүгінге бірдей жалпы келетін жерлері бар», — деп оның мазмұнын сипаттайды.

Осылайша ол ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты орындалатын рәсімдердің мән-маңызын салмақтай отырып, жеке тұлғаның рухани, адамгершілік қасиетін қалыптастырудағы халықтық мұраның рөлін айқындайды.

А.Байтұрсынов мақалдардың жағымдысы да, жағымсызы да болатынын, олардың адам бойында әр түрлі қасиеттердің қалыптастыруына ықпал ететінін атап айтады.

Қазақ арасында жиі айтылатын «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы», «Ашу — дұшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос», «Жоқтық ұят емес, барлық мұрат емес», «Денсаулық — зор байлық», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аларсың», «Ашу алдында шығады, ақыл соңында шығады, т.б. мақалдардың мән-маңызына үңіледі.

Мақал мен мәтелдерді салыстыра отырып, «мәтел дегеніміз — кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел қақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», — деп тұжырымдайды.

Халық даналығынан туған «Көппен көрген ұлы той», «Адасқан қаздай, рудан аздай», «Тамақ тоқ, көйлек көп, уайым жоқ», «Бетегеден биік, жусаннан аласа», «Бір теңге беріп жырлатып, мың теңге.

А.Байтұрсынов мұраларын зерттегенде ғалымның қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуын көксегені, осы жолда маңызды істер тындыруға ұмтылғаны аңғарылады. Әсіресе, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ата-баба дәстүріне аса мән береді. Оны ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ықпалды күштің бірі деп біледі.

Өзінің істеген ісін ата-баба қалдырған мұралармен салыстыра отырып, «Біздің заманымыз — өткен заманның баласы, келер заманның атасы.

Атадан алған мирасымыздың жәйі, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес», — деп қынжылыс білдіреді.

Ағартушы-педагогтың «Маса» атты өлеңдер жинағынан қазақ қоғамындағы әлеуметтік, қоғамдық ойлар, оның азаматтық және халықтық идеялары айқын

көрініс береді. Мұндағы «Қазақ калпы», «Қазақ салты», «Жұртыма», «Туысыма», «Оқуға шақыру», «Жұбату», «Анама хат», «Тілек батам», «Тарту», «Жиған-терген» атты өлеңдерінде туған халқын сүю, оны өнер-білімге шақыру, халықтық салт-дәстүрлерді қастерлеу, анаға мейірімділік, бата- тілектің маңызы, қазақ халқының даналығы, оның тәрбиелік мәні туралы кеңінен сөз болады. Мысалы, «Қазақ салты» атты өлеңінде әрбір азамат туған халқын құлай сүйіп, оның бақыты мен болашағы жолында жұмыр басын құрбан етуге әзір болу керектігін айтса, «Оқуға шақыру» өлеңінде «Балалар, оқуға бар, жатпа қарап, Аллалап ал кітапты қолдарыңа» деп, жас ұрпақты оқу-білімге үндейді. Ал «Жиған-терген» өлеңінен қазақ халқының қасіретке толы тарихы мен тағдыры көз алдына елестейді. «Жұбату» өлеңінде көне халық жырауларының таңдаулы дәстүрінде сөзін тындаушыларына тікелей арнау арқылы ықылым замандардан бермен қарай сахара елінің сәні болған, әр қазақтың жүрегіне қымбат белгілердің бірте-бірте көз ұшынан ғайып болып, жоғалып бара жатқанын жырмен өрнектеп, ойын сауал түрінде жеткізеді.

А.Байтұрсынов «Асыл сөз» атты еңбегінде қазақ халқының сөз өнеріне қатысты дәстүр, әдет-ғұрыптарына жан-жақты тоқтала отырып, оның тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.

«Өнер алды — қызыл тіл», — дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, яғни 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге байланысты болатынына тоқталады. Ақыл мен тілдің мән-маңызы және міндеті туралы былайша пайымдайды: «Ақыл ісі — андау, яғни нәрселердің жәйін ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — түю, талғау»; «Тілдің міндеті — ақылдың андауын андағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау».

Әсіресе сөз өнді, ұнамды болуы үшін сөз өнерінің мән-мазмұнына төмендегі шарттарды қояды: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтылығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі.

А.Байтұрсынов мұраларындағы тәрбиелік мәні бар ұлттық тағылымның негізгі түрі — бата. «Бата — біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз; батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар басы бар табақты алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылып, көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі», — деп, бата беру жолдарын баяндайды. Ол баталарды түрлеріне, айтылу рәсімдеріне байланысты жинақтап, топтайды.

Ғалым жоқтауға да ерекше мән берген. Оның пайымдауынша, қазақта «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз текке айтылмаған. Қазақ халқы тарихының төрт жүз жылын қамтитын 23 жоқтаудың тәлімдік те, білімдік те мәні зор. А.Байтұрсынов «Жоқтауларды» жинап, жарыққа шығарғанда төмендегі ойды басшылыққа алғанын айтады: «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығармайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап пісіп, дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» тілді безеп, жалға-жөнге салып, жүйесін айырып өстіреді. Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек, енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда, мұны естен шығармау керек. Ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлендерді, тағы-тағы осындайларды».

А.Байтұрсыновтың халықтық идеясы өзі редакторы болған «Қазақ» газеті беттерінде жариялаған мақалаларында айқын көрінеді. Мысалы, 1913 жылы газеттің тұңғыш саны шыққанда ол тілге, әдебиетке, мәдениетке байланысты былай деп жазған еді: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз онды емес.

А.Байтұрсынов туған халқын ғылым-білімге ұмтылдыруды көкседі, газет арқылы әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуы қажеттігін көрсете отырып, ол үшін «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйрететін білім де сондай керек», - деп жазды.

А.Байтұрсынов қазақ тіл білімі саласында өнімді еңбек етіп, 1920 жылы «Баяншы» деген атпен әдістемелік құрал, 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді қолданбалы грамматика шығарды.

Белгілі ғалым Р.Сыздықова А.Байтұрсыновтың қазақ мектептері үшін жазған еңбектерінде халықтық идеяны қалай жүзеге асырғанын былайша жүйелеп көрсетеді: «А.Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе — «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші — сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған; бесіншіден — балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, үлкен хрестоматия (олда «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған.

А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасындағы халықтық идеясына М.Әуезов 1923 жылы оның 50 жылдық мерейтойына орай жазған мақаласында мынадай баға берген екен: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түлеткен ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі елшілдік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдары қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болмақ».

Ғалым-тарихшы М.Қозыбаев: «Ахмет Байтұрсынов — ХХ ғасырдың ұлы реформаторы» атты мақаласында «...Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді. Еуропалық күрес рухын ұлттық сарын, әуенмен қабыстырды.

Қорыта келе айтарымыз, А.Байтұрсынов — өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына бар өмірін арналған ғұлама ұстаз, халық педагогы, «ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға».

Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз.

Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы алатын орнына көптеген ғалымдар өз пікірлерін айтқан. Ахмет Байтұрсынов қалыптастырған жаттығу үлгілері мен оқыту әдістері кейінгі

оқулықтар мен әдістемелік еңбектерде одан әрі тереңдетіліп, күні бүгінге дейін қолданылуда. Ғалым оқулықтардағы оқушылардың сөздік қорын байытып, сөз мағыналарын дұрыс қолдануға баулу бағытындағы үлгілер кейін басқа оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасау кезінде өнегелі рөл атқарды.

Қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идеяның мәні — ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде деп түсінеміз. Ахметтің Халелдің қазақ мектептері үшін жазған оқулықтары, Жүсіпбектің ұлттық тәрбие туралы құнды психологиялық пікірлері, Мағжанның педагогикадан тұңғыш ұлттық оқулық жазуы — мұның барлығы мектеп, мұғалім, тәрбие мен оқу мәселелерінің қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатындығын, оның еш уақытта мәні мен маңызын жоймайтын қоғамдық проблема екенін дәлелдейді.

Келешекте мектеп оқушыларына қоғамдық тәрбие берудің әдістемелік негіздерін туралы құнды психологиялық пікірлері, Мағжанның педагогикадан тұңғыш ұлттық оқулық жазуы — мұның барлығы мектеп, мұғалім, тәрбие мен оқу мәселелерінің қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатындығын, оның еш уақытта мәні мен маңызын жоймайтын қоғамдық проблема екенін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байменова Б.С. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының педагогикалық ой-пікірі. Алматы, 2006. – 164 бб.
2. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы.-3-т. Тіл құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер) Алматы: Алаш, 2005.-352б.
3. Кожамбетов С. Педагогика мәселелері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940. -120б.
4. Жарикбаев К.Б., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995. – 346б.
5. Халитова І. Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары. Алматы. 1998. -186б.
6. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы, РБК, 1995. -117б.

УДК 14.25

<https://doi.org/10.53355/a0894-8790-8640-t>

СИНЕРГЕТИКА И ПЕДАГОГИКА

Катенов А.К., к.и.н., почетный профессор,

Исабекова А.К., магистр, старший преподаватель

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган

E-mail: a.kz.80@mail.ru

В статье дается характеристика понятия «синергетика» и ее дефиниции. Автором проанализированы возможности применения синергетики в педагогике, показана роль синергетики в развитии педагогической системы.

Ключевые слова: синергетика, система, самообразование, педагогическая синергетика.

Мақалада "синергетика" ұғымы мен оның анықтамаларына сипаттама берілген. Автор педагогикада синергетиканы қолдану мүмкіндіктерін талдады, педагогикалық жүйенің дамуындағы синергетиканың рөлін көрсетті.

Тірек сөздер: синергетика, жүйе, өзін-өзі тәрбиелеу, педагогикалық синергетика.

The article describes the concept of "synergist" and its definition. The author analyzes the possibilities of using synergetics in pedagogy, shows the role of synergetics in the development of the pedagogical system.

Key words: synergetics, system, self-education, pedagogical synergetics.

В образовательной политике Казахстана происходят процессы модификации системы, активно внедряются новые прогрессивные технологии, имеющие междисциплинарный характер. Среди них особую роль играет синергетика как научное направление, которое нацелено на исследование сложных нелинейных открытых систем.

Термин «синергетика» происходит от греческого «synergetikos» - совместный, согласованно действующий. «Большом энциклопедическом словаре» «синергетика» определяется как «научное направление, изучающее связи между элементами структуры (подсистемами), которые образуются в открытых системах ... благодаря интенсивному (потокосому) обмену веществом и энергией с окружающей средой в неравновесных условиях. В таких системах наблюдается согласованное поведение подсистем, в результате чего возрастает степень ее упорядоченности, т.е. уменьшается энтропия (так называемая самоорганизация)» [1].

Философский словарь содержит более развернутое определение: «Синергетика - современная теория самоорганизации, новое мировидение, связываемое с исследованием феноменов самоорганизации, нелинейности, неравновесности, глобальной эволюции, изучением процессов становления «порядка через хаос», бифуркационных изменений, необратимости времени, неустойчивости как основополагающей характеристики процессов эволюции» [2]

В научной литературе широко употребляется определение, предложенное Г.Хакеном, который считает, что синергетика - это «совокупный коллективный эффект взаимодействия большого числа подсистем, приводящий к образованию устойчивых структур и самоорганизации в сложных системах» [3].

Исходя из вышеизложенного, мы можем заключить, что предметом синергетики являются механизмы самоорганизации и поэтому её называют теорией самоорганизации. Процесс самоорганизации происходит в результате взаимодействия случайности и необходимости и всегда связан с переходом от неустойчивости к устойчивости.

В последнее время в научной литературе появился термин «педагогическая синергетика». Под педагогической синергетикой понимается только становящаяся на прочную позицию область педагогического знания, мировоззрение которой отражено в теории, принципах и закономерностях самоорганизации педагогических систем.

Педагогическую синергетику рассматривают:

в качестве синтеза многофакторных взаимодействий во встречающихся процессах воспитания и самовоспитания, образования и самообразования, обучения и самообучения, материализующихся в личности обучающихся ;

как область педагогического знания, которая основывается на законах и закономерностях синергетики - законах и закономерностях самоорганизации и саморазвития педагогических, т.е. образовательно-воспитательных, систем;

как особую концепцию миропонимания, согласно которой педагогический процесс есть открытая макросистема, где свободно перемещаются образовательно-воспитательные теории, направления .

В.И. Андреев предлагает назвать педагогической синергетикой «область педагогического знания, которая основывается на законах и закономерностях синергетики, то есть законах и закономерностях самоорганизации и саморазвития педагогических, то есть образовательно-воспитательных систем». [4].

Казахстанские исследователи в области синергетики в педагогике З.Ж. Жанабаев и Б.А. Мукушев считают синергетику как парадигму системы образования, подразумевающую обучение как развитие творческих начал и культуры личности, которые приводят к самообразованию, саморазвитию и самовоспитанию студента и школьника [5].

В. Г. Буданов считает, что использование синергетического подхода в образовании возможно по трем направлениям:

1. *Синергетика для образования.* В этой связи предлагаются интегративные курсы по завершению очередного цикла обучения.

2. *Синергетика в образовании.* Это направление характеризуется внедрением в частных дисциплинах материалов, иллюстрирующих принципы синергетики. В каждой учебной дисциплине имеются разделы, изучающие процессы становления, возникновения нового. Здесь уместно, наряду с традиционным, использовать язык синергетики, позволяющей в дальнейшем создать горизонтальное поле междисциплинарного диалога.

3. *Синергетика образования.* Данное направление предусматривает синергетичность самого процесса образования, становления личности и знания. Примеры педагогического мастерства и авторских методик есть лучшие образцы приложения целостных синергетических подходов. Однако сегодня проблема не в том, чтобы создать единую методику, а в том, чтобы научить педагога осознанно создавать свою, только ему присущую методику и стиль деятельности, оставаясь на позициях науки о человеке.

В педагогической литературе обсуждается и другой подход к использованию идей синергетики в образовании. Согласно этому подходу, М. А. Федорова выделяется два основных направления:

1. *Синергетика в содержании образования* - формирование основных синергетических понятий через знакомство с миром сложных нелинейных систем, определение этих понятий и перенос их в другие области знания. Это позволит преодолеть границы между дисциплинами учебного цикла. Сам же процесс направлен не на увеличение количества информации, а на построение и изучение универсальной модели развития.

2. *Синергетика в организации образовательного процесса* - создание образовательных программ как образа развития, изменение отношений между субъектами образовательного процесса как своеобразный путь поэтапного изменения возможностей, по которому субъект совершит движение через образовательное пространство. [6].

Синергетика предлагает специфические методы обучения: самообразование, нелинейный диалог, пробуждающее обучение, обучение как адаптивная модификация, обучение как фазовый переход и др. Поскольку самоорганизация является одним из ключевых понятий синергетики, то в аспекте образования это в первую очередь означает самообразование. Следовательно, лучшее управление — это самоуправление.

Синергетика как междисциплинарное научное направление может быть приемлема в решении важнейших задач, состоящих перед научной педагогикой. Если прежде, задача педагогики заключалась в формировании у обучаемого знания, умения и воспитания, то синергетика под обучением подразумевает развитие у обучаемого прежде всего творческих начал, мотивированную культуру личности. А если личность (школьник, студент) стремится к самообразованию, естественно растет саморазвитие, чем выше интеллект, тем воспитаннее личность. [7].

Мы согласны с утверждениями о том, что образование – это открытая система, поскольку, во-первых, в ней постоянно идет процесс обмена информацией (знаниями) между преподавателем и обучающимся (обратная связь), целенаправленного добывания информации. Во время этого процесса появляются новые цели, методы и средства обучения. Во-вторых, меняется содержание образования, т. к. оно не соответствует системе знаний и умений обучающихся в данный момент. Возникает нелинейность, как процесса, так и результата. Результат образовательного процесса всегда отличен от замыслов его участников. В-третьих, постоянно увеличивающееся образовательное информационное пространство выводит систему из устойчивого равновесия.

Обобщая все вышесказанное, приходим к следующему выводу: образование, построенное на принципах синергетики, наиболее эффективно отвечает потребностям всестороннего раскрытия способностей личности и способам непрерывного самообразования.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Большой толковый словарь русского языка. - 1-е изд-е: СПб.: Норинт С. А. Кузнецов. 1998
2. Физический энциклопедический словарь. Москва «Советская энциклопедия» 1983. <http://www.philosophydic.ru/sinergetika>
3. Хакен, Г. Синергетика: пер. с англ. Г. Хакен. - М., 1980. - 406 с
4. В.И. Курейчук, В.И.Писаренко Синергетические принципы в моделировании педагогической систем//Открытое образование, 6/2013 С.8
5. Жанабаев З.Ж., Мукушев Б.А. Синергетика в педагогике. Алматы, 2002. С.51, 48.
6. Якушева С.Д. Синергетический подход в развитии профессионального мастерства современного педагога // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. XIII междунар. науч.-практ. конф. Часть II. – Новосибирск: СибАК, 2012.
7. Б.А. Мукушев Синергетика в системе образования. Дискуссии// Образование и наука. 2008 №3 (51).-С.107

ӘОЖ 373.545

<https://doi.org/10.53355/n5851-9542-2763-x>

АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІНЕН КҮРДЕЛЕНГЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ

Куатбекова А.М., химия мамандығының 4 курс білімгері
Ғылыми жетекші: Сыдыкбаева С.А., х.ғ.к., оқытушы-дәріскер
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: aida_kuatbekova01@mail.ru

Мақала жалпы білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарында аналитикалық химия пәнінен күрделілігі жоғары есептерді шешуге арналған және оны тәжірибе жүзінде іске асыру жолдары қарастырылған.

Тірек сөздер: күрделі есеп түрлері, есептерді шығару әдістері, тиімді тәсілдер.

Статья посвящена решению задач повышенной сложности аналитической химии в общеобразовательных учреждениях, высших учебных заведениях и рассмотрены пути ее практической реализации.

Ключевые слова: виды сложных задач, методы решения задач, эффективные способы.

The article is devoted to solving problems of increased complexity of analytical chemistry in general education institutions, higher educational institutions and considers ways of its practical implementation.

Key words: types of complex problems, methods of solving problems, effective methods.

Аналитикалық химия эксперименталды ғылым болып табылады, дегенмен аналитикалық химия жаңа ғылыми бағыттарды сәтті дамыта алуы және болашақта практикалық мәселелерді өз бетінше шешуі үшін қазіргі заманғы талдау әдістерінің теориялық негіздерін меңгеруі қажет. Бұл әрине, есептеу мәселелерін шешуге ықпал етеді, аналитикалық химияның әртүрлі салаларының теориясы мен тәжірибесіне қатысты.

Есептер шығару – химиялық ойлауды дамытудың ең маңызды құралы, теорияны практикамен байланыстырудың, алған білімдерін іс жүзінде қолданудың бір жолы. Ойлаудың ұтымды әдістерін қалыптастыратын, білім формализмін жойып, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыратын, дербестікті дамытатын есептер шығарудың дамытушылық қызметі де зор [1].

Химиялық есептер - бұл шартты, функционалдық тәуелділікті және жауапқа қойылатын талаптарды қамтитын сұрақтық жағдаятпен танымдық тапсырмалар. Тапсырмалар дидактикалық мақсатына сәйкес химиялық тілдің сандық және сапалық сипаттамалары арасындағы тұтастықты белгілейтін білім мен дағдыны интегративті қолдану құралы болып табылады.

Химиялық есептерді шешу процесі кроссвордтар ұнататындай көңілді және қанағаттанарлық болуы керек. Есептерді шешу кезінде білімгерлердің ойлау процесін құру қабілетін қалыптастыруға ұмтылу сабақты нақты жоспарлау мен үй тапсырмасына негізделген проблемалық жүйелерді құруға әкелді [2].

Химияны оқытуда күрделілігі жоғары есептерді шешу маңызды орын алады. Есептерді шешу барысында алған білімдері бекітіледі, практикада қолдана білу қабілеттері дамиды, пәнаралық коммуникацияларды жүзеге асыру. Өкінішке орай, есептерді есептеп шешу, әсіресе аналитикалық химия элементтерімен (олимпиада) есептеулер үшін көп уақытты қажет етеді. Негізі білімгерлердің білім деңгейіне байланысты. Дегенмен, химиядағы мұндай есептерді шығару білімгерлерге химиялық ұғымдар мен заңдылықтарды жақсы түсінуге көмектеседі. 90-жылдары XX ғасырда есептерді есептеп шешу үшін бағдарламаланатын құралдарды пайдалану ұсынылды: микрокалькуляторлар, ал XXI ғасырдың басында – графикалық калькуляторлар [3].

Көбінесе есептерді шешу мұғалімнің бар білімді пайдалана отырып ұсынатын нақты мысалға сәйкес жүзеге асырылады. Көбінесе «Ғылым және білім: жаңа уақыт» тек химиялық емес, математикалық тілді де қате пайдаланады. Бірінші рөл, әдетте, нәтиже (шешім) алуға тағайындалады және шешімнің түсіндірмесі жоқ. Мәселені шешудің негізгі әдістерін келесідей жіктеуге болады:

- 1) есептеу формулаларын қолдану;
- 2) графикалық әдіс.

Студенттердің педагогикалық практикадан өту кезінде аналитикалық химияның күрделілігі жоғары есептерді шешу қабілетін анықтау үшін педагогикалық зерттеу жүргізілді. Оның барысында аналитикалық химияның есептерді шешу алгоритмінің үш түрі анықталды: тізбектей тармақталған, қарсы және альтернативті.

Білімгерлердің көпшілігі логикалық әрекеттердің айтарлықтай санын қажет ететін есептерді шығарғанда, ең алдымен оны шешудің ретті немесе тізбектелген тармақталған алгоритмін құруға тырысады.

Есепті шешудің жалпы алгоритмі келесідей:

1. Тапсырманың мәтінін мұқият оқып, оның мәнін түсіну.
2. Есепті шешудің химиялық бөлігін орындаңыз. Ол келесі кезеңдерден тұрады:
 - * тапсырма шартының қысқаша жазбасы;
 - * зерттеу;
 - * талдау.
3. Тапсырманың математикалық бөлігін орындаңыз. Ол келесі кезеңдерден тұрады:
 - * шешудің ұтымды тәсілін таңдау;
 - * формулаға салып есептеулер жүргізу;
 - * есептің жауабын жазу.
4. Алынған нәтижелерді тексеріңіз [4].

Есеп №1. 3 моль/л натрий хлориді NaCl мен 2 моль/л күкірт қышқылы H_2SO_4 өзара әрекеттессе, қайтымды реакция $\text{NaCl} + \text{H}_2\text{SO}_4 \rightleftharpoons \text{NaHSO}_4 + \text{HCl}$, химиялық тепе-теңдігі қандай концентрацияларда орнатылады? Бұл реакцияның 25°C температурадағы химиялық тепе-теңдік константасы 0,85.

Шешуі . 1. Реакция барысында x моль натрий сутегі сульфат NaHSO_4 және x моль хлорсутек HCl алынды деп алайық. Демек, тепе-теңдік орнатылған кезде әрекеттесуші заттардың концентрациялары тең болады:

$$[NaHSO_4] = [HCl] = x, [NaCl] = 3 - x, \\ [H_2SO_4] = 2 - x$$

Химиялық тепе-теңдік константасының теңдеуін жазып, оған сандық мәліметтерді енгізейік:

$$\frac{[NaHSO_4] \cdot [HCl]}{[NaCl] \cdot [H_2SO_4]} = \frac{x \cdot x}{(3-x)(2-x)} = 0,85$$

Бұдан $\frac{x^2}{x^2-5x+6} = 0,85$, немесе $x^2 = 0,85(x^2 - 5x + 6) = 0,85x^2 - 4,25x + 5,1$

Бұл теңдеуді шеше отырып, біз аламыз:

$$x = \frac{-4,25 \pm \sqrt{(4,25)^2 - 4 \cdot 0,15 \cdot (-5,1)}}{2 \cdot 0,15} = 1,15 \text{ (моль)}$$

Солай, $[NaHSO_4] = [HCl] = 1,15 \text{ моль}$

$[NaCl] = 3 - 1,15 = 1,85 \text{ моль}$, $[H_2SO_4] = 2 - 1,15 = 0,85 \text{ моль}$.

Жауабы: $[NaCl] = 1,85 \text{ моль}$, $[H_2SO_4] = 0,85 \text{ моль}$.

Есеп №2. Сірке қышқылының иондану константасын есептеңіз, егер иондану дәрежесі 0,1 н, оның ерітіндісі 1,35%-ке тең.

Шешімі. Сірке қышқылының иондану константасын есептеу үшін иондану дәрежесінің пайызбен көрсетілген мәнінен оның мольмен көрсетілген мәніне өту керек. Сірке қышқылы бір негізді, сондықтан 0,1 н оның ерітіндісі 0,1 М.

Осы жерден

1 моль-----100%

x моль -----1.35%

$$x = \frac{1,35 \cdot 1}{100} = 0,0135 \text{ (моль/л)}$$

немесе $\alpha = 1,35 : 100 = 0,0135 \text{ (моль/л)}$

Сұйытпа заңының теңдеуіне сәйкес аламыз:

$$K = \frac{0,1 \cdot 0,0135^2}{1 - 0,0135} = 1,85 \cdot 10^{-5}$$

Сол сияқты сірке қышқылының 0,1 н ерітіндісінің иондану константасын есептей аламыз ($\alpha=0,42\%$):

$$K = \frac{1 \cdot 0,0042^2}{1 - 0,0042} = 1,80 \cdot 10^{-5}$$

Жауабы: $K(CH_3COOH) = 1,80 \cdot 10^{-5}$.

Есеп №3. 1 литрде 0,001 моль калий-алюминий сульфаты бар ерітіндідегі иондардың активтілігін есептеңдер.

Шешуі.

1. Ерітіндінің иондық күшін есептейік:

$$\mu = \frac{1}{2} ([K^+] \cdot 1^2 + [Al^{3+}] \cdot 3^2 + 2[SO_4^{2-}] \cdot 2^2) = \frac{1}{2} (0,001 \cdot 1 + 0,001 \cdot 9 + 2 \cdot 0,001 \cdot 4) \\ = 0,009$$

2. Бұл иондардың активтілік коэффициенттерінің жуық мәнін табамыз. Сонымен, қарастырылып отырған мысалда иондық күш 0,009. 8-кестеде көрсетілген ең жақын иондық күш 0,01. Сондықтан үлкен қателіксіз калий иондары үшін $f_{K^+} = 0,90$ қабылдай аламыз; алюминий иондары үшін $f_{Al^{3+}} = 0,44$, ал сульфат иондары үшін $f_{SO_4^{2-}} = 0,67$.

3. Иондардың активтілігін есептейік:

$$a_{K^+} = cf = 0,001 \cdot 0,90 = 0,0009 = 9 \cdot 10^{-4} \text{ (г-ион/л)}$$

$$a_{Al^{3+}} = cf = 0,001 \cdot 0,44 = 0,00044 = 44 \cdot 10^{-4} \text{ (г-ион/л)}$$

$$a_{SO_4^{2-}} = 2cf = 2 \cdot 0,001 \cdot 0,67 = 0,00134 = 1,34 \cdot 10^{-3} (\text{г} - \text{ион/л})$$

Жауабы:

$$a_{K^+} = 9 \cdot 10^{-4} (\text{г} - \text{ион/л}),$$

$$a_{Al^{3+}} = 44 \cdot 10^{-4} (\text{г} - \text{ион/л}),$$

$$a_{SO_4^{2-}} = 1,34 \cdot 10^{-3} (\text{г} - \text{ион/л}).$$

Есеп №4. Егер ерітіндінің $pH=5,25$ болса, ерітіндідегі сутегі иондарының концентрациясын есептеңдер.

Шешуі.

$$1. pH = -\lg[H^+]. \text{ Демек, } \lg[H^+] = -pH = -5,25.$$

2. $-\lg[H^+] = -5,25 = \lg 6,75$. Антилогарифм кестесін пайдаланып, табылған логарифмге сәйкес санды табамыз.

3. Егер $\lg[H^+] = 6,75$ болса, онда сан 0,000005623 немесе $5,62 \cdot 10^{-6}$ болады. Демек, $[H^+] = 5,62 \cdot 10^{-6} \text{г} - \text{ион/л}$.

$$\text{Жауабы: } [H^+] = 5,62 \cdot 10^{-6} \text{г} - \text{ион/л}.$$

Есеп №5. $pH=4$ буферлік ерітінді алу үшін 100 мл 2 М сірке қышқылы ерітіндісіне натрий ацетатының CH_3COONa 0,5 М ерітіндісіне қанша қосылуы керек?

Шешімі.

$$1. pH = pK - \lg \frac{C_{\text{қышқыл}}}{C_{\text{тұз}}}$$

$$\text{Осыдан } \lg \frac{C_{\text{қышқыл}}}{C_{\text{тұз}}} = pK - pH$$

Сандық мәліметтерді қойып, мынаы аламыз:

$$\lg \frac{C_{\text{қышқыл}}}{C_{\text{тұз}}} = 4,76 - 4,00 = 0,76$$

$\lg$ саны 0,76=5,754. Сондықтан қышқыл концентрациясының тұз концентрациясына қатынасы 5,754:1 болуы керек.

2. Буферлік жүйедегі қышқылдың концентрациясын табамыз:

1000 мл 2 М ерітіндіде

2 моль CH_3COOH

100 мл 2 М ерітіндіде

0,2 моль CH_3COOH бар

3. Қышқылдың концентрациясын біле отырып, буферлік жүйедегі тұздың концентрациясын табамыз; ол 0,2:5,75=0,03475 (моль)-ға тең болуы керек.

4. Құрамында 0,03475 моль бар 0,5 М натрий ацетаты CH_3COONa ерітіндісінің мөлшерін табамыз:

1000 мл 0,5 М ерітіндіде

0,5 моль CH_3COONa

x мл 0,5 М ерітіндіде

0,03475 моль CH_3COONa бар

$$x = \frac{0,03475 \cdot 1000}{0,5} = \frac{34,75}{0,5} = 69,5 (\text{мл})$$

Жауабы: 69,5 (мл)

Химияны оқытуда күрделілігі жоғары есептерді шешу маңызды орын алады. Аналитикалық химияның оқу материалын тереңірек, әрі толық игеру қамтамасыз етіледі және алған білімдерін өз бетінше қолдану мүмкіндігі дамиды.

Есептерді шешу барысында алған білімдері бекітіледі, практикада қолдана білу қабілеттері дамиды, пәнаралық коммуникациялар жүзеге асырылады.

Қорытындылай келе, аналитикалық химия элементтерімен күрделілігі жоғары есептерді шешуге дайындық логикалық ойлауды, есте сақтауды, себеп-салдарлық байланыстарды орнату қабілетін дамытуға ықпал етеді, олардың білімін тереңдетеді, ынтасын, эрудициясын, жұмыс істеу қабілетін, табандылығын арттырады, оқуға деген шығармашылық қатынасты ынталандырады, шығармашылық ойлауды белсендіреді, дарындылықты дамытады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметов Б.В. Задачи и упражнения по физической и коллоидной химии. – Л.: Издательство «Химия», 1989. – 240 с.
2. Аналитикалық химия : оқулық / Қ.С.Құлажанов - Алматы : АТУ, 2004 - .Т.1. - 356 б.
3. Бондарь Л.О., Северин Л.Е. Химия. Всё для учителя // Подготовка школьников к химическим олимпиадам. – 2012. – № 9. – 40 с
4. Аналитикалықхимия :оқулық / Г. Л. Бадавамова, Г. С. Минажева. - Алматы : Экономика, 2011. - 474 бет.

УДК 379.85

<https://doi.org/10.53355/s3159-8795-6641-z>

ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ. БАЛХАШ-АЛАКОЛЬСКИЙ БАСЕЙН

Мусалиева А. А.

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган

E-mail: musalieva.93@mail.ru

В статье рассматриваются туристско-рекреационные ресурсы Алматинской области, в том числе Балхаш-Алакольский бассейн.

Балхаш-Алакольский бассейн располагает значительным рекреационным и туристическим потенциалом, основу которого составляют природные и культурно-исторические достопримечательности.

Ключевые слова: Балхаш-Алакольский бассейн, туристско-рекреационные ресурсы, туризм.

Мақалада Алматы облысының туристік-рекреациялық ресурстары, соның ішінде Балқаш-Алакөл бассейні қарастырылады

Балқаш-Алакөл бассейнінің негізін табиғи және мәдени-тарихи көрікті жерлер құрайтын айтарлықтай рекреациялық және туристік әлеует бар.

Тірек сөздер: Балқаш-Алакөл бассейні, туристік-рекреациялық ресурстар, туризм

The article discusses the tourist and recreational resources of the Almaty region, including the Balkhash-Alakol basin.

The Balkhash-Alakol basin has a significant recreational and tourist potential, which is based on natural and cultural and historical attractions

Keywords: Balkhash-Alakol basin, tourist and recreational resources, tourism

Туристско-рекреационные ресурсы - понятие историческое, так как на протяжении веков изменялась роль отдельных видов ресурсов и их структуры, объем туристских потребностей, что приводило и приводит к вовлечению в оборот все новых элементов как природного, так социально-экономического характера.

Место рекреационного туризма в туристской системе значительно, так как именно данный вид туризма является всеохватывающим и проникающим в другие формы и виды туризма.

Именно рекреационный туризм является сутью того понятия «туризм», которое изначально в нем закладывалось, другими словами - это не шоп-туры, не деловые поездки по работе, не поездки за границу с целью получения образования, то есть по своей сути рекреационный туризм - это «чистый» туризм, при помощи которого реализуются потребности человека непосредственно в отдыхе, развлечениях и оздоровлении.

Алматинская область по праву обладает серьезным потенциалом для развития всесезонного внутреннего и въездного туризма. Это огромная территория контрастов, где

практически рядом с крупными мегаполисами и городами находятся большие пространства нетронутой цивилизацией природы.

Город Алматы и Алматинская агломерация, с точки зрения туристско-рекреационного освоения, представляют собой один из наиболее перспективных и динамично развивающихся регионов Казахстана, более 20% всех туристско-рекреационных ресурсов Казахстана сосредоточены на территории Алматинской области.

Балхаш-Алакольский бассейн является одной из крупнейших озерных экосистем планеты и представляет собой уникальный природный комплекс, по площади превышающий размеры многих государств. Он занимает обширную территорию в 415 тыс. кв. км на юго-востоке Казахстана и северо-западе Китая. В бассейне проживает пятая часть населения страны, половину которого составляют сельские жители.

Территория Балхаш-Алакольского бассейна в Республике Казахстан расположена между 73...83° в.д. и 43...48° с.ш. Общая протяженность водораздельной линии около 4 тыс. км. Площадь рассматриваемой территории более 500 тыс. км², в том числе в пределах Республики Казахстан - 400 тыс. км². Протяженность бассейна с запада на восток более 900 км. а с севера на юг - 680 км.

Общая площадь земель всех категорий землепользователей в границах Балхаш-Алакольского бассейна по данным Главного управления землепользования и землеустройства составляет 34333 тыс. га, в том числе сельскохозяйственных угодий 26593,82 тыс. га.

В сельскохозяйственных угодьях преобладающее положение занимают пастбища 24072,76 тыс. га, или 90,5% от всех земель. Основная часть земель сельскохозяйственного назначения закреплена за крестьянскими хозяйствами и фермерами.

В пределах рассматриваемого бассейна 13% составляют земли госзапаса. В основном это пастбища низкого качества с урожайностью 1,5...2 цга, труднодоступные, со сложными условиями обводнения.

По бассейновой принадлежности рассматриваемая территория делится на два естественных района - бассейн оз. Балхаш и бассейн Алакольской впадины. Административно в бассейн входят г. Алматы, 16 районов Алматинской области с городами, Талдыкорган, Капшагай, Текели; Аягозский и Урджарский районы Восточно-Казахстанской области; Актогайский и Шетский районы Карагандинской области с г. Балхаш; Кордайский, Мойынкумский и Шуйский районы Жамбылской области, а также северо-западная часть Синьцзян - Уйгурского автономного района Китайской Народной Республики.

В настоящее время в бассейне имеется 14 водохранилищ, из них 12 в Алматинской области и 2 - в Восточно-Казахстанской.

Кроме перечисленных выше водохранилищ, в разные годы в Балхаш-Алакольском бассейне были построены водохранилища ирригационного назначения.

В Балхаш-Алакольском бассейне насчитывается 10842 озер, из них с площадью менее 1 км² - 10775 и более 1 км² - 67. Общая площадь озер 22,4 тыс. км².



Балхаш-Алакольский бассейн

Климатические условия бассейна определяются глубоким внутриконтинентальным положением региона, подверженного вторжениям арктических и тропических воздушных масс, а также широтной и вертикальной зональностью бассейна.

Основой промышленности Балхаш-Алакольского бассейна являются минерально-сырьевые ресурсы. Их многообразные естественные богатства, главным образом, минерального сырья, поставили Балхаш-Алакольский бассейн в ряд приоритетных регионов в развитии производительных сил Казахстана.

Основой промышленности бассейна являются медьсодержащие и полиметаллические руды. На их базе действует Балхашский горно-металлургический и Текелийский свинцово-цинковый комбинаты. Из других отраслей - завод свинцовых аккумуляторов в Талдыкоргане, фарфоровый завод в Капшагае, сахарные заводы в Боролдае и Жансугурове.

В бассейне озера Балхаш и Алакольской системы озер представлены живописные ландшафты, в частности, в верховьях реки Или, на Капшагайском водохранилище, в дельте реки Или, в устьях рек Тентек, Урджар, Эмель и являются местом отдыха населения и туристов у воды. Организованные охотничьи хозяйства привлекают охотников и рыболовов, а акватории озер и водохранилищ любителей водного спорта. Минеральные воды и грязи являются основой организации лечебных учреждений.

Потенциал горных районов представлен Долиной замков, сказочно голубыми водами Кольсайских озер, затопленными мачтами лесов на озере Каинды и Поющим барханом, кладбищами динозавров, бесконечно длинными и еще не до конца изученными лабиринтами ледовой пещеры, престижными вершинами Хан-Тенгри и Мраморной стеной.

Такие природные заповедные места, как уникальная Шарынская ясеневая роща, охраняемая государством как памятник природы, Алматинский заповедник, Или-Алатауский государственный национальный парк, Государственный заказник Семиреченский лягушкозуб, национальный парк Алтын-Эмель,

Не менее богато культурно-историческое наследие региона. Многочисленные курганы (один из которых сохранил до наших дней тайну золотого воина), развалины городов, существовавших на Шелковом Пути, разнообразные наскальные рисунки, загадочные буддийские надписи способны возбудить любопытство самого искушенного путешественника.

Однако в регионе, как и в целом по стране, не ведется планомерной целенаправленной работы по учету и управлению этого исключительно ценного общенародного достояния. Региональный рекреационный и туристический комплексы в настоящее время представляют сложную, недостаточно управляемую систему с разно ведомственной подчиненностью рекреационных учреждений различного профиля, что является серьезным тормозом для решения многих проблем организационно-экономического характера.

Индустрия туризма, особенно в период ее начального развития, становления, субъекты малого предпринимательства, занятые в сфере туристической экономики, требует постоянного внимания и поддержки. Поэтому, необходима единая система управления туризмом, выполняющая функции контроля и координации деятельности этой сложной и интересной отрасли экономики.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Балкаш-Алакольская впадина // Казахстан. Национальная энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004.
2. Водные ресурсы Казахстана / – Алматы: НИЦ Гылым, 2002. – 413 с.
3. Самакова А. Б. Проблемы гидроэкологической устойчивости в бассейне озера Балхаш. — Алматы: Каганат, 2003. — 583 с. — ISBN 9965-25-136-3.

**БИОЛОГИЯ КУРСЫН ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ****Оразалиева Ж.Н.**, магистрант, **Мамыкова Р.У.**, б.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет, Шымкент қ.

E-mail: Zhazi_akzhaik@mail.ru, Roza.mamykova@mail.ru

Бұл мақалада жобалаудың ең басты операциялдық ерекшелігі – оның қайта құрулар мен жаңғыртуларға бағытталуы. Жобалаудың белгілі бір объектіні жаңа түрге айналдырып, оны қайта жаңғырту қызметін атқаруы. Осыған орай, жобалаудың басқарудың ерекше қызметі ретінде дамытудың маңызы зор екені дәлелденген. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап ететіндігінде. Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Тірек сөздер: жоба, технология, прагматикалық педагогика, инновация

В этой статье подчеркивается, что главной оперативной особенностью проектирования является его направленность на преобразования и модернизацию. Проектирование выполняет функцию преобразования конкретного объекта в новый вид и его реконструкции. В этой связи доказано, что проектирование как особая функция управления имеет большое значение для развития. Эффективное применение современных передовых технологий в школьной практике обусловлено, прежде всего, тем, что они требуют глубокого, всестороннего изучения. Новая образовательная парадигма предполагает удовлетворение познавательных и духовных потребностей и формирование всесторонне развитой, творческой личности, рассматривая ребенка как субъекта учебной деятельности, формируя ценностные ориентации на образование на основе творческих интересов.

Ключевые слова: проект, технология, прагматическая педагогика, инновации

This article emphasizes that the main operational feature of the design is its focus on transformation and modernization. Design performs the function of converting a specific object into a new form and reconstructing it. In this regard, it is proved that design as a special management function is of great importance for development. The effective use of modern advanced technologies in school practice is primarily due to the fact that they require deep, comprehensive study. The new educational paradigm assumes the satisfaction of cognitive and spiritual needs and the formation of a comprehensively developed, creative personality, considering the child as a subject of educational activity, forming value orientations for education based on creative interests.

Key words: project, technology, pragmatic pedagogy, innovation

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап интеллектуалды әрекеттерді ұйымдастырумен қатар оларды жобалау бағдарламасы да жүзеге асырыла бастады. Жобалау бағдарламасының негізі ретінде тек теориялық білімдер ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік білімді де қалыптастыру жүзеге асырыла бастады.

Жобалау технологиясы пайда болған кезден бастап жобалар ғылыми негізде, дәл есептелген түрде жасалатын және негізінен технологиялық қызметтерді қолданатын белгілі бір нәрсенің нобайы деп түсіндірілген болатын. Кейін келе өзінің кең айқымда таралуына

байланысты жобалау әмбебаптық сипатқа ие болды. Мысалы: экстенсивтік тұрғыдан қарастырсақ, жобалау ғылымның барлық саласында өнеркәсіп пен құрылыста, мәдениет пен саясатта, білім беруде кеңінен қолданылды. Ал интенсивтік тұрғыдан қарастыратын болсақ, жобалаудың тақырыбы мен объектісі, әдістері мен проблемалары, құрылымы бірдей болып келетін рефлексиялық құралдар арқылы ұйымдастырылатыны да байқалды. Осындай әртүрлі салаларда жобалауды қолдану жобалаудың әлеуметтік тиімділігінің көрсеткіштері болып саналады [1].

Ғалымдардың пікірінше, жобалау «сызба арқылы көрсету шеңберінен асып болашақ ситуацияны көзге көрсететін және адам баласын қоршаған жаңа жағдайларды өзгертудің негізін салады». Жобалау техникалық, инженерлік, архитектуралық салаларда жоспарлау, модельдеу «болашақ бейнені» құрастыру мақсатында қолданылып келді. Жобалау әрекетінің ықпалымен ғылыми зерттеулердің ғылыми-техникалық әрекеттердің басты түрі ретінде қарастырылуы азая бастады. Сонымен қатар жоспарлау түрі де жобалауға сәйкес өзгеріске түсті. Ақпараттық технологиялардың дамуына сәйкес компьютерлік бағдарламалау мен басқару тетіктері, оның құралдары өзгерді, осыдан келіп, жобалау түсінігі үнемі өзгеріп отыратыны белгілі болды. Соған қарамастан, жобалау мен зерттеуді біріктіретін нәрсе – олар үшін шынайы объектілердің ортақ болуы, ал объект өзін нысан ретінде алып отырған жағдайға сай ғылыми танымдық немесе жобалау қатынасы болған кезде ғана шынайы объект болып табылады.

Жобалаудың мәдениеттану, философия, әлеуметтану және де психология ғылымдарының әдіснамасында орын ала бастауы оны гуманитарлық тұрғыда қарастыруды қамтамасыз етеді. Бүгінгі ғылыми әдебиеттерде жобалау – алда болуы тиіс нәрсенің өте қысқаша және өте нақты сипаттамасын жасау қызметі деп түсіндіріледі. Бұл жерде ең маңызды нәрсе – бір нәрсенің болашақ сипаты туралы, оның қолжетімділігі туралы, мақсат пен құндылық ұстанымдарының болуын көрсетеді. Басқаша айтқанда, адамның ойлау әрекетінің қалыпты шеңберінен шыға алуы – трансценденттенуі – *ойлау қызметінің дамытушылық функциясы* іске асырылады. Жобалаудың осы тұрғыдан алғанда төмендегі қызметтерін атап көрсетуге болады:

нәтижелік өнім ретінде белгілі бір жобаны орындаудың мақсатына сай нәтижелік көрсеткішін бере алады;

қоршаған ортаны не белгілі бір объектіні зерттеудің немесе жаңартудың *ғылыми-тәжірибелік әдісі* бола алады;

технологиялық мәдениетке тән *инновациялар тудырудың* бір түрі ретінде қолданылады;

басқару әрекетінде ұйымды дамыту қызметін атқара алады.

Жобалаудың ғылыми негізіне жоба, жобалау, жобалық, жобалаушылық сияқты ұғымнан туындайтын түсініктер алынады. Жобалау (орыс тілінде «проектирование», латынның *projektus*) – *алға қарай тастау, алға жүру* деген түсінікті береді. Оның мағынасы алдағы уақытта болатын құбылыстың бейнесін жасауға қатысты ғылыми және инженерлік әрекеттермен байланысты айқындалады. Адам еңбегіне қатысты өнімдердің барлығы да алдын ала жобалау арқылы жасалатын болғандықтан, осы тұрғыдан қарастыру *жобалауды жоба құру үрдісі*, яғни, белгілі бір объектінің *болашақтағы бейнесін алдын ала құрастыру үрдісі* дей аламыз [2].

Жобалаудың ең басты операциялық ерекшелігі – оның қайта құрулар мен жаңғыртуларға бағытталғандығында. Жобалау белгілі бір объектіні жаңа түрге айналдырып, оны қайта жаңғырту қызметін атқарады. Осыған орай, жобалаудың басқарудың ерекше қызметі ретінде дамытудың маңызы зор екені дәлелденуде. Жобалау қызметінің негізі болып табылатын «жоба» түсінігінің өзі де ғылымда түрліше қарастырылғанынан көруге болады. Философиялық тұрғыдан қарастырушылар оны рухани қайта жаңғыру әрекеттерінің нәтижесі десе, әрекеттік тұрғыдан қарастырушылар жоба – жобалаудың мақсаты мен нәтижесі деп түсіндіріледі. Сайып келгенде, жоба – белгілі бір

уақыт ішінде жүргізілетін, нәтиженің сапасына нақты талап қойылған, ұйымдастыруға қажетті құралдары мен қолжетімдік ресурстары айқындалған белгілі бір жүйені мақсатты түрде өзгерту деген пікірге сай дей аламыз, өйткені, бұл жобаның мақсаты мен нәтижесін көрсетеді. Жүйе элементтерінің сандық көрсеткіштеріне белгілі бір мақсатпен ықпал ету олардың сапалық өзгерістеріне әкеледі, соған орай, біртіндеп қасиеттері өзгереді, одан кейін қарыс-қатынастары, одан әрі қарай жүйенің қызметтерді де өзгереді.

ЖТ 30 ғасырда Ресейде кеңінен қолдалына бастады бірақ жақсы көрсеткіштер көрсетпеуіне байланысты ұмытыла бастады. Бұған бірнеше себептер болды: солардың бірі бұл технология теориялық жағынан жеткілікті деңгейде зерттелмеді. Осыдан мектепте ұйымдастырылатын жобаларды ұйымдастырудың қарама-қайшылығы келіп шықты. Бұл технология оқытушылар арасында білім алушылар үшін белгілі бір деңгейде керекті, маңызды болып саналмады. Осы себептермен жобалау технология дамымай, мұны зерттеу бағыты да тоқтатылды. Қазіргі таңда бұл технология қолданысқа енді, бірақ жаңартылған түрде. Бұл технологияны іске асырудағы оқытушылардың негізгі мақсаты білім беруде жобалық технологияның маңызды орын алатынын атап көрсету. Бұл технологияны білім саласына енгізу білім көрсеткішінің белгілі бір деңгейге көтерілуіне өз септігін тигізеді. Бұл технологияның ең маңызды құндылығы оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдысының қалыптасуы, таным мен оқу үрдісінде мол тәжірибе жинауы [3].

Мектеп оқушыларын жобалық технология негізінде оқытудың ең маңызды мақсаттары мыналар:

жекелей немесе топпен жұмыс жасау арқылы зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру;
пәнге деген оқушының қызығушылығын арттыру, пәнді толық меңгеруге жағдай жасау;
білімділіктің жоғары дәрежесіне жету және одан ары қарай даму.

Жобалық технологияның басқа технологиялардан айырмашылығы – ұйымдастырудағы ерекшелік. Бұл технологияның басқалардан айырмашылығын мынадан байқауға болады: берілген тақырыптың оқу бағдарламасына сәйкестігі, басты мәселені анықтау, міндетті түрде басқа адамдарды өзінің жобаға қызықтыру, жобадағы мақсат пен міндетті айқындау.

Прагматикалық педагогика идеясын құрайтын жобалау әдісінің тұжырымдамалық негізі (лат. pragmatismus – іс, әрекет) педагогикалық ағымдар, сондай-ақ белгілі "прогрессивизм" ("қарқынды тәрбиелеу"), "инструментализм", "экспериментализм" атауларымен тығыз байланысты.

Жобалау әдісі «жасау» ұғымымен 19 ғасырдың екінші жартысында пайда болды. АҚШ-тың ауылшаруашылық мектептерінде және альтернатива негізінде қалыптасқан мектептерде жобалау әдісінің негізі қаланды.

Д. Дьюидің [6] жетекші идеяларын мынадай түрде ұсынуға болады:

адам қоршаған ортаға белсене оңтайланып, одан алынатын практикалық тәжірибенің негізінде ылғи өзгереді;

тәрбиенің мәні баланы ұлғайып жатқан жеке тәжірибесінің тұрақты өзгеруінен тұрады;

тәрбиенің басты мақсаты оның прагматикалық қызығушылықтарын қанағаттандудың негізінде тұлғаның өз дегенін іске асыруы болып көрінеді;

үйретудің негізіне қойылатын ұстаным «қызметтік процесте үйрету» болуы керек, өйткені ол баланың іскерлік мәніне сәйкес келеді және өмірмен, ойынмен, еңбекпен үйретудің байланысы қамтамасыз етіледі.

Жобалар әдісі, оқыту жүйесі ретінде көптеген елдерде өріс алды.

Мәселен, Ұлыбританияда бастауыш мектептерде ол басқа да әдістермен ұштастыра отырып қолданылды: балалар оқу материалымен байланысқан нақты тапсырмаларды орындады.

Ресейде Д.Дьюидің идеялары А.С.Макаренконың педагогикалық тәжірибесінде анағұрлым толық жүзеге асырылды. Дегенмен жобалар әдісі отандық педагогикамен қарым-қатынасы алыс бірімәнді емес болған.

Басында перспективалық әдіс мойындалды және 1929-30 жылдары комплексті-жобалық бағдарламалар әзірленген, соның ішінде «Сауатсыздықты жоюға көмектесеміз».

Д.Дьюидің қайта ойластыру идеялары және оның ізбасарларының жобалау әдісіне қызығушылығының қайта өркендеуі XX ғасырдың 80-ші жылдарында болды.

«Жоба» сөзі - (латын тілінен аударғанда - "алға тастанды") С.И. Ожегова мен Н.Ю.Шведованың түсіндірме сөздігінде «ой-ниет, жоспар: қандай да бір құрылымның жоспары, механизм, құрылғы» деген мағынаны білдіреді [4].

Білім беру жобасы ретінде "бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық немесе оқушылардың ойын қызметі, жалпы мақсаты бар, келісілген әдістер, қызмет тәсілдер, жалпы қызмет нәтижесіне бағытталған қол жеткізу" қарастырылады.

Жобаның жалпыланған тұжырымдалу ұғымы төмендегіше болуы мүмкін. Жоба – бұл, қызметі уақыт шектеулі іс-шаралар түрінде ұсынылған, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге және нақты бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, күтілетін нәтижелерді болжамдай алу мақсатына байланысты мәселелерді шешу, қажетті ресурстарымен қамтамасыз ету және тұрақты басқарылатын қызметтің бақылауының қызмет мониторингі және оның ықтимал тәуекел есептеу нәтижелері.

«Жобалау» - жобаның жасау процесі және кез-келген бейнеленген пішін сыртынан қарағанда қандай болса да оның бекітуі. Бұл термин техникалық дыбыстауға ие, бірақ қазіргі уақытта ол сондай-ақ ең алуан түрлі типтегі жобаларды құру жөніндегі қызметті белгілеу үшін пайдаланылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Новиков А.М., Новиков Д.А. Образовательный проект: методология образовательной деятельности. - М., 2008. – 206 с.
2. Краля Н.А. Метод учебных проектов как средство активизации учебной деятельности учащихся: Учебно-методическое пособие / Под ред. Ю.П. Дубенского. – Омск: Издательство ОмГУ, 2009. – 114 с.
3. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петрова А.Е. "Новые педагогические и информационные технологии в системе образования". -М., 2004. – 208 с.
4. Генисаретский О.И. От метода к теории // Декоративное искусство, 2007. – 70 с.

ӘОЖ 373.545

<https://doi.org/10.53355/e9503-1354-7912-n>

БИОЛОГИЯ КУРСЫНДА ЖОБАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оразалиева Ж.Н., магистрант, **Мамыкова Р.У.**, б.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет, Шымкент қ.

E-mail: Zhazi_akzhaik@mail.ru, Roza.mamykova@mail.ru

Бұл мақалада жобалауды ұйымдастырушыларға көптеген жаңа бағыттардың ішінен болашақта нәтижелі өзгерістерді қамтамасыз ететін инновациялық (инвестициялық, дамытушылық, зерттеушілік) жобаларды таңдай білу, оның өзектілігі мен қажеттігін негіздей білу, жобаланатын өзгерістерді шын мәнінде тәжірибеде жүзеге асырылатынын болжау және бар мүмкіндіктері көрсетілген.

Тірек сөздер: жоба, технология, инвестиция, құрылым

В данной статье организаторам проектирования предлагается выбрать из множества новых направлений инновационные (инвестиционные, развивающие, исследовательские) проекты, обеспечивающие продуктивные изменения в будущем, обосновать их актуальность и необходимость, спрогнозировать, действительно ли проектируемые изменения будут реализованы на практике, и представить имеющиеся возможности.

Ключевые слова: проект, технология, инвестиция, структура

In this article, the organizers of the design are invited to choose from a variety of new directions innovative (investment, development, research) projects that provide productive changes in the future, justify their relevance and necessity, predict whether the projected changes will actually be implemented in practice, and present the available opportunities.

Key words: project, technology, investment, structure

Бүгінгі білім беру жүйесінің қоғамдағы орны мен рөлі, құндылықтық бағдарының өзгеруіне байланысты, түрлі деңгейлерде педагогикалық жобалау нысандары ретінде, жаңа білім беру нәтижелерін қалыптастыруды, білім беру үдерісін жаңартуды, тәрбиелік шараларды ұйымдастыруды алуға болады.

Жобалауды ұйымдастырушыларға көптеген жаңа бағыттардың ішінен болашақта нәтижелі өзгерістерді қамтамасыз ететін инновациялық (инвестициялық, дамытушылық, зерттеушілік) жобаларды таңдай білу, оның өзектілігі мен қажеттігін негіздей білу, жобаланатын өзгерістерді шын мәнінде тәжірибеде жүзеге асырылатынын болжау және бар мүмкіндіктерді бағалай білу керек [1].


Педагогикалық жобалауды білім беру ұйымының мақсатты-бағдарлы дамуын қамтамасыз ететін бағдарлама және жоба ретінде ұйымдастырудың құрылымы төмендегі жобалау компоненттерінен тұрады (1суретке сәйкес):



Сурет 1 – Жобалау құрылымы мен компоненттері

Берілген құрылымға сай білім беру ұйымдарының өзгерістерін қамтамасыз ететін инновациялық бағыттар таңдау үшін идеялар жинақталып, түпкі ниет (мақсат-міндеттер, күтілетін нәтижелер) айқындалды. Одан кейін, нақты жоба таңдалып, оны жобаны жүзеге асыру (жолдары, құралдары) белгіленеді, жоба жүзеге асырылғаннан кейін алынған нәтижелердің алдын ала белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкестігі бағаланады.

Педагогикалық жобалау – инновациялық үдеріс. Ол өзгеріске қажеттілікті анықтаудан өзгерістерді жүзеге асыруға дейінгі нақты кезеңдерден өтеді (2суретке сәйкес):



Сурет 2– Дамыту жобасының мазмұндық құрылымы

Педагогикалық жобалаумен жұмыс жасау барысында түрліше әдістер қолданылады. Жобалаумен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін В.П.Сергеева ұсынған үш әдісті қарастырайық [3]

Бірінші әдісі **жаңа парадоксальды шешім**: "инверсия", "ми шабуылы", "ми осадасы", "карикатура".

"Ми шабуылы" әдісі шын мәнінде қысқа мерзімде идеяларды генерациялау және кезеңдері көздеу болып табылады:

- әрбір қатысушыларға өз идеяларын жылдам қарқынды алдын-ала баяндау және талқылау;
- "берілген" идеяларды жазу;
- кезекпен талқылау және әр идеяларды бағалау;
- жоба негізіне айналдыруда 1-2 идеяларды іріктеу.

"Ми шабуылы" әдісіне жақын әдіс "ми осадасы" әдісі. Ол мына кезеңдерді қамтиды:

- ұсыныс-идеялардың сипаттамасы және оның құрылымы мен іске асыру тетігі;
- идеяларды бақылау;
- әр идеяны талдау және бағалау;
- ең қызықты және стандартты емес іріктеу.

"Карикатура" әдісі - айқындалған мәселе ретінде пайдаланылады. Ұсынылған жағдайды іздейді және жаңа күтпеген шешімдерді табады..

Екінші топтағы жобалау әдістеріне мыналар жатады: "жетекші аналог-тапсырма", "есептерді өзгерту тұжырымы", "кемшіліктер тізбесі", "еркін білдіру функциялары".

«**Жетекші аналог-тапсырма**» әдісі арқылы іздеу, өзара алмасу тәжірибесі, күшті және әлсіз жақтарын мұқият талдауға негізделген және бөтен идеяларды, ғылыми-әдістемелік әдебиет идеяларын жақсарту үшін қолданылады.

Бұл әдіс көбінесе (мысалы, кіші жастағы оқушылармен жұмыс) бастапқы оқушылармен қалыптастыру жобалау жұмысында қолданылады.

«**Тапсырманың тұжырымдамасын өзгерту**» әдісі шекарасын кеңейту үшін өзекті мәселенің нақты шешімін табу үшін қолданылады. Мысалы, дайын құрылымдық компоненттері мен жүзеге асырылған жобаның тұжырымын өзгерту, қызықты шешімдер, белгілі проблемаларды анықтау және қызметтің жаңа бағыттарын анықтауға болады.

«**Жетекші сұрақтар**» әдісі проблеманы шешу үшін іздеу ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сұрақтар мынадай болуы мүмкін:

- Неге осы мәселені шешу керек?
- Проблемалық жағдай шешілу үшін не істеу керек?
- Қандай құралдар қажет?
- Жобаға кім қатысуы мүмкін және т. б.

«**Кемшіліктер тізімі**» әдісі проблема жағдайды сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін, ол ақпаратты жинау және өзгертілуі тиіс болған кемшіліктерді дұрыстау.

«**Еркін білдіру функциясы**» әдісі еркін білдіру функциялары бағытталған сипаттамасы барлық функцияларды орындауы тиіс болжамды жобалық өнім және іздеу "идеал" нәтиже түрінде іс макеті немесе моделі.

Үшінші топ әдістері – бұл шығармашылық жобалау әдістері. Оларға "ұқсастығы", "қауымдастық", "неология", "эвристикалық құрамдастық", антропотехника" жатады.

«**Ұқсастығы**» әдісі өмірдің басқа салаларында қолданыстағы шешімдерді қолдану болып табылады. Осы әдісті пайдаланған кезде аналогтық бастапқы қарыз идеялар арқылы түсіндіріледі және бірте-бірте жобалық ниетін беруге түзетіледі.

«**Қауымдастығы**» әдісіне байланысты табуды, қауымдастықтардың әр түрлі идеяларын өзгерту бойынша әлеуметтік шындық. Үлкен дәрежеде осы әдісті қолдану, бейнелі ойлау және оқушылар қауымдастығының дамуына ықпал етеді.


«**Неология**» әдісі бөтен идеяларды пайдалану, бірақ құрылымы өзгертілген жағдайда мазмұнын рәсімдеу, ұсыну.

«**Эвристикалық үйлестіру**» әдісі, оның бастапқы жобасының идеясын жеткізу, ешбір қисынға сыймайтын жағдайға дейін, содан кейін ұтымды астық табу.

«Антропотехника» әдісі байланыстыруға көздейтін қасиеттерін жобалаған объектінің ыңғайлылығы, оны пайдалану, яғни анықтау шарттары мен мән-жайлар болуын қамтамасыз ететін максималды жайлылық үшін мақсатты топ. Осылайша, олардың көмегімен көптеген бірегей және қызықты жобалар жасау әдістерін, көруге болады. [4]

Жоба әдісі білім беру мекемесінің жұмыс тәжірибесінде пайдаланылуы мүмкін ретінде дидактикалық дамыту құралы, оқыту мен тәрбие беру, неғұрлым кең мағынасында – қалыптастыру құралы ретінде әлеуметтік белсенді тұлға.


Жобалау алгоритмі мынадай ретпен берілуі мүмкін (3 суретке сәйкес):



Сурет 3– Жобалау алгоритмі

Біз бес негіздер бойынша жобаға үстем қызметі туралы, пәндік мазмұны, қатысушылардың қызметін үйлестіру сипаты, байланыстарды сипаты, жобаның қатысушылары саны мен оның ұзақтығы бойынша жобалардың түрлерін қарастырдық.

Жобаның құрылымы және олардың негізгі сипаттамалары (4 суретке сәйкес) беріледі.



Сурет 4 – Жобаның құрылымы

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Новиков А.М., Новиков Д.А. Образовательный проект: методология образовательной деятельности. - М., 2008. – 206 с.
2. Краля Н.А. Метод учебных проектов как средство активизации учебной деятельности учащихся: Учебно-методическое пособие / Под ред. Ю.П. Дубенского. – Омск: Издательство ОмГУ, 2009. – 114 с.
3. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петрова А.Е. "Новые педагогические и информационные технологии в системе образования". -М., 2004. – 208 с.
4. Генисаретский О.И. От метода к теории // Декоративное искусство, 2007. – 70 с.

ӘОЖ 82.0

<https://doi.org/10.53355/i4946-5711-2030-f>

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ ӨНЕРДЕГІ БЕЙНЕСІ

Орда Г.Ж., ф.ғ.д., профессор

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ.

E-mail: Orda_68@mail.ru

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қазіргі қазақ өнеріндегі көркем бейнесінің сомдалуы қарастырылған. Кино саласында қоғам және мемлекет қайраткерінің өмір жолы туралы бірнеше деректі фильм және «Ахмет. Ұл ұстазы» атты алты бөлімнен тұратын телехикая түсірілгені сөз болды. Драматургтердің бірнеше пьесаларында Ахметтің көркем бейнесі жан-жақты сомдалғаны нақты шығармалар негізінде ғылыми тұжырымдалды. Д.Нұрмұхамедовтың «Сен ертең атыласың!», И.Оразбаевтың «Киелі күн», Ө.Ахметтің «Азаппен өткен өмір-ай!», Л.Фефелова мен Қ.Сейдахметтің «Ақ келін» пьесаларына талдау жасалды.

Тірек сөздер: сөз өнері, кино, драматургия, тұлғатану, пьеса, тарихи драма, трагедия.

В статье рассматривается создание художественного образа Ахмета Байтұрсынова в современном казахском искусстве. Несколько документальных фильмов о жизни общественного и государственного деятеля в области кино и был снят шестисерийный сериал «Ахмет. Учитель нации». В ряде пьес драматургов художественный образ Ахмета научно сформулирован на основе конкретных произведений. Проанализированы пьесы Д.Нурмұхамедова «Завтра тебя расстреляют!», И.Оразбаева «Святой грех», О. Ахмета «Жизнь в страдании!», Л.Фефеловой и К.Сейдахмета «Белая невеста».

Ключевые слова: искусство слова, кино, драма, идентичность, пьеса, историческая драма, трагедия.

The article deals with the creation of the artistic image of Akhmet Baitursynov in modern Kazakh art. Several documentaries about the life of a public and statesman in the field of cinema and a six-episode series «Akhmet. Teacher of the Nation». In a number of plays by playwrights, the artistic image of Akhmet is scientifically formulated on the basis of specific works. The plays of D.Nurmukhamedova "Tomorrow you will be shot!", I.Orazbaeva "Holy sin", U.Akhmeta "Life through suffering!", L.Fefelova and K.Seydakhmet "White bride" were analyzed.

Key words: word art, cinema, drama, identity, play, historical drama, tragedy.

Тәуелсіздік ұлттың өткен тарихын түгендеуге мүмкіндік туғызды. Қазіргі таңда ұлт тарихы бірнеше ғасырға тереңдеді. Тарих қойнауына кірген XX ғасыр шындығы шаң басқан мұрағат деректерімен күн санап толығуда. Мемлекеттік «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламалары аясында көптеген шаралар атқарылды. Елбасы

Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жаңа бастамаларға жол ашты, алдағы міндеттерді айқындауға мұрындық болды. Рухани жаңғыру дегеніміз – өткенімізге үнілу, барымызды бағалау.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары – қазақ тарихынан үлкен орын алатын қасіретті кезең. «Халық жауы», «Жапон шпионы» деген айыппен ұлт қайраткерлері жаппай қудалауға түсті. Жеке басқа табынудың салдарынан қазақ халқы нәубатты жылдарды басынан өткерді. Олай болса, бүгінгі егемендігіміз жолында саналы ғұмырын сарп еткен, өр бастарын ер өлімге тіккен алаш арыстарының қай қайсысы да құрметке лайық. Олардың мұрасын насихаттау, болашаққа аманаттау – біздің буынның парызы.

Қазіргі таңда қаламгерлер ұлт тарихының көркем шежіресін жасауда жетістікке жетті. Халық тарихынан үлкен орын алатын тарихи оқиғалардың барлығы дерлік көркем шығармаларға арқау болуда. Ел өмірінен үлкен орын алатын айтулы тақырыптың бірі – алаш қайраткерлерінің өмір жолы. Сталиндік репрессияның құрбаны болған алаш арыстары туралы шағын жанрдан бастап, кең құлашты эпикалық туындылар жазылды. Боздақтардың қилы тағдыры туралы бірнеше драмалық шығармалар жазылып, көптеген деректі фильмдер түсірілді.

Алаш арыстарының қасіреттерін арқау еткен драмалық шығармалар қатарында Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай», «Нарком Жүргенов», Е.Төлеубайдың «Міржақып», «Әли-Хан», «Жүсіпбек Аймауытов», «Мағжан», «Мәриям – Ілияс», «Ташенов», «Ыбырай», Д.Исабекұлының «Әлдиле өмір, әлдиле», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», Ж.Бөдешұлының «Шерата және шынбала» (Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасы бойынша жазылған), Д.Нұрмұхамедовтың «Сен ертең атыласың!», И.Оразбаевтың «Киелі күнә», Ө.Ахметтің «Азаппен өткен өмір-ай!», Л.Фефелова мен Қ.Сейдахметтің «Ақ келін», А.Тасымбековтің шығармасының негізінде жазылған Б.Атабаевтың «Кебенек киген арулар», М.Ибраевтың «Шәкәрім» («Қастандық»), Ә.Рахимовтың «Шәкәрім», М.Қожахметованың «Азат алаш – даңқты алаш», М.Омарованың «Ақтастағы Ахико», т.б атауға негіз бар. Аталған шығармалардың бірсыпырасына жекелеген қайраткерлердің өмір жолы арқау болса, енді бірпарасы дәуір шындығына негізделді. Сталиндік репрессияның қазақ ұлтына алып келген зардаптары жекелеген қайраткерлердің қилы тағдырларымен шынайы бейнеленді.

Аталған туындылардың ішінде Д.Нұрмұхамедовтың «Сен ертең атыласың!», И.Оразбаевтың «Киелі күнә», Ө.Ахметтің «Азаппен өткен өмір-ай!», Л.Фефелова мен Қ.Сейдахметтің «Ақ келін» пьесаларына Ахмет Байтұрсынұлы мен оның жары Бадрисафаның өмір белестері арқау болған. Ахмет бейнесі драмалық туындылармен бірге деректі фильмдерде де біршама сомдалды. Бұл қатарда төмендегі деректі фильмдерді атауға болады: «Алашорда» (Сценарий авторы: *Болат Мүрсәлім*, 2009) [1], «Алаш алыптары» (Жоба жетекшісі: *Нұржан Мұхамеджанов*, 2012) [2], «Великие тайны великих людей» (Сценарий авторлары: *Светлана Велитченко, Георгий Ковалев*, 2013) [3], «Тұңғыштар» жобасы аясында түсірілген «Ұлттың ұлы ұстазы» (2014) [4], «Өмір жолы» (Авторы: *Ербол Мәндібек, Сәкен Нөгербек*, 2015) [5].

Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры Р.С.Имаханбеттің кеңесімен 2021 жылы Мұрат Есжан Ахмет Байтұрсынұлы туралы «Ахмет. Ұлт ұстазы» деген тұңғыш телехикая түсірді (қоюшы-режиссер – Мұрат Есжан, сценарий авторлары – Мұрат Есжан, Ұларбек Нұрғалымұлы, продюсер – Айсәуле Әбілдаева). Аталған фильмдердің орталық кейіпкері бір болғанмен олар бірін-бірі қайталамайды, керісінше бірін-бірі толықтыруға қызмет етеді. Мұның өзі ұлт тарихынан үлкен орын алатын қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық қызметі бірнеше туындыларға жүк болатындығын аңғартады. Деректі фильмдерге ортақ ұқсастық – Ахмет Байтұрсынұлы өміріне қатысты мұрағат құжаттарының сөйлеуі және алаштанушы ғалымдардың сұхбат беруі. Бұл фильмдерден авторлар қауымы қалам және қоғам қайраткерінің өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты негізгі деген тарихи деректерді аз уақытқа сыйғызуды көздегені байқалады. Бұдан шығатын қорытынды – алаш қайраткерлерінің тағдырлы жолын бейнелейтін деректі, көркем фильмдердің қолға алына бастауы.

2017 жылдың ақпанында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов Алматы қаласына іс-сапарында Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің жұмысымен таныса келіп, А.Байтұрсынов және «Алаш» қозғалысы жөнінде деректі фильм түсіру мәселесін жедел түрде қолға алу қажеттігіне көңіл аударды. «Өмір жолы» жобасы аясындағы деректі фильмдерде Алаш ардақтыларының қилы тағдырын экранға шығаруда олардың образын кәсіби актерлардың ойнауы көрермендердің қызығушылығын оятуға болатындығы баса айтылды.

Осылайша ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының сахнадағы көркем бейнесі деректі фильмдермен, драмалық шығармалармен жыл сайын әр қырынан толығып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының өміріне арналған драмалық шығарманың бірі – И.Оразбаевтың «Киелі Күнә» трагедиясы [6]. Трагедияға А.Байтұрсынұлы өмірінің Ташкент түрмесіндегі соңғы сәттері негіз болған. Кейіпкерлер саны да шектеулі. Оқиғаға Ахмет, Мұхтар және Дауыс (тергеуші) ғана қатысады. Автордың Ахмет пен Мұхтарды белгілі мақсатпен бір камерада кездестіріп, олардың өзара диалогына көп көңіл бөлуге тырысқаны байқалып тұр. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Ахмет пен Мұхтар Ташкент түрмесінде бірге отырмаған. Ахметтің Семей, Бутырка, Соловки, Қызылорда, Алматы түрмелерінде отырғаны белгілі. Ал, Мұхтар САГУ-де аспирантурада оқып жүргенде ұсталып, Алматы түрмесіне жөнелтілген болатын.

Шығармада көзге түсетін мәселенің бірі – Ахметтің ақындығы. Басына қандай қиын іс түскен күндерде де оның өлеңді жанына серік еткенін драматург жадында ұстап отырған. Оны беташар ретінде берілген мына өлең жолдарынан байқауға негіз бар:

Я, Құдайым! Аққа жақ!
Өзіңе аян – мен нахақ.
Аққа деген жолымның
Абыройын ашпай, жап.
Аят пенен хадисте,
Адал ниет, ақ іске.
Жаңылмасам, жоқ еді,
Жаза тартсын деген бап.

Өлең жолдарынан қамыққан, тығырыққа тірелген жанның күйзелісі мен мұңдалайды. Өздері үміт артқан кеңес үкіметінің жазықсыз жала жабуынан жапа шегіп жатқан жәбірленушінің бір Алладан медет сұрауы орынды. Алайда күнәсіз жанның жан азабы кешегі өзіміз өмір сүрген қоғамның бет пердесін аша түседі.

Шымылдық түрменің азап камерасымен ашылып, басты кейіпкердің бірі – Дауыстың сөзімен басталады:

«Тұр!
(Ахмет үнсіз, ағаш табуреткада отыра береді)
Тұр деймін саған!
(Ахмет сол күйі – үнсіз)
Тұр дедім гой саған, сатқын! Тұр орныңнан!
(Ахмет табуреткада отыра алмай, әлсіреп, тас еденге сылқ түседі)
Тұр!

Содан соң әбден әлсіреген Ахмет:

... Менің жүрелегенім – тұрғаным... Жасы келген адаммын гой... Балам Мұсылман емесісің? Әлде, жәһилденіп біткенбісің?!

Дауыс:

Көрсетейін мен саған – жәһилдіктің қандай болатынын!» деп азаптау басталады. Жекірген Дауыстың үні жасы келген Ахметті әбден қажытса керек».

Үзіндіден көріп отырғанымыздай, трагедияға түрмедегі сұрақ-жауап процесі негіз болған. Тергеуші де бөтен емес. Ол да өз арамыздан шыққан белсенділер. Кейіпкерлердің диалогына автор көптеген мәселелерді сыйғызуға тырысқаны байқалады. Біріншіден, Ахметтің жасы ұлғайған шағында жауапқа тартылуы. Оны қинау мен азаптаудан қалжыраған кейіпкердің орнынан тік тұра алмауы, *«Менің жүрелегенім – тұрғаным»* деген өз сөзі растайды. Ал, тергеуші – «шаш ал десе, бас алатын» жандайшаптардың бірі. Оның мақсаты – қалжыраған тұтқынды өз қалауына көндіру, жасамағанын жасадым деп мойындату. Ахметтің *«... Тұрсам есіме анаң түседі»* дегеніне қарағанда, тергеуші де сол елдің тумасы екені аңғарылады. Алайда ол танымаған сыңай танытып, анасын білетін адамға жанашырлық жасамайды. Оның: *«Тұр! Анамды білуің – жомарттан нәмәрт туғызған мәрт – Заманды білуің емес! Тұр – жаныңның барында! Сенің Уақытың – өткен!»* деген сөзінен екі нәрсені ұғуға негіз бар. Оның біріншісі, жақсыдан туған жамандардың билікке араласа бастауы болса, екіншісі, Дауыстың Ахметтің қалған өмірін *«Сенің Уақытың – өткен!»* деп кесіп айтуы. Алайда, оның ит қорлығынан гөрі Ахметтің ақ өлімді артық көретіні жасырын емес. Тұр! Тұр! деп қақсаған тергеушінің алдында бойын жазып тұру күш болған ол:

«... Уа, Аруақ!...»

Ал, тұрдым. Бұл әрине, ұшып тұру емес, құлшынып...», – деп бір сәт бойын тіктеп жазғанмен, сол сәтте азаптаудан басы-көзі гүптей болып ісіп кеткендіктен, қалжырап құлап түседі. Жас баланың алдында қорланған кейіпкердің бар күш-жігері бір сәт бой жазуына жеткенмен, одан әріге шамасы келмейді. Осы көрініс түрмедегі азапты күндерге жан бітіріп, Ахмет сынды ардақтымыздың басынан өткен соңғы күндердің шындығын көз алдымызға елестетеді. Автор осы бір қасіретке толы күндерді белгілі мақсатпен таңдап алған. Бірсыпыра шығармаларға олардың шуақты күндері негіз болғанмен, бұл трагедияға өмірінің соңғы, ең ауыр күндерінің оқиғалары арқау болған. Өлімші етіп азаптаған кезде де ақыл-есінен айырылмаған кейіпкердің аяғын басып тұра алмай, құлап жатса да *«... өліп қалғаным артық еді – бүйтіп ылығып – мұндай ит қорлыққа душар болғанымша...»* деп тіл катуы растайды.

Сұраққа жауап бермесе, азаптауға жүгінетін түрме қызметкерлерінің қанішерлігі шектен шыққан. Автор осындай бассыздықты көрсетуде кеңес заңының қаталдығын, қанішерлердің құйтұрқылығын оның қызметкерлерінің әрекетімен бейнелеген. Тергеушінің әкесіндей адамды азаптауы – болашақ ұрпақтың қандай болып өсіп келе жатқанына мысал бола алады. Жазықсыз жандарды асқан, атқан кеңестік жүйенің болашағы қандай екенін оқырман Дауыстың сөздері, іс-әрекеттерінен ұғады. Дауыстың бітпейтін сұрақтары Ахметті қажытқаны өз алдына. Ахмет жанының күйзелісін, оның тірі аруаққа айналуын суреттеуде автор психологизмді терең игергенін байқатады.

Драматург тән жарасы жазылатынын, жан жарасын жазуға құдіретті күш керектігін жадында ұстап отырған. Ондай күш Ахметке өлең жолдарымен құйылып келіп жатады. Сондықтан да ол өмірден өткенше поэзияны өзіне серік еткені, түрмедегі азапты күндерді өлең жолдарымен қағаз бетіне түсіргені ақиқат. Оны кейіпкердің мына өлең жолдары растайды:

.... Бүйте берсе ...

.... Бүйте берсе ...

Түптің түбі –

Ақыры.

Шалады өзін құрбандыққа ақыны!

Бүлік кіріп –

Бүтін елден ес кетіп –

Халықтың да азаяды ақылы!

Ахметтің өлеңінен шошыған Дауыстың сасқалақтап өзіне күмәнмен қарауы, Кеңес үкіметінің тапсырмасын орындап жатқанымен ақталуы бір қарағанда түсініксіз. Алайда

автор акын өлеңінің құдіретімен тергеушіні ықтыра түседі. Оның жаттанды сауалдарын құдіретті өлең де тоқтата алмауы өкінішті.

Кеңес үкіметіне дейін не істедің... немен айналыстың, сотталып па едің? Онда ВКП (б) қатарына неге өтіп, одан неге шығып қалдың? Алашорда үкіметін неге құрдыңдар? Партия қатарынан неге шықтың? Қазіргі ойың қалай? Кеңес үкіметіне қалай қарайсың бүгінде? деген сықылды сан сауалдардың сау адамның өзін қажытатыны белгілі. Алайда, оларға рет-ретімен жауап бер, толық жауап бер деп қинайтын тергеушінің өз ойлағаны басқа. Ол – сауалдарды үстемелеу арқылы Ахметті ойынан шатастыру, өз дегенін айтқызу. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы мен інісі Ақтастың ақ патшаның отаршылдығына қарсы тұрғаны үшін жазықты болып Сібірдің Камчаткасына каторгыға айдалғаны мәлім. Тергеуші көптеген сұрақтардың арасында осындай деректерді де Ахметтің өз аузымен айтқызады.

Драматург қайраткердің өміріне қатысты тарихи деректерді белгілі мақсатта пайдалағаны анық. Ахметтің бала күнінен көріп келе жатқаны – әлсізге тізесін батырған күштілердің өктемдігі. Өмірдегі әделетсіздіктерді көріп ерте есейген Ахметтің қазақ халқының жарқын болашағы жолындағы жанкешті еңбегін теріс бағалаған Кеңес үкіметі де өзіне жау болып шықты. Әкелері ақ патшаның отаршылдығымен күрессе, Ахметтің түбіне жеткен кеңестік дәуірде белең алған жеке басқа табыну еді. Қазақ халқының тілі, діні, жері, мәдениеті жолындағы күрескердің өмірінде бес рет сотталып, екі рет жер аударылғаны өмірдеректерінен белгілі. Автор осы шындықтарды кейіпкердің өз аузына салып, сұрақ-жауап сәтінде айтқызуды жөн деп санаған.

Екінші көріністегі бірі пайғамбар жасындағы, екіншісі қыршын жастағы қос мұңлықтың қасіреті бір. Ахмет осы тығырықтан шығуды ойлап бас қатыруда. Оның жолын тапты да. Ол – өз басын өр өлімге тігу, жас Мұхтарды халқының болашағы үшін қалай да аман алып қалу. Ахмет тар қапасқа түскендерді бір-ақ жол күтіп тұрғанын түсінді. Сондықтан өз шешімін: *«Қателік жібердім, өткен ізімді айыптаймын» деп үкімет басшыларына ашық хат жаз деп Мұхтарға айтады. Жазасың! Жаз! Жазу керек! Солай ақылға сал! Бұл – күнә емес. Халыққа – қызмет! Алда-жалда күнә бола қалса да – Киелі Күнә!»*. Иә, алаш қайраткерлерінің жастардың арасынан бір азаматты кейінгі ұрпақ үшін аман алып қалуы қажет еді. Ол – болашағынан көп үміт күттірген жас Мұхтар болатын. Автор өмірде болған шындық оқиғаны шығармашылық қиялмен өрбітіп екі буын өкілін бір камерада табыстырады да ауызба-ауыз әңгімелестіреді. Ондағы мақсат – күллі алаш ардақтыларының асыл арманын Ахметтің аузымен аманаттау.

Авторлық ұстаным Ахмет пен Мұхтардың камерадағы диалогынан да байқалады. Крестке таңылған тұтқындарды камераға сүйреп әкеліп тастаған жандайшаптар олардың өр рухтарын сындыра алмады. Қинау мен азаптаудан бір сәтке босаған олар естерін жиғанда өзара әңгіме дүкен құрады. Осындай әңгіменің бірі – Ахметтің Мұхтарға айтқан ақыл-кеңесі. Екеуара диалогқа драматург көп мәселені сыйғызған. Ахметтің соңғы аманаты мынадай еді: *«Ендігі Дүниенің тұтқасы – тек білімде ғана! Мұхтар онсыз күнің қараң. Сен «Крестіңді» маған жүкте, Мұхтар! Өзің – Қаш – Тіріл – Көкке ұш – құтқар халқыңды. Дүниеауи Тозақ пен Рухани азабынан – Қазағыңа бас-көз бол. (Төбеден – Крест түсіп келе жатады)»*.

Күллі алаш арыстары арман-мүдделерін бір Мұхтарға аманаттаса, ол боздақтардың аманатына қиянат жасамай, халқына адал қызмет етті. Қазағын әлемге танытты. Оның «Абай жолы» эпопеясы төлқұжатымызға айналды. Жазушы қаламынан туған көркем дүниелер әлемдік классиканың қатарынан орын алды. Ахмет айтқан «Киелі Күнә» халыққа жасаған адал қызметінен байқалды.

Трагедияның соңы Мұхтардың Дауысқа берген мына жауабымен аяқталған:

«... бұрынғы берген жауаптарымды қайталаймын. Қазақ ұлтшылдарының ұйымына ешқашан кірген емеспін, жоспар жазатындай ұлтшыл әрекетте жоқпын. Қазіргі кезеңде қазақ кедейлері тұрмысына социалды төңкеріс, советтік басқару тәсілі ең ыңғайлысы дер едім, алдағы уақыттағы педагогтік, ғылыми жұмыстарымды маркстік көзқарасты толық қуаттауға жұмсаймын...».

Шығармаға Ахмет Байтұрсынұлы мен Мұхтар Әуезовтің тар қапастағы түрменің тозақ отына шығғырылған сәттері арқау болған. Қазақта «Аманатқа қиянат жасауға болмайды» деген тәмсіл бар. Олай болса, Мұхтар да алаш арыстарының халыққа қызмет ет деген аманатына адалдық танытты. Ол өзі айтқандай, бүкіл педагогтік, ғылыми жұмыстарын халқының болашағына жұмсады. Саналы ғұмырында қазағының жарқын болашағын, азаттығын арман етсе, сол арман-мақсаттар бүгінде шындыққа айналып, қазақ елі бодандық қамытынан, отаршылдық зардаптарынан босап егемен ел болды. Автордың мақсаты – Киелі Күнәнің сырын ашу болса, ол мақсаты орындалды. Оқырман XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы тарихи оқиғаны қайта оқуда алаш арыстарының қилы тағдырларына, қасіретті күндеріне куә болды. Бұл – жекелеген ұлт қайраткерлерінің емес, қазақ халқының қара әріппен жазылған трагедиясы еді.

Бұл қатар драматург Ө.Ахметтің «Азаппен өткен өмір-ай!» [7] атты екі бөлімді драмалық элегиясымен толықты. Пьесаны Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы «Ақ жол – жастар» қанатының талапты әуесқой әртістері сахналады. Автор Ахмет Байтұрсынұлы мен жары Александраның (Бәдрисафа) өмірінен сыр шертеді.

Пьесаның аты айтып тұрғандай, мұнда қазағы үшін азапты өмір кешкен ерлі-зайыптылардың өмірден өткенше қуғын-сүргіннен бір сәт көз ашпағанына куә боламыз. Автор Ахмет өмірінен үлкен орын алатын орыс қызы Александраның жарқын бейнесін сахнаға алып келді. Осылайша Ахмет бейнесі және бір қырынан толықты.

Мұндағы оқиғаға оншақты адам қатысқан. Пьесаның шымылдығы ұйықтап жатқан Перизаттың түсімен басталады. Жас қыздың «ақ апа», «ақ апа» деп шырылдағанынан-ақ оқырман оның түсіне енген жанның торғайлықтар «Ақ келін» атап кеткен Бәдрисафа екенін ұғынады. Таң ата өң мен түстің арасында берілген аяанның астарына үңілетін болсақ, Ақ апаны аңдып жүрген жансыздың – кеңес үкіметінің жандайшабы екені мәлім. Қапиза қызы Перизатты бала санап, ауырып жатқан адамның сандырағына жорып, оны алдаусаратқан болады. Бірақ Ақ апаны бір рет көргенде-ақ ұнатып қалған Перизаттың көз алдына Бәдрисафа елестеп тұрғаны анық. Қапиза баласынан сыр жасырып, Бәдрисафа жасырынып жатқан көл жағасына түйіншекке түйілген тамағын ала жөнеледі. Алайда, анасының жасырын жүрісінен секем алған сезімтал қыз аңдып басып, шешесінің ізіне түседі. Иә, ойы алдамапты. Апасы шынымен де көл жағасында Ақ апаға қызының көрген түсін айтып, Атсыздан сақ болу керектігін пысықтап отырғанына куә болады.

Әр көрініске жекелеген оқиғалар негіз болған. Негізгі оқиға Бәдрисафаның елден жырақта көл жағалап балық аулап жүргенімен басталғанмен, лирикалық шегініс жасау арқылы екі жастың танысқан кездерінен хабардар боламыз. Ахмет пен Александраның Қарқарада танысқанын тарихи деректер де растайды. Олар танысқанда Александраның әкешесі тірі болған. Авторлық ұстаным әке-шешеден жетім қалған орыс қызын Ахметтің күтушісі еткенінен байқалады.

Кейіпкер бейнесін толықтыра түсетін көркемдік тәсілдің бірі – кейіпкер сөзі. Оны Ахметтің: *«Таңдаған жолымның қара басыма, иә, қауіпті екені рас, бірақ теріс жол емес. Менің ойым... Қазыбектей бабалардың кейінгі біздерге аманатқа қалдырған өсиеті, яғни, басымыз ноктасыз, еркін ел болсақ деген арманы, басқа түк те емес»,* – деген сөзінен көруге негіз бар.

Сонымен бірге көркем шығармада диалог та үлкен міндет атқарады. Жекелеген кейіпкерлердің ұстанымдарын, мінез-құлықтарын, табиғи болмысын өз сөздерінен де аңғаруға болады. Оны Ахмет пен Атсыздың мына диалогы растайды:

«Ахмет: Жаның ашыса, жақында жер мәселесі нұсқауын жариялап, қазақтарға тиесілі жер жан басына шаққанда 15 десятинадан аспасын деп көрсетті ғой ақ патсаң. Бұл – малды құрту, малмен бірге жанды құрту емей немене? Оқымадың ба?»

Атсыз: Міне, міне! Жай жатқан жыланның құйрығын басқан жерің. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ақ патсаға қарсы шығу... Мықтымысқан Кенесары мен Махамбеттің кесілген бастары қайда қалды, айтшы, оқығансың ғой?»

Ахмет пен Атсыз – бір-біріне қарама-қарсы кейіпкерлер. Олардың өмір жайлы түсініктері де, ұстанымдары да кереғар. Ахметтің арманы – қазақ халқын ақ патшаның отарынан құтқару, білім нәрімен сусындату. Ал, Атсыз – қарынның қамын ойлаудан аспаған, аярлықпен, сатқындықпен жан баққан көрсоқыр жан. Сол бір дүрбелең уақыттарда Атсызға ұқсаған жағымсыз, сатқын жандардың қазақтың әр ауылында болғаны рас. Драматург осы бейне арқылы бір дәуірдің шындығын көрсетуге тырысқан. Одан біз автордың Атсызды типтік дәрежеге көтергенін, ол – жүздердің, мыңдардың жиынтық бейнесі екенін ұғынамыз.

Келесі көріністен Атсыздың Александрада ойы болғанына қанығамыз. Атсыздың осы ұсынысын қабылдамағаны үшін Александраның өмір бойы қашқын болып көл жағалап жүрісі мынау. Төріме шығарам дегеніне көнбегені үшін өмірін тозаққа айналдырғанын автор оның істерімен нанымды бейнелеген. Өмір бойы Атсыздан бой тасалап, қашып жүрген ол бұрынғыдай өжет емес. Себебі, бұл кезде Бәдрисафа – «халық жауының» жары ретінде кеңес үкіметі алдында саяси айыпкер еді.

Драматург Ахмет пен Атсызды Александра төңірегінде тағы бір сынақтан өткізген. Атсыз – үкімет адамы ретінде сұлу қызды өзіне бағындырғысы келетін қара күш иесі болса, Ахмет – үлкен сезім иесі. Оны Ахмет пен Александраның мына диалогы растайды:

«Ахмет: Ер жігіттің әйел алдындағы ең басты міндеті – оны бақытты ету, ал менің тағдырым қалт-құлт еткен желқайықтың үстінде. Қасыма алған адамым, қайық аударылса, су түбіне өзіммен бірге кетеді ғой, обалына қаламын ғой деп қорқамын.

Александра: Жүрегімнің қалауындағыдай лайықты адам тапсам, оған масыл болмай, керісінше, сыр ашар жан серігі, шаруасының бір жағында жүретін таянышы болсам деп армандайтынмын».

Махаббат атты ұлы сезімді ұлықтаған орыс қызы Ахметті құлай сүйгенін өмір бойы дәлелдеп өтті. Көл жағасында ғашығының бір кезде өзіне арнап жазған «Екі жирен» әнін сызылта әндетіп жүруі, өмірінің соңғы сәттерінің өзінде Ахметтің өлеңдерін қағазға жазып беріп, Перизат сынды жас талапкерге жаттатуы – осының бір мысалы.

Автор Ахметтің ақындығын жадында берік ұстанған. Оны ақын өлеңдерінің, аудармаларының, әндерінің тиімді қолданылғандығынан көреміз. Ал, шығарма оқиғаларының Ахметтің өмірдеректерінен алынғаны байқалады. Мәселен, алғаш тұтқындалған кезде төмендегідей айыптар тағылғаны тарихи құжаттардан мәлім. Оны полицайдың төмендегі сөздерінен көруге негіз бар:

«1-полицай: Байтұрсынов мектеп оқушыларына ұлтшылдық пиғылда теріс тәрбие берумен айналысады.

Былтыр генерал-губернатор Қарқаралыға келгенде, орыс балаларының санын арттыру туралы берген тікелей нұсқауына қарамастан, олардың қатарын қасақана көбейтпей отыр.

Орыс-жапон соғысы кезінде патриоттық іс-әрекет көрсетудің орнына осындағы Бөкейханов, Ақбаев дегендермен бірігіп, қазақтарға айрықша жеңілдіктер сұрап, патша атына қарсылық петиция ұйымдастырды...».

Осындай жалалармен Семей түрмесінде жатқанда күтушісі болған орыс қызы оған тамақ тасып, киім-кешегін жуып беріп отырды. Басына қиын іс түскенде қаршадай қыздың жасаған қамқорлығы олардың арасындағы махаббатты шындай түскені рас. Әрине Александраға да көмектескен қайырымды жандар болды. Солардың бірі – Садық ақсақал. Ахмет түрмеден шыққан соң, Садық ақсақалдың олардың отбасын құрауға ақ батасын бергені нанымды суреттелеген.

Соңғы көріністегі Бәдрисафа мен Перизаттың диалогы олардың өмір жолдарын, қилы тағдырын толықтыруға қызмет етеді. «Халық жауының» жары, бас кейіпкер Бәдрисафаның денсаулығынан айрылып, қуғында жүрсе де Ахметпен өткен қызыққа толы шақтарын қамығып еске алуы оның сүйгеніне деген адалдығын танытады. Жас қыздың: *«Ақ ана, түрме деген есік-терезесі тышқанның ініндей үңірейген, жарығы, ауасы жоқ қараңғы*

көр сияқты болады дейді зой үлкендер», – деген сауалына берген жауабы Ақ апаның бейнесін тағы бір қырынан толықтырған. Автор Бәдрисафаның сүйгеніне деген шексіз құштарлығын оның өмір жолына сыйғызуға тырысқан. Оның дәлелі – Ақ апаның соңғы демі тоқтағанша адал жарына

Шығарма Перизатқа әңгіме айтып отырған Ақ апаның сүтті ысытып келгенше жағдайы мүшкіл күйге түскенімен аяқталған. «Перизат: *Ақ ана... Сүт ысыды, мінеки, алыңыз! Ақ ана, ақ ана, сіз... сіз ауырып қалдыңыз. Ақ ана..... (Жылайды....)*».

Автор екі буын өкілдерін негізгі оқиғаға қатыстыру арқылы Ахметтің болашағы жарқын болатындығына меңзеген. Оны мектепте оқып жүрген Перизаттың Крыловтың мысалын кім аударғанын білмесе де жатқа білетіндігі, Бәдрисафаның әңгімелерін көңіліне тоқуы, жекелеген өлеңдері мен «Екі жиреннің» жазылу тарихын естіп, оларды жаттап алуы, Атсыздың өтірік әңгімесін бетіне басуы тәрізді детальдарға сыйғызған. Иә, халқымызды болашағы жастардың қолында болса, көзі қарақты, саналы балалардың өсіп келе жатуы – Алаш арыстарының еңбегі зая кетпегені, арман-мақсаттарының өлмегені. Авторлық ұстаным Ахмет пен Бәдрисафа өмірінің ғұмырлы болатындығына саяды. Ақ апаның соңғы әңгімелерінің Ахмет туралы болғандығы, сол естеліктерді көзі қарақты қыздың тыңдап қалуы – Ахмет пен Бәдрисафаның азапқа толы күндерін кейінгі ұрпаққа жеткізетін жандардың болғандығы.

Қорыта айтқанда, шығармаға Ахмет пен Александраның Қарқаралыда танысуы, Ахмет түрмеге түскенде Александраның оған тамақ тасуы, Семей түрмесіне қамалғанда артынан іздеп баруы, абақтыдан шыққаннан кейін екеуінің үйленуі, Александраның мұсылман дінін қабылдауы, есімін Бәдрисафа деп өзгертуі негіз болған.

1990-жылдары өлкетанушы Зұлқайнар Алдамжар көпшіліктің назарын аударып, 2009 жылғы қарашада «Бадрисафа» экспедициясын ұйымдастырды. Осыдан кейін республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде Назира Жарымбетованың, өлкелік «Костанайские новости» газетінде Людмила Фефелованың мақалалары жарық көрді. Экспедиция мүшелері Бадрисафа туралы деректерді Алматы, Орынбор, Томск қалаларынан жинады. Оларды Бадрисафаның тағылымды да қасіретке толы өмірі қызықтырғаны соншалық, Людмила Фефелова мен Қабылахат Сейдахметпен бірігіп экспедиция материалдары негізінде «Ақ келін» пьесасын жазды. Спектакльдың тұсаукесері 2012 жылдың мамырында өтті. Қостанай орыс драмалық театры Александр Лиопаның режиссерлығымен «Ақ келін» спектаклін сахналады [8]. Осы туында арқылы Ахмет Байтұрсынұлы мен оның жары Бәдрисафаның (Александраның) бейнесі тағы бір қырынан толықты. Қойылымға «Нұр Отан» партиясының мүшелері қаржылай көмек берді.

«Нұр Отан» ХДП Қостанай облыстық бөлімшесі төрағасының бірінші орынбасары, педагогика ғылымының докторы Римма Бектұрғанованың «Ахмет Байтұрсынұлының махаббаты» [9] атты мақаласында Ахмет пен Бадрисафа арасындағы кіршіксіз махаббат туралы сөз болады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы тарихшылар мен өлкетанушыларға өз өлкелерінің тарихын зерттеуді міндеттегені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, жерлестерінің «Алаш» қозғалысы көсемі Ахмет Байтұрсынұлы өмірінің белгісіз беттеріне назар аударуы – құптарлық іс.

Бадрисафа Байтұрсынова – XX ғасырдың бірінші жартысындағы ел өміріндегі барлық ауыртпалықтарды өз басынан өткерген жан. Ол «Алаш» қозғалысына мүше болмағанмен, көрнекті ғалым, саясаттанушы Ахмет Байтұрсынұлының жары ретінде саясаттың бел ортасында жүрді, халықтың қасіретін көзімен көрді. Күні бүгінге дейін жерлестері арасында Ахмет пен Бадрисафаның кіршіксіз үлкен махаббаты аңыз болып ауыздан-ауызға тарап келеді. Ал, бұған дейін Бадрисафа туралы мардымды мәлімет болмағаны рас.

Александра Ивановнаның әкесінің көзін көрген белгілі журналист Байтұрсын Ильясовтың айтуы бойынша, ол – Аманқарағай орман шаруашылығында бақылаушы болып жұмыс істеген. Ахмет Әулікөлдегі жаңа мектепке мұғалім болып келгенде Александраның әке-шешесінің үйіне тоқтаған. Алғашында жастардың махаббатын қолдаушылар болмағанмен, уақыт өте келе олардың арасындағы үлкен сүйіспеншілікке бәрі бас иген.

Ахмет Байтұрсынұлы мен орыс қызы Александраның некесін ұлы ойшыл Зайнул-ишан Расулев (1833-1917) қиғаны туралы дерек бар. Зайнул-ишанның арқасында Троицк – XX ғасырдың басында мұсылман дінінің орталығы болған. Неке қиылған соң, Бадрисафа Мұхамедсадық-қызы деген жаңа есім беріп, Александраны мұсылман дініндегі татар қызы деп жазады.

Ахмет Байтұрсынұлының туысқаны Ильяс Байтұрсынның «Алтын Бесік» кітабында Бадрисафа некесін қиған соң, мұсылман діні туралы сауатын ашу үшін екі-үш ай мешітте қалғаны туралы айтылады. Кейінгі өмірінде ол мұсылман дінінен әсте аттаған емес. Осы табандылығына қарап қазақтар оны «Ақ келін» атап кетеді. Көрікті, ақылды, төзімді, кеңпейіл жанның өмірінде тағдыр тауқыметі арқалатқан қасіретті жылдар аз болмады. Жоғарыдағы пьесада осы шындықтардың бірсыпырасы сол қалпында сахналанды. Авторлар бұған дейін көп айтыла бермейтін Бадрисафаның көркем бейнесін жасауда көп ізденді.

Ахметті сүйген орыс қызының мұсылман дінін қабылдауы, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа беріктігі Ахметке деген махаббатынан туындап еді. Қостанай мен Торғайдың ақсақалдары оны кеңпейілдігі, жан дүниесінің тазалығы үшін сыйлап құрметтеген. Сүйген жарының күреске толы өмірі жас қызды үлкен қайраткер етіп шыңдады. Ол Ахмет Архангелскінің Солвецкі аралына түрмеге түскенде, Сібір мен Томскіге жер аударылғанда қызы Шолпанды алып артынан бірнеше рет іздеп барып, түрме камерасында қасында болды.

Құлай сүйген жарының репрессия құрбаны болып атылуы оған оңай тиген жоқ. Қалған өмірінде «Халық жауының» жары ретінде қуғыннан қашып, жиі қоныс аударуға тура келді. Туыстары оны бірінен-біріне өткізіп, ізкесушілерден жасырып отырды. Алайда Ахмет басынан өткен қиыншылықтар мен азапты жылдар Бадрисафаның да жанын жаралап, жүрегіне сызат түсірді. Н.Әмірова өз естелігінде Ұлы Отан соғысы жылдарында Александра Ивановнаны көргенін, ол өз жасына қарағанда әлде қайда қартайып кеткенін, бір кездегі сұлулықтан ештеңе қалмағанын, денсаулығынан айырылғанын айтады.

Қостанайлық өлкетанушылар содан кейін оны көрген жан болмағанына қарап, Қостанай ауданы, Александровка селосындағы мүгедектерге арналған ауруханада емделіп жатып, сол жерде қайтыс болған деген болжамдар жасайды. Есімхан Тұрлыбеков ақсақалдың айтуынша 1947 жылдары Меңдіқара ауданының Қасқат ауылында Александра деген орыс әйелін Ахмет Байтұрсынұлын жақсы білетін Қасым Тоғызақовтың ертіп жүргені айтылады.

Тобыл өзенінің бойындағы Меңдіқара ауданы, Қасқат ауылында Бадрисафа Байтұрсынова жерленген жерге естелік белгі қойылды.

Ал, М.Омарованың «Ақтастағы Ахико» атты тарихи драмасының бас кейіпкері – жапондық Ахико Тецуру. 1945 жылы Кеңес Одағы мен Жапония арасындағы соғыс кезінде тұтқынға түскен 15 жасар жапондық бозбаланың КАРЛАГ түрмесінде жазасын өтеуі, Алаш арыстарының әкелері Сейфолла, Садуақас және Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаевтармен бірге болуы сол бір сұрапыл жылдардың қасіретінен хабар береді. Оған таңылған «Жапон тыңшысы» деген айып кезінде Алаш қайраткерлерін жазалаудағы негізгі айыптардың бірі болғаны тарихтан белгілі. 10 жылдан соң, 25 жастағы жігіттің тар қапастан шыққанда 25 кг. тартуы түрме азабының біз ойлағаннан әлде қайда сорақы болғанын айғақтайды. Олай болса, ол көрген қорлықты – жазықсыз жазаланған қараткерлердің бәрі де басынан өткергені жасырын емес. Камерада таң атқанша Ахметтің әңгімесін тыңдайтын Ахиконың алаш арыстарының аманатын жеткізуі – ақынның түрмеде қанмен жазылған өлең дәптерін анасы Гүлбаршынға табыстауымен бейнеленген. Автор сол үшін де оны түрмеде алаш арыстарымен кездестіріп тұрғаны аян.

Шығарманың бас кейіпкері өмірде бар адам болғанмен, автор қажет жерінде шығармашылық еркіндікті пайдалана білген. «Карлагта 50 мыңнан астам жапон отырды. Еңбек етті, өмір үшін күресті. Солардың бірі мен едім. Карлагқа түскенде жасым 15-те болатын. Ажал – машина. Жаңа туған сәбиден бастап, еңкейген мүгедек кемпір-шалға дейін жұтады», – деген кейіпкер сөзі – сол тұстағы өмір шындығын көрсететін көркем штрих. Жалындаған жастық шағының 10 жылын Карлагта өткізген Ахико Тэцуру бейнесі типтік дәрежеге көтерілген. Себебі, оның тағдыры жүздеген, мыңдаған боздақтардың қасіретінен

сыр шертеді. Ахико тәрізді жазықсыз жапа шеккен жандардың аман қалып, өсіп-өнуіне қазақ ұлтының игі-ықпалы мол болды. Өлім аузындағы Ахиконы бауырына басып, ел қатарына қосатын Ақтамақ – қазақ аналарының жиынтық бейнесі. Автордың осы кейіпкер арқылы қазақ халқының ұлттық болмысын жеткізуге тырысқаны байқалады. Қазақ жеріне күштеп қоныстандырылған диаспора өкілдерінің қазақ жеріне де, еліне де мәңгі қарыздар екені тарихтан мәлім. Жапондық Ахиконың атамекенін жерсінбей, «Ақтасыма жететін жер жоқ екен» деп, Қазақстанды мекендеп қалғаны білгілі. Автор бұл туындыда нақты детальдармен қазақ деген дархан халықтың ұлттық болмысын аша түскен.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған деректі фильмдер мен драмалық туындыларда Ахмет Байтұрсынұлы мен оның жары Бадрисафаның көркем бейнесі жан-жақты сомдалды. Авторлар бірін-бірі қайталамауға тырысып, өз туындыларын жаңа деректермен толықтыруға ден қойды. Осылайша қаламгерлер халқына адал қызмет еткен Алаш қайраткерінің сахнадағы көркем образын жасауға өз үлестерін қосып келеді. Алдағы уақытта да бұл қатар жаңа туындылармен толығыны дау туғызбайды. Өткен тарихымызды ұлықтауда, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде мұндай тарихи дүниелердің атқарар қызметі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Алашорда» деректі фильм 50 минуттық Шәкен Айманов атындағы кинофильм 2009 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=ls9JPN8Uxmc>.
2. «Алаш алыптары» Ахмет Байтұрсынов. 32 минуттық Қазақстан ұлттық арнасы 2013 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=3ebSwC10ixk>.
3. «Тайны и судьбы великих казахов» 52 минуттық Білім және мәдениет арнасы 2016 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=EKJJ4u8mH7Y>.
4. «Тұңғыштар» Ахмет Байтұрсынов 20 минуттық Мәдениет және білім арнасы 2014 жыл // <https://www.youtube.com/watch?v=C4Cwth6yzN0>.
5. «Өмір жолы». Ахмет Байтұрсынов 30 минуттық. Хабар агенттігі 2015 жыл // https://www.youtube.com/watch?v=b0Sen_y76yM.
6. Оразбаев И. Киелі күнә. Он үш томдық таңдамалы. Т.9. – Алматы, 2006. – 429 б.
7. Өтен А. Азаппен өткен – өмір-ай. Қолжазба автордың жеке мұрағатынан алынды.
8. Фелелова Л. Любовь и смерть Ак келін. Ахмет и Александра Байтурсыновы (история) // Источник – Костанайские новости. 3 июня 2010. – Постоянный адрес статьи - <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1278310020>.
9. Бектурганова Р. Любовь Ахмета Байтурсынова // <http://www.kazpravda.kz/news/kultura/lubov-ahmeta-baitursinova/>.

ӘОЖ 9(571) 333.16

<https://doi.org/10.53355/j5609-8809-3106-j>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ

Сантаева К.Т., әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, т.ғ.к.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік Университеті, Талдықорған қ

E-mail: samgat_aneka@mail.ru

Мақалада Алаш зиялыларының үніне айналған "Қазақ" газетінің шығу тарихына ондағы ұлттың рухани көсемі болған А.Байтұрсыновтың "Қазақ" газетін шығарудағы қызметіне тоқталған.

Тірек сөздер: қазақ, газет, алаш, тарих, большевик, қазақ зиялылары.

В статье рассказывается о деятельности А. Байтурсынова, духовного лидера нации, в издании газеты "Қазақ", ставшей основой алашской интеллигенции.

Ключевые слова: *Казах, газета, алаш, история, большевик, казахская интеллигенция.*

The article describes the activities of A. Baitursynov, the spiritual leader of the nation, in the publication of the newspaper "Kazakh", which became the basis of the Alash intelligentsia.

Keywords: *Kazakh, newspaper, Alash, history, Bolshevik, Kazakh intelligentsia.*

Алаш зиялыларының үніне айналған «Қазақ» газетінің жарық көргеніне – бір ғасырдан астам уақыт болды. 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен шығып тұрған «Қазақ» газеті кеңестік тарихнамада объективті ғылыми бағасын ала алмады. Себебі «Қазақ» газетінің шығуы тарихы қазақ зиялыларының тағдырымен тікелей байланысты еді. Кеңестік тарихнамада ұлт зиялыларының бұл тарихи кезеңдегі қызметі буржуазиялық ұлтшылдықтың көрнісі есебінде бағаланса, олардың қолынан шыққан басылымдардың жеңіл түрде буржуазиялық – ұлтшылдық бағыттағы басылым ретінде бағаланды. Сондықтан да, "Қазақ" газетінің жарық көргеніне бір ғасыр уақыт өткенде оның шығу тарихын осы газетті шығаруда А.Байтұрсынұлының ролін зерделеу өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда «Қазақ» газетінің материалдары тарихшы ғалымдар үшін екі тұрғыдан құнды. Біріншіден, газет материалдары XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдарындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үрдістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. Демек, отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы ұлт зиялылары жүргізген азапты күрестің негізгі идеялық бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ материалдарынсыз мейілінше тура түсіну, әрине, мүмкін емес», – дейді [1] белгілі тарихшы М.Қ.Қойгелдиев. «Қазақ» газеті осыдан бір ғасыр бұрын, яғни 1913 жылдың 2 ақпан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылға дейін одан кейін екі рет шығып тұрған. Бірінші редакторы қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, екінші редакторы белгілі ғалым, қоғам қайраткері М.Дулатұлы, бастырушы «Азамат» серіктігі болған. Құсайынов, Кәрімов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков болған. 1918 жылдың 16 қыркүйегіне дейін, «Қазақ» газетінің 265 нөмірі жарық көрген [2]. Басылымда А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Шоқай, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалиев, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.

«Қазақ» газеттің шығуы ұлттың даму тарихының заңдылығы әрі қажеттілік еді. XX ғасыр басында қазақ халқының тарихи тағдыры ауыр жағдайда қалды. Бірінші, Ресей империясының пәрменді отарлау саясаты, екінші, ортағасырлық мешеуліктен арыла қоймаған, ескі, күні өткен феодалдық қатынас қатар қыспағына алған ұлтымыздың болашағына үлкен қауіп төнді. Осындай «тар жол, тайғақ кешуге» тап болып, халқымыздың тағдыры тығырыққа тірелген тарихи кезеңде азаттық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық интеллигенцияның араласа бастауы заңдылық та болатын. Олардың бірі А.Байтұрсынұлының «Маса» болып шағып, екіншісі М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» деп жар салып, қалың ұйқыда жатқан елін оятып, көкірек көзін ашуға, етек-жеңін жиғыза, өз қам-қарекетін өзіне жегізуге үн тастап, дабыл қақпасақ амалдары қалмады. Сонымен ғана шектелмей, «Заманына қарай амалы» деп «сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі – газет», – деп білген қазақ зиялылары жалпы ұлттық басылым шығару идеясын жүзеге асыруға ұмтылған.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы бірінші нөмірінде қазақ халқына газеттің керегі қандай екендігін айтып өттеді. Онда әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұртқа басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды. ... екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнасі жұрттың білімді, пікірлі, көрегені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады[2,10б.] деп қазақ зиялылары ұлтына қызмет етуге ниет етті.

«Қазақ» газеті неге басқа қалада емес Орынборда шықты? Оған бірнеше себеп болды. Бірінші, Орынбор ХХ ғасырдың басында орта Еділ сағасымен Орал өңірінде Қазаннан кейінгі мәніндегі ірі саяси, сауда және мәдени орталыққа айналған болатын. Шығыс пен оңтүстікке тереңдеп енуі көздеген патша үкіметі, бұл мақсатта Орынбор татарларының көрші түркі тілдес халықтармен тіл және дін жағынан жақындығын өз мүдесіне пайдаланғысы келді және сол үшін оларға бір сыпыра еркіндіктер де берді. Екіншіден, белгілі бір жүйеге түскен, дамыған баспа мәдениеті бар Орынбор қаласы қазақ демократиялық зиялы қауым өкілдеріне газет шығару үшін өте тиімді орын болатын [1,182 б.]. Ә.Бөкейханұлы және А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары газет шығару ісін 1905 жылдан бастап қолға алған. Бүгінде осы мәселені жан-жақты зерттеген т.ғ.д., профессор Қ.Атабаев өз еңбектерінде ««Қазақ» газеті 1907 жылдың наурыз айында жарық көрді» дейді [3-4]. Бірақ, 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін қалыптасқан саяси жағдай Ә.Бөкейханұлы мен А.Байтұрсынұлының қазақ даласында газет шығару мүмкіншілігінен біржола айырған еді. Оған себеп, Ә.Бөкейханұлы шамамен 1909 жылы Самара қаласына жер аударылады, ал 1910 жылы «Қазақ» газетінің болашақ редакторы А.Байтұрсынұлына Ішкі істер министрі екі жылға Қазақстанда тұруға тыйым салған Жарлығы шыққан соң, өз еркімен Орынбор қаласында тұруға мүмкіндік алады. Орынборға 1910 жылы 10 наурызда келіп, көп ұзамай еркін жалданушы есебінде Торғай-Орал переселен париясына 60 сомдық айлықпен кеңсе ісін жүргізуші болып орналасады. Осы жерде шамамен екі жарым жылдан астам уақыт қызмет атқарады. А.Байтұрсынұлы үкімет орындарынан «Қазақ» газетін шығаруға ресми рұқсат алып, алғашқы санын шығаруға дайындалып жатқанда 1912 жылы 12 желтоқсанда Семейдегі абақтыдан жаңа ғана босанған М.Дулатұлы Орынборға келеді [5].

«Қазақ» газетінің шығу тарихын жан-жақты зерттеген ғалым т.ғ.д. профессор М.Қойгелдиев өз зертеулерінде «өкінішке қарай, А.Байтұрсынұлының тиісті өкімет орындарынан «Қазақ» газетін шығаруға рұқсат сұрап жазған ресми өтініштері бізге әзір белгісіз, бірақ олардың сақталғандығы еш күмән туғызбайды» дейді [1, 186 б.]. «Қазақ» газеті, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы және М.Дулатұлының үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді. Оған дәлел «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік. Милләт халын ойымызға алып қызмет етуді мойнымызға алып, арнаған бір ісіміз. Құдай сәтін салсын, «әумин» деп қол жайып, «әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік!» – деп жазды.

Белгілі ғалым т.ғ.д., профессор Т.Омарбеков өз еңбектерінде: «Қазақ» газетіндегі белсенді қызмет А.Байтұрсынұлын қазақ халқының рухани көсемі деңгейіне көтерді» деп

бағалайды [5,351б.]. Алаш зиялыларының ой-арманы, идеясы «Қазақ» газетінің эмблемасында да бейнеленді. Ол жайында 1918 жылғы 258-санында жарияланған «Орда гербі (таңбасы)» деген мақаласында Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінің басында тұрған көшпелі халыққа тән қазақ үй суреті мынадай мағыналарды береді: «Киіз үй – киіз туырлықты қазақ халқы. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық болуындағы мағына: түндік жарық кіретін жол, есік түрлі заттар кіретін жол дегендік. Жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол есігі еркін болмасын делінген еді. Түндіктен түсетін жарыққа өнер-ғылым енгізілген еді. Түндік күнбатыс жағынан ашылуы өнер-ғылым Еуропа жағында күшті болған себепті қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын деген мағына еді. Үйдің есігі «Қазақ» деген сөзден жасалған. Ондағы мағына «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі болсын, әрі жат жұрт жағынан күзетшісі болсын делінген еді. Қазаққа деген игілікті нәрсені енгізу жолында газет қызмет етсін, сырттан келетін жамандық болса, күзетші орнында газет қызмет қылсын делінген еді» [2,423 б.].

«Қазақ» газетінің алдына қойған мақсат тілегі не еді?. Сол кездегі өкімет орындарының түсінігі бойынша, «Қазақ» ең алдымен, самодержавиелік биліктің ішкі және сыртқы саясатын, дала өміріне қатысты қаулы-қарарларын қазақ еліне жеткізіп, оларға билік тұрғысынан түсінік беруге тиіс еді. Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығатын «Қазақ» газетін төмендегі бағдарламамен шығарып тұруға рұқсат берілгендігі жазылған: 1. Үкіметтің бұйрық-жарлықтары. 2. Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы. 3. Ішкі және сыртқы хабарлар. 4. Қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы. 5. Этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері. 6. Экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы. 7. Халық ағарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері. 8. Тазалық, денсаулық және мал дәрігерлігі жайы. 9. Фельетондар. 10. Корреспонденциялар мен жедел-хаттар. 11. Жергілікті хроника. 12. Суреттер. 13. Почталар (хаттар). 14. Құлақтандырулар [2,446 б.].

Ал қазақ зиялыларының алдына қойған мақсаты – ортағасырлық мешеу феодалдық тәртіптер құрсауында жатқан қазақ қоғамын ояту, оны қараңғылық пен ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. «Қазақ» газеті жалпыұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті. Бұл жолда күресу, «Қазақ» газетін шығару қазақ зиялыларына оңайға түскен жоқ. Оған дәлел мұрағат деректерімен танысу барысында газеттің әр мақаласы қандай қиындықтармен жарыққа шыққанын көруге болады. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 78-санында басылған «Алашқа», 79-санында басылған «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақалада патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат бар, отаршыл саясатқа қарсылық білдірген деген желеумен редактор А.Байтұрсынұлын екі жылға жер аудару туралы үкім шығарады. Газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған «Бұ қалай?» деген мақала үшін 50 сом айып немесе 2 ай түрмеге кесілген. Газеттің 1914 жылғы 80-санында басылған «Закон жобасының баяндамасы» деген мақала үшін Орынбор генерал губернаторы А.Байтұрсынұлына 1500 сом айып салуға немесе үш ай түрмеге жабуға үкім еткен [2,447 б.]. Міне қазақ елім, ұлтым деп еңіреген аяулы азаматтың тағдыры осындай еді. «Қазақ» газетінің таралымы мол әрі таралым аймағының кең болуы да оның құндылығын арттыра түседі. Бұл жөнінде газеттің 1914 жылғы 9 қаңтардағы 45-нөмірінде мынандай дерек жарияланған: «Қазақ» газетасын 10 облысқа қараған киіз туырлықты қазақ байдың баласынан 1913 жылдың ішінде алдырып тұрғандардың есебі мынау: Торғай – 694, Семей – 612, Ақмола – 584, Сырдария – 327, Орал – 301, Жетісу – 157, Ішкі ордалық – 136, Ферғана – 30, Самарқан – 8, Закаспий – 5, өзге жерлерден: Оренбург шаһары – 37, Уфа – 14, Қазан – 13, Қытай қазағы – 10, Петербург – 9, Түркия – 5, Мәскеу – 3, Томск – 3 һәм басқа шаһарлар – 57, Бәрі 3007» [2,82 б.]. Міне «Қазақ» газеті қазақ даласын ғана түгел шарлап қоймай, шетелге де тарағанын көреміз. Бұл – алғашқы жылғы көрсеткіші. 1915 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс ауыртпалығына байланысты бір жарым мыңға дейін кемігенімен, соңғы екі жылында, яғни 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін, қайтадан күрт өсіп, өзінің шарықтау шегіне жеткен. Бұл жайында Міржақып Дулатовтың: «Жабылуының алдында

газеттің өз типографиясы, қағаз қоры, шағын кітапханасы болды, таралымы 8 мыңнан асты», – деп еске алуы – соның дәлелі [6-7].

Қорыта айтқанда XX ғасыр басында қазақ қоғамдық ойының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан газеттің бағыт-бағдарын жан-жақты зерттеген, ғалым, тарихшылар, "ұлттық мәселе тұрғысынан әзірге дейін "Қазақ" газетіне жеткен басылым жоқ" деп баға беруде. Себебі бұл басылым көтерген мәселе, әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Оны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Ия, Ахмет Байтұрсынов басқарған «Қазақ» газеті, міне осындай еді!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: 2017. – 480б.
2. «Қазақ» құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы: 1998. – 556б.
3. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі (1870-1918). – Алматы: 2000. – 358 б.
4. Атабаев Қ. Деректану. Алматы: – 2007. – 261 б.
5. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: – 2004. – 388б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995. 256б.
7. Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. Алматы, 2007. 370 б.

УДК 378.147

<https://doi.org/10.53355/d0838-5016-4487-s>

ОСОБЕННОСТИ ИНФОРМАТИВНОГО ПЕРЕВОДА ТЕКСТОВ ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО СТИЛЯ

Син А., студент 4-го курса высшей школы гуманитарных наук
Ғылыми жетекші: Машанова С.М., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г.Талдыкорган

E-mail: sasha.sin@inbox.ru

В данной статье исследованы основные особенности перевода текстов официально-делового стиля с английского на русский язык. Определены характерные черты английского делового стиля, выявлены грамматические особенности их перевода на русский язык.

Ключевые слова: деловой стиль, информативный перевод, офисная документация, языковые средства, терминология, речевой штамп, устный перевод, письменный перевод

Бұл мақалада ресми іскерлік стильдегі мәтіндерді ағылшын тілінен орыс тіліне аударудың негізгі ерекшеліктері қарастырылған. Ағылшын тіліндегі іскерлік стилінің өзіне тән ерекшеліктері анықталған, олардың орыс тіліне аударудағы грамматикалық айырмашылықтары көрсетілген.

Тірек сөздер: іскерлік стиль, ақпараттық аударма, офистік құжаттама, тілдік құралдар, терминология, сөйлеу мөртабаны, ауызша аударма, жазбаша аударма

This article examines the main features of the translation of official-business style texts from English into Russian. The characteristic features of the English business style are determined, grammatical features of their translation into Russian are revealed.

Key words: business style, informative translation, office documentation, language tools, terminology, speech stamp, interpretation, written translation

В связи с развитием международных контактов на всех уровнях, политической интеграции Казахстана в европейское и мировое политическое, экономическое и социальное пространство переводческая деятельность во всех своих разновидностях приобрела невиданный ранее размах, благодаря возрастающей интенсивности международных контактов. Все более важное место - и по объему, и по социальной значимости - стали занимать переводы офисной документации - тексты информационного, экономического, технического характера. Специальные тексты, которые можно охарактеризовать как информативные или прагматические являются более или менее стандартными по форме и языковым средствам, и переводчику в первую очередь, приходится решать часто лингвистические проблемы, обусловленные различиями в семантической структуре и особенностям употребления двух языков в процессе коммуникации.

В настоящее время проблема информативного перевода является актуальной, в связи с возрастающими объемами переводов и возникающими при переводе трудностями, с которыми приходится сталкиваться техническим переводчикам, работающим в различных иностранных компаниях и фирмах. Изучение специфики исходного текста крайне необходимо, так как без ее учета адекватный перевод целого ряда источников просто невозможен.

Круг деятельности, охватываемой понятием «перевод», очень широк. Переводятся с одного языка на другой стихи, художественная проза, публицистика, научные и научно-популярные книги из различных областей знания, дипломатические документы, деловые бумаги, статьи, статьи и выступления политических деятелей, речи ораторов, газетная информация, беседы лиц, разговаривающих на разных языках и многое другое.

Слово «перевод» принадлежит к числу общеизвестных и общепонятных, но и оно, как обозначение специального вида человеческой деятельности и ее результата, требует уточнения и терминологического определения.

Информативный перевод представляет собой перевод текстов, основная функция которых заключается в сообщении каких-то сведений, передачи информации и отпускается художественно-эстетическое воздействие на читателя. К таким текстам относятся все материалы научного, делового, общественно-политического, бытового характера. Сюда же В.Н.Комиссаров [1,96] относит и перевод многих детективных рассказов, описаний путешествий, очерков, официально-деловых материалов и тех материалов, где преобладает чисто информационное повествование. В информативном переводе подвиды перевода различаются на основе принадлежности переводимых текстов и относятся к различным функциональным стилям исходного языка. При этом необходимо, чтобы функционально-стилистические особенности оригиналов определяли и специфические черты перевода таких текстов. Психолингвистическая классификация переводов, учитывающая способ восприятия оригинала и создания текста перевода, подразделяет переводческую деятельность на письменный перевод и устный перевод.

Язык деловых документов должен соответствовать традициям официально-делового стиля литературного языка. Основные особенности официально-делового стиля - это: точность, исключающая возможность каких бы то ни было инотолкований и неясностей; языковой стандарт - стремление к выражению мысли единообразным способом, использование для этого готовых языковых формул-клише. Названные черты отражаются в оформлении деловых бумаг и документов: характере композиции, расположении частей текста, выделении абзацев, рубрикации, шрифта и т.п.

В странах-членах Европейского сообщества осуществляется масштабная программа языкового обеспечения полной экономической интеграции. Непременным требованием ко всем специалистам является знание двух-трех языков помимо обязательного требования знания английского. Это требование выполняется уже в центрах международного сотрудничества, таких как Люксембург, Лихтенштейн и Швейцария.

Существуют интегрирующие, стилиобразующие, внешне лингвистические закономерности, которые образуют официально-деловой стиль.

Среди этих факторов выделяются:

- однозначность терминологии;
- стандартизованность выбора как формы текста, так и речевых средств;
- полнота и логичность изложения материала [2,106].

Целью каждого документа, написанного в официально-деловом стиле, является прийти к определенному соглашению в вопросах политики, торговли, предложений услуг и т.п. Любой документ должен обеспечить полную ясность существа вопроса, выразить главные условия, которые обязуются соблюдать обе договаривающиеся стороны.

К переводу официально-деловой документации предъявляются особые требования:

Точность перевода. Она обеспечивается адекватной передачей прецизионной лексики, содержащиеся в подобных текстах. Это касается передачи имен собственных (фамилии, имена, географические и административные реалии и т.д.): The Hague - Гаага; The English Channel- Ла Манш.

Точность официально-делового перевода также связана с корректной передачей цифровых данных и использованием соответствующей терминологии, ср. ставшие интернациональными англоязычные термины и сокращения, обозначающие базисные условия поставки, которые используются при заключении контрактов: Ex-Factory, Ex-Mill.Ex-Work - с завода-поставщика (франко-завод - покупатель несет все расходы, связанные с транспортировкой товара с завода-поставщика),FCP - фрахт или иная доставка оплачены до места назначения («до наименования порта/пункта»).

Наличие многочисленных сокращений создает трудности для перевода. В частности, переводчик официально-делового текста должен знать такие сокращения, как например: *z - zero, y, yr - year, yd - yard, d - date, xd – without dividends, xr – without rights, xw – without warrants, vou - voucher, TM - trademark, TDY- temporary duty, qq - questions. R.P. - reply paid, pt - payment, pw - per week, p.a. - per annum, POD - port of destination, FOC - free of charge, FOB - free on board, FIO - free in and out* [3,122].

Работая с переводом на английском языке необходимо помнить о тех стратегиях вежливости, которые приняты в английской речи. Например, для английской деловой речи характерно стремление избежать чрезмерной категоричности высказывания. Когда носитель русского языка говорит «думаю, что Вы не прав», англичанин замечает «я не думаю, что Вы правы». Сравним оформление одного и того же понятийного содержания в русском и английском языке: Мы думаем, что товар был складирован в неблагоприятных условиях – *We don't think the goods were appropriately kept.*

Характерной чертой делового английского языка является сниженная категоричность. Особенно это касается документов, содержащих просьбу, требование или рекламацию. Например, типичная форма запроса - вопросительная: *Could you send a detailed technical description?* - Вышлите нам также подробное техническое описание. В рекламациях широко используются формы сослагательного наклонения: *We should be very much obliged if you would rectify this error and send us replacement at your earliest convenience.* - Мы будем благодарны, если Вы исправите эту ошибку и замените некачественный товар как можно скорее [3,135].

Чтобы достичь успеха в своей деятельности, переводчик официальной документации должен пользоваться актуальной терминологией. Следует отметить, что важную роль в овладении полной терминологией будут играть не существующие словари, а приобретение опыта на основе изучения аутентичных документов на родном и иностранном языке.

При работе с официально-деловой документацией переводчику нередко приходится не только переводить уже имеющиеся в наличии официальные бумаги, но и самому составлять их, выполняя обязанности секретаря-референта. Составление делового письма на английском языке требует знания свода правил и стандартов для деловых писем.

Официально-деловая речь - один из важнейших стилей литературного языка, играющего большую роль в жизни общества. Он строг, официален и по-своему выразителен.

Рассмотрим один из видов делового договора на оказание услуг.

Таблица 1

Переводческий анализ английского и русского вариантов текста

Текст для перевода	Вариант перевода
1. While performing the Services, the Contractor will maintain control over its employees in an independent manner.	1. В период предоставления Услуг, Исполнитель обязуется осуществлять независимый контроль над своими работниками.
2. The Client shall provide an appropriate classroom in Ust-Kamenogorsk and the required training aids such TV and multi-system VCR, Laptop, LCD projector, whiteboard and markers as well as daily two 15-minute coffee breaks for the whole period of training.	2. Заказчик предоставит на весь период обучения соответствующее классное помещение в г.Усть-Каменогорск и необходимые вспомогательные учебные средства, такие как телевизор и мультисистемный видеомаягнитофон, ноутбук, мультимедийный проектор, письменная доска и маркеры, а также организует по два ежедневных 15-минутных перерыва на кофе.
3. Client is obliged to pay for the Services rendered by the Contractor in accordance with Article 6 hereof	3. Заказчик обязуется оплатить Услуги, предоставленные Исполнителем, согласно условиям статьи 6 настоящего Договора.
4. Client shall provide Contractor's instructor and translator with Ust-Kamenogorsk airport pick-up service on their arrival and see-off on their departure.	4. Заказчик встретит инструктора и переводчика Исполнителя в аэропорту г.Усть-Каменогорска в день прилета и проводит инструктора и переводчика в аэропорту г.Усть-Каменогорска в день вылета.

Комментарий:

1. При переводе данного предложения была произведена лексико-семантическая замена, в частности, генерализация, для того, чтобы достигнуть адекватного перевода соответствующего нормам русского языка, т.к. если бы здесь было произведено синтаксическое уподобление, то перевод был бы неприемлем по нормам русского языка.

Произведена смысловая замена: английскому слову the Services в переводе соответствует его смысловой эквивалент «Услуги», т.к. в этом контексте при использовании словарных соответствия данной лексемы - «службы», «заслуги» - оказались бы неуместными.

2. При редактировании русского предложения возникла необходимость в перестановке частей речи - обстоятельство времени было поставлено сразу после основы предложения, т.к. такое предложение составного обстоятельства более типично для русского языка.

В русском предложении произведена лексическая трансформация:

- модуляция, т.е. смысловое развитие ...а также организует по два ежедневных 15 минутных перерыва на кофе... для достижения адекватного перевода.

3. При переводе данного предложения была произведена грамматическая трансформация - синтаксическое уподобление, что и привело к полному соответствию количества языковых единиц и порядка их расположения в оригинале и переводе.

4. ...shall provide... with Ust-Kamenogorsk airport pick-up service on their arrival and see-off on their departure.

В данном случае был применён прием конкретизации: глагольное словосочетание с широким предметно-логическим значением английского языка передано глаголами русского языка с более узким значением «встретит и проводит».

В результате исследования текстов информационного характера можно сделать вывод о том, что возможности, средства и приемы, используемые при информативном переводе, определяются общей целенаправленностью и жанрово-стилистической принадлежностью исходного текста. Жанровый характер информативных текстов - в отличие от текстов художественной литературы, где преобладают языковые средства с временными семасиологическими связями - определяют языковые средства с фиксированной семасиологической связью, созданные в виде терминов.

Задача родителей и педагогов, по мнению Шакарима, – уберечь юные души от дурных влияний. Плохие привычки легко закрепляются и от них трудно избавиться, поэтому с раннего детства надо прививать человеку правила нравственного поведения. Добродетели, напротив, требуют постоянных усилий духа воспитуемых. Отдаленность результатов, не сиюминутность отдачи правильного поведения заслоняют от детей значимость моральных заповедей: «Неискушенность, малый жизненный опыт подталкивает молодёжь идти на поводу у чувственных влечений и предпочитать эгоистические желания общественному долгу», - писал Шакарим в философских думках «Сад подснежников». Если с детства не прививать навыки нравственного поведения и не упражнять воспитанников в правильных моральных поступках, позднее ни самые сильные внушения разума, ни требования чести и долга не в силах будут изгнать дурные навыки.

Всякий обязан стремиться к достижению идеала, пусть даже, и не дойдёт до цели, но находиться на верном пути - залог успеха. Нравственные нормы и правила поведения не должны быть чем-то внешним, они должны стать глубоко личностными качествами растущего человека и только в этом случае выполняют своё назначение. Значит, главная цель нравственного воспитания и самовоспитания, согласно Шакариму, – необходимость формирования в человеке внутренней потребности к активному утверждению в себе высокой морали, духовности, религиозности. Именно об этом рассуждает Шакарим:

Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық,
Адалдық ақ жүректен шығады. Ал арлы, ақылды
Адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті,
Мақтандықты білмейді және істемейді.
Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір
Сүріп, бірімен-бірі тату тұруда сөз жоқ. Бірақ
Осы айтылғандарға қарсы, жолдан қосылған,
Адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып
Қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер де
Бар. Олар: нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан
Ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек.
Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық,
Малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік,

Кәнішерлік, тағы тағылар. Бұлай болғанда осы

Жаман әдеттерден құтылудың айналасын іздеу керек. [1]

Безусловно, Шакарим на повестку дня ставит проблему, как улучшить человеческие качества, какой характер и какие ценности надо развивать. Внутренний мир, психологические качества личности, его мировоззрение и, соответственно, изменение всего этого – все в руках самого человека. В этом направлении Шакарима постоянно интересовали вопросы духовного и материального. В своем мировоззрении Шакарим против культа личности – не познав себя, не узнав совесть, жизнь для него сложный процесс. Духовный рост человека он рассматривал в единстве с природой. Познав самого себя, человек может определить свое место в природе, только потом личность может понять связь между мировым разумом и разумом человеческим. Познание, по Шакариму, – это чувство и чистый разум. В отношении процесса познания он против субъективизма. Самосовершенствование человека Шакарим провозглашает главной Истиной. Достижение ее возможно через развитие способностей разума и души, воплощенных в справедливом и честном труде. Божественная роль по его мнению, сводится к акту мироздания. «Причинные истоки всего существующего – в безмерности познания, могущества и искусности творца». [2]. Но человек обладает возможностью творения собственной жизни, согласно со своими представлениями о смысле и основных ценностях. Непреходящими добродетелями, по Шакариму, являются совесть, разумность, одухотворенность человеческих действий и потребностей. Реализация именно этих добродетелей превращает жизнь человека в достойный рай человеческого существования. В своей жизни он всегда руководствовался провозглашаемыми ценностями.

Разве смысл жизни заключается лишь в том, чтобы каждый из нас делал то, что хочет? Мы не обречены на бесцельное существование в лишенной всякого смысла Вселенной. С давних пор в Коране объясняется, зачем мы здесь. Мы – не космическая случайность. В течение миллиардов лет, прежде чем сотворить человека, Творец подготавливал землю. Ничто не было оставлено им на волю случая.

Стоит отметить, что Творец не предопределил будущее каждого человека в отдельности ни посредством своего собственного вмешательства, ни с помощью каких-либо биологических процессов. Хотя на нас сказывается наследственность, главным образом мы сами отвечаем за свои поступки. Все мы вправе выбирать свой собственный жизненный путь.

Жизнь, лишенная смысла, не может получить сигнала от разума, она невозможна как разумная жизнь. Есть такие стороны предположения как: логический и нравственный.

Логический аспект состоит в том, что разум, отрицающий смысл жизни, получается, что отрицает одновременно самого себя. Разум – существенный факт человеческой жизни. Его утверждение о бессмысленности жизни есть утверждение о собственной бессмысленности или неразумности. А разуму, утверждающему собственную неразумность, можно верить не больше, чем лжецу из старого парадокса, который утверждает, что он лжец.

Рассмотренный в нравственном аспекте тезис о бессмысленности жизни оказывается глубоко фальшивым. Признать жизнь бессмыслицей – значит признать ее злом. Если принимать этот вывод всерьез, в его нравственно обязывающем значении, то отсюда с необходимостью следует требование покончить со злом, прежде всего, покончить со злом в самом себе.

Если бы те, кто считает жизнь суетной бессмыслицей, злом, действительно так думали, они бы давно покончили с жизнью и были бы лишены возможности рассуждать о том, что она бессмысленна.

Смысл жизни не может заключаться в том, что умирает вместе со смертью человека. Он не может заключаться в жизни для себя, для других и даже человечества, ибо все это не вечно.

Правильное отношение к другим людям есть братское отношение, оно вытекает из того, что все люди находятся в одинаковом отношении к Богу, они – его дети. Правильное отношение к себе есть спасение души, оно определяется тем, что именно душа является средоточием божественного начала в человеке. Из этих двух отношений первичным,

базовым является отношение к себе. Сознание степени несоответствия с непостижимой полнотой божественного идеала – таков критерий правильного отношения к себе. Человек, понимающий, что он бесконечно далек от совершенства, всегда будет стремиться к тому, чтобы находиться по отношению к другим в положении слуги, а не господина. Шакарим в своем произведении «Қысқа сөз» пишет так:

...Алланың пендесіне рақымы мол,
Сен де өзіндей адамға мейірімді бол.
Ол жаратты, сен-дағы жаратып бақ,
Бардан барды шығарсаң болады сол... [3].

Суть данного стихотворения в том, что Бог милостив к людям, будь так же ты милостив к другим людям. Он сотворил, а ты береги то, что есть. В основе добродетели лежат человеческие ценности. Поиск мыслителем этих ценностей был предопределен тезисом Абая Кунанбаева «Адам бол!». Выступая против феодально-сословных привилегий, Шакарим видел достоинство человека не в его происхождении, потому что оно не может быть охарактеризовано количеством скота и земель. Он искренне верит в реальную осуществимость той высшей степени очеловечивания, когда жизнь в радость, а служение другим – жизненно важная потребность, определяющая мера счастья личности. Дени Дидро писал: «Самый счастливый человек тот, кто дает счастье наибольшему числу людей» [4]. Шакарим также полагал, что благо всех – цель человека, а благо каждого цель всех. Борьба за счастье других – долг человека, сознание которого вызывает у личности состояние внутренней удовлетворенности своим бытием, полноты и осмысленности жизни. В своих стихотворениях и поэмах Шакарим гневно осуждает считающих залогом счастья самодовольно-сытую, не отягощенную заботой об общественном благе жизнь. Так как приверженцам филистерского счастья не дано постичь полноту и разумность совершенства человеческой жизни. Об этом он пишет в стихотворении «Ұждандыны мақтайды тамам адам».

Нравственность, во-первых, соответствует языческому характеру связей между человеком и богом и предполагает в своей основе стремление к благу отдельной личности. Близки к этому были эпикурейство, нравственность ислама, церковно-христианская нравственность, грубые формы буддизма, светский утилитаризм, пессимистические учения.

Все эти нравственные учения призывают к благу отдельной личности в любой форме существования – либо через чувственные наслаждения, либо путем подавления страданий, отрешения от суеты мира. Из этого языческого отношения человека к миру вытекает следующая нравственность, которая ставит целью жизни благо какой-то совокупности личностей, имеет в своей основе служение человека этой группе людей. Нравственные учения древних греков и римлян (например у Сократа, Платона), китайские нравственные учения (Конфуция, Мо цзы), нравственность еврейская с ее постулатом о богоизбранности еврейского народа, церковно-государственная нравственность, женская нравственность, жертвующая личностью для блага семьи и детей. В стихотворении «Адамшылық» Шакарим пишет:

Кісіге адамшылық неге керек?
Адамдық – өзге айуаннан артық, демек!
Ит талаған төбеттен қалай дейсің,
Аямай әл келгенін жұлып жемек.
Мейірімсіз қасқырда да күшті өмір бар,
Артылған жерің қайсы онан бөлек?
Үнемі сен жерінді қайдан білдің?
Бұл дүние кезек берер істі өңгелеп.
Онан қорқып, обырлық қоймасаң да,
Адам боп, хайуаннан болсаңшы ерек!
Жалмағанша, жәрдемің тигізсеңші,
Жығылған, жығылғанға болып көмек.
Мархабатты теріс деп кім айтады?

Адамшылық сол дейді тамам зерек.
Меірім – жақсы, зұлымдық – жаман дейсің,
Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.
Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам –
Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек. [5].

Смысл в том, что человек похож на волка, и порой от человека зверя все ж не отличить. Лишь в одном его отличие – в светлом разуме, в уме. Если сил на это хватит человек должен ум подлечить. Нравственная идея ведет человека и к личному «абсолютному самосовершенствованию впереди, в идеале», так как, по Ф.М.Достоевскому, «сделаться человеком нельзя разом, а надо выделаться в человека, Да если б этот идеал и возможен был, то с недоделанными людьми осуществлялись бы никакие правила, даже самые очевидные» [6]. Стремясь к улучшению жизни Шакарим совершал ошибки, но он не боялся после размышлений признавать их. Нравственность человеческая начинается с умения жить по разуму, помогать другим, жить по «внутренним законам», по закону совести, которая не позволит человеку преступить ни одно разумное правило. Он отвергает все правила, придуманные якобы на все случаи жизни. Потому что эти правила создают лишь видимость правильного, морального поведения. Безусловно, правила нужны, они регулируют общение и поведение людей в обществе. Нам не угрожает массовая неукоснительность в соблюдении правил и норм подлинно человеческого общежития, а значит воспитание уважения к правилу остается актуальной задачей общественности. Но даже тогда, когда уважение к правилам станет всеобщим и повсеместным достоянием, - тогда нельзя будет представить это торжеством морали.

Свидетелем такого «соблюдения внешних правил» мы являемся сегодня – это вид коррупции сознания. Соблюдение внешних правил мало свидетельствует о нравственной чистоте и воспитанности человека. Как хитрость легко, почти незаметно для самого человека переходит в лицемерие, так и соблюдение правил может стать удобной формой прикрытия безнравственного поведения и образа жизни.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Кеңес пен толғам. Ғақилия // Жұлдыз. – 1998. – № 10., 91 б.
2. Шакарим Кудайбердиев. Три истины. – Алма-Ата, 1991., с. 66.
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: «Рауан», 1990., 69 б.
4. Дидро Д. Собрание сочинений. М-Л., 1936., т 5., с. 133.
5. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 123-120 б.
6. Достоевский Ф.М., Полное собрание сочинений – т. 26., с. 47.

УДК 378.147.2:811

<https://doi.org/10.53355/i1153-2210-9237-q>

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Уалиева С.А., магистр, оқытушы-дәріскер

Нұрбек Б., Махат А., гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, 6B01705-«Шетел тілі: екі шетел тілі» 4 курс студентері

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

E-mail: ualievass@list.ru

Аталған мақалада болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, аталған мәселенің шетел тілі пәні арқылы ұйымдастыру жолдары айқындалған. Коммуникативтік құзыреттіліктің

тұрғыда зерттеліп, көптеген еңбектердің нысаны болған, бірақта бұл ұғымды анықтауда түбегейлі негіздің болмауы, зерттеу жұмысы тақырыбының қаншалықты өзекті екенін көрсетеді. Коммуникативтік құзырет дағдылары болашақ маман тұлғасын қалыптастырудың қажетті алғы шарттарының бірі болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі мәдениеті жоғары, өмір сүруге қабілетті, біліктіліктері мен іскерліктердің негізгі құндылықтарың меңгерген тұлға субъектісін қалыптастыру. Шетел тілінде қарым-қатынас жасау барысында коммуникативтік құзырет дағдыларын дамыту және шетел тілін оқу аясында әртүрлі әдістер негізінде коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі құндылықтарын қалыптастыру бүгінгі күннің талабы. Бұл құндылықтарды санаға орнату үшін өрісі биік, дүниетаңымы кең, саналы ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

Тірек сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, тұлға, қалыптастыру, коммуникативтік дағды, интеграциялық үдерістер, құндылықтар, тұлғалық қасиеттер.

В данной статье рассматриваются особенности формирования коммуникативной компетентности учащихся. Кроме того, определены способы организации этого вопроса через предмет иностранных языков. Коммуникативная компетенция изучалась лингвистически и была предметом многих работ, но отсутствие фундаментальной основы для определения этого понятия вызывает большую озабоченность в исследовательской работе. Коммуникативная компетентность является одной из предпосылок формирования будущего профессионала.

Актуальность исследования заключается в формировании личности человека с высокой культурой, дееспособностью, навыками и базовыми ценностями предпринимательства. Востребованностью сегодняшнего дня является развитие навыков коммуникативной компетенции в общении на иностранном языке и формирование основных ценностей коммуникативной компетенции на основе различных методов обучения иностранному языку. Для того, чтобы привить эти ценности нашему сознанию, нам необходимо воспитать поколение с широкими взглядами, непредубежденностью.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, личность, формирование, коммуникативные навыки, интеграционные процессы, ценности, личностные качества.

This article discusses the features of the formation of students' communicative competence. In addition, the ways of organizing this issue through the subject of foreign languages are determined. Communicative competence has been studied linguistically and has been the subject of many works, but the lack of a fundamental basis for defining this concept is of great concern in research work. Communicative competence is one of the prerequisites for the formation of a future professional.

The relevance of the study lies in the formation of the personality of a person with a high culture, capacity, skills and basic values of entrepreneurship. The demand today is the development of communicative competence skills in communication in a foreign language and the formation of the basic values of communicative competence based on various methods of teaching a foreign language. In order to instill these values in our consciousness, we need to educate a generation with broad views, open-mindedness.

Key words: communicative competence, personality, formation, communication skills, integration processes, value, personal qualities.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр, сонымен бірге шет елдермен халықаралық байланыстары, қарым-қатынасы күннен-күнге нығайып, еліміздің беделі артып келеді. Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі, тәуелсіз мемлекетке айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, шетел тілін жетік меңгертуді талап етеді. Яғни, – қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға қабілетті, ғылым саласында білімі мен біліктілігін көрсете алатын,

көптілді және көпмәдениетті белгілі бір құзыреттерді бойына сіңірген, жеке тұлғаны қалыптастыру – ол бүгінгі күннің міндеті.

Еліміз бен әлемде орын алып отырған әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер, сөз жоқ, әлемдік ғылымға, педагогикалық теория мен тәжірибеге де өз ықпалын тигізуде. Еліміз әлеуметтік және тұлғааралық деңгейде коммуникативтік өзара ықпалдасудың жаңа белесіне көтерілді. Қазіргі тұлға жоғары білім деңгейіне ие болып қана қоймай, қоғамдағы жаңа өзгерістерге дер кезінде және лайықты үн қата білуі тиіс, ақпарат алу, оны өңдеу және жүзеге асыруды өз тілімен бірге шет тілде де атқара алуы тиіс. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген.

Құзыреттілік ұғымы көп мағыналы. «Құзыреттілік» термині көбінесе белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты пайдаланылады. Методикалық терминдер сөздігінде «Құзыреттілік – бұл қандай да бір оқу пәнін оқыту процесінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы деп тұжырымдама береді, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі бар екендігі» – айтылған.

Көптеген ғылыми еңбектерде «құзыреттілік» ұғымына әралуан көзқарастар беріліп жүр. Кейінгі кезде орыс ғалымдары В.А.Адольф, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Э.Ф.Зеер, В.А.Сластенин, Т.Ф.Лошакова, т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады.

Ал отандық ғалым Ш.Таубаева: «Құзыреттілік - ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның қасиеті»-деп анықтама береді[1;22].

Ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе, «Құзыреттілік— бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде тәжірибие негізінде стандарттан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті» деген тұжырымдама тоқталдық.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі педагогтың жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, “бағдар ету”, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Құзыреттілік статусын толыққанды түрде түсіну үшін, когнитивтік-мәдени әдіснамаға негізделген академик С.С.Құнанбаеваның ұстанымдары өте маңызды. Өйткені, қатысымдық құзырет шет тілдік мәдениетті үйренудегі негізгі, қажетті құзырет болып табылады [2,51].

Көптеген психолог-ғалымдар құзырет пен құзыреттіліктің психологиялық табиғатына басты назар аударады. Мысалы, ресейлік ғалым И.А.Зимняя зерттеулерін берілген ұғымдардың мәнін айқындауға, мазмұнын талдауға, құзыреттіліктерді анықтауға арнаған [3,47].

Жоғарыда берілген тұжырымдамалардан мынандай қорытынды шығаруға болады, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың жаңаны қабылдауға деген ашықтығын, қарым-қатынас жасауға бейімделуін қалыптастыру үлкен мәнге ие. Әрине, мұндай жағдайда педагогтың кәсібилігі мен біліктілігі жоғары болуы керек.

Сондықтан да талап етілетін нәрсе –оқушылардың шетел тілін алғашқы байланыстар орнату мақсатында олардың білім, білік, дағдыларын кеңейту ғана емес, сонымен бірге бәсекелестігін қамтамасыз ететін тұғырлы коммуникативтік құзыреттіліктерді де қалыптастыру. Көптеген жылдар бойы мектептерде оқушылардың шетел тілдерін меңгеруін коммуникативтік тұрғыдан толыққанды қылуға ұмтылып келеді. Алайда, бір айқындалған жайт - жылдар бойы орныққан оқыту әдістемесінің тұжырымдық негіздері, оқушыларға шет тілдерін меңгерту әдістері заман талаптарына жауап бермейді. Шет тілін меңгерудің,

мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасқа дайындықты қалыптастырудың өзге парадигмасына ауысу қажеттілігі туындап отыр. Бұл ауысудың тұжырымдамалық негізі туралы айтар болсақ, ол жеке тұлғаның қажеттіліктік-мақсаттық қырын дамытуға бағытталған арнайы шаралар дайындалуы тиіс, коммуникативтік құзыреттіліктер негізіндегі технологияларға көшу, мектеп ауқымындағы білім беруді ұйымдастыру, функционалдық-прагматикалық негіздегі оқыту әдістемелерін даярлау [4,216].

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінің тиімділігі төмендегідей жайттарға тәуелді: мектеп контекстіндегі шетел тіліне оқытуды ұйымдастыру; ынтаны жоғарылату шараларының жүйесін қолдану; оқушылардың коммуникативтік құзыреттілікті меңгеруге деген сұраныстарын дамыту; педагогикалық қолдау тетігін даярлау; оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың табыстылығы педагогикалық қолданудың арнайы даярланған іс-шаралар кешені арқылы жүзеге асады. Педагогикалық қолдау шетел тілін оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаға бағыттала жүргізіледі: коммуникативтік тұрғыдан белсенді әлеуметтік-педагогикалық орта қалыптастыру; оқушылардың талғамына сәйкес оқытуды бағыттау; оқыту міндеттерін шешуде тұлғалық дамудың табыстылығын белсендіру; білім алушыларды құндылықтар әлеміне енгізу, тұлға үшін маңызды құндылықтық бағдарлар жүйесін таңдауда көмек көрсету; тілі оқытылатын елдер мәдениеті туралы ғылыми білімді кеңейту; оқушылардың өзін-өзі тануына көмектесу; жаңа ақпараттық технологиялар арқылы қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін кеңейту. Коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатына бағытталған шетел тіліне тұлғалық бағдарлы оқыту әдістемесі төмендегідей әдіс-тәсіл, амалдарды қолдануға құрылған: мазмұнында жеке тұлғалық мәнге ие мәселелер қамтылған аутентикалық мәтіндерді іріктеу арқылы оқушылардың жеке тәжірибесін белсендіру; оқушылардың тек тілдік дағдыларын ғана емес, олардың шетел тілінде ойлау қабілетін қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік беретін аудиолингвальды әдісті қолдану; рөлдік бейнеге сай табыс жағдаятын жасау оқушылардың тілді меңгеру бағытындағы қол жетімді жетістіктерін жоспарлау; диалог пен полилог сабақтастығы негізіндегі іскери және рөлдік ойындарды алмастыра қолдану; грамматикалыққа қарағанда шығармашылық жаттығулардың көлемін ұлғайту; мәдени, тарихи ортаға енгізу; сабақтарда техникалық құралдарды қолдану. Даярланған әдістемені табысты жүзеге асырудың басты шарттары: коммуникативтік тұрғыдан толыққанды тілдік орта қалыптастыру; оқыту мазмұнын дидактикалық бейімдеу; оқытудың коммуникативтік бағдарлығы; өзіндік жұмыстар көлемінің ұлғаюы; оқыту үдерісін компьютермен сүйемелдеу; коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгеруді мониторингілеу; тұлғалық-бағдарлы көзқарас талаптарына сай оқу-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады [5,242].

Коммуникативтік құзыреттіліктің *міндеті*:

- ауызша және жазбаша қарым-қатынасын қалыптастыру;
- сөйлеу дағдыларын дұрыс меңгерту;
- жеке тұлғаның құзыреттілік қатысымдылығын жүзеге асыру.

Коммуникативтік құзыреттілік бойынша сөйлесудің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгеру: ауызша және жазбаша тілде, сөзді таңдау тәсілдерін ұстану, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгеру және де тақырыпқа сай сөздерді қолдана білу талаптарын кешенді меңгеру.

Коммуникативтік құзыреттілік арнайы білім, дағды, әдет, әртүрлі негізгі әдіс-тәсілдер, амалдарды меңгеруі арқылы қалыптасады.

Интерактивтік технологиялар оқытудың әдістері мен түрлерінің, бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты іске асыра отырып, оқушылардың белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік береді. Демек, бір-бірімен бетпе-бет кездесусіз-ақ оқушы мен оқытушы арасында интерактивті қарым-қатынас орнату және пән бойынша білім мен дағдының белгілі бір мөлшерін өз бетінше игеру.

«Интерактивтік» термині ағылшынның өзара белсенділік мағынасындағы «interaction» сөзінен шыққан. Интерактивті дәріс педагог жетекшілігімен ұйымдастырылатын дәстүрлі оқыту тәсілі мен жекелей компьютерлік оқытудың ұтымды жақтарының үйлесімінен тұрады. Компьютер мұғалімнің белсенді көмекшісіне айналды. Ақпараттық-танымдық мазмұнмен қатар, интерактивті дәріс мазмұндау барысында компьютерлік слайдтарды қолдану арқасында эмоционалдық сипатқа ие.

Ойындық оқыту технологиясы белсенді оқыту технологияларының бірі. Ойындық оқыту әдісі имитациялық және имитациялық емес болып бөлінеді.

Имитациялық емес әдіске дөңгелек үстел, алдын – ала жасалған конспект бойынша шолу, коллоквиум, бағдарламалап оқыту, семинар, тақырыптық дискуссияға арналған көшпелі сабақ, олимпиада жатады. Имитациялық әдіс ойындық және ойындық емес болып екіге бөлінеді.

Ойындық имитациялық әдіске тиімді шешім таңдаудың көп нұсқалылығы, «миға шабуыл», іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, жеке технологиялық үдерісті ойын арқылы жобалау, ал ойындық емес имитациялық әдіске ситуациялық шешімдер, жекелеген міндеттерді шешу, сабақтың қорытындысын шығару және мұғалімнің бағалауы, ұсынылған нұсқаларды талқылау, семинар өткізу, жеке тренажер жатады.

Іскерлік ойын өткізілгеннен кейін оны міндетті түрде талдау қажет, себебі талдау кезінде оның барысында кездескен қиыншылықтар, қатысушылардың пікірлері, қорытындылардың пайдасы мол. Іскерлік ойындар шешім қабылдау техникасына үйретеді, теориялық білімді практикада қолдана білуге машықтандырады [6,89].

Оқытуда қолданылатын оқыту әдістері, технологиялар, сабақтың түрлері, білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттардың орындалысы т.б. мәселелердің көрініс беруі қадағаланады. Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық, яғни, білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырысты құрайды. Ал, құзыреттілік – білім алушының іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі.

Шетел тілін оқу аясында әртүрлі әдістер негізінде коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі құндылықтарын қалыптастыру бүгінгі күннің талабы. Бұл құндылықтарды санаға орнату үшін өрісі биік, дүниетанымы кең, саналы ұрпақ тәрбилеуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Таубаева Ш. Формирование лингвокультурологической компетенции будущего учителя иностранных языков в контексте его подготовки и межкультурной коммуникаций. –Алматы, 2009. -22 б.
2. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы - Алматы, 2011. - 51б.
3. Зимняя И.А. Ключевые компетенции-новая парадигма результата образования. Высшее образование сегодня, 2003 -
4. Петровская Л. А. Компетентность в общении.- М.: ММУ баспасы.- 1989. – 216 б.
5. Кусаинов Г.М. Новая педагогическая технология: методология, теория и практика: Монография. –Усть-Каменогорск: ВК ИЦРО XXI век, 1997. –242б.
6. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. Өскемен: МедиаАльянс, 2004.-89 б.

БІР АЙНЫМАЛЫЛЫ КӨПМҮШЕЛЕРДІҢ ТҮБІРЛЕРІН ТАБУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ

Шомшекова Р.А., Қ.Мұқашев атындағы негізгі орта мектебі, Ақсу ауданы, Құрақсу ауылы

Ғылыми жетекші: Кожашева Г.О., п.ғ.к., доцент

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: romi_1992@mail.ru

Мақалада бір айнымалылы көпмүшелер ұғымы, көпмүшелерге қолданатын амалдар, оларды есептеу, көпмүше түбірі мен оны табу және көпмүшенің түбірін табу әдістеріне қатысты мәселелер қарастырылады. Көпмүшелердің түбірлерін табу әдістері, оларды қолдану ережелері мысалдармен толықтырылған.

Тірек сөздер: *бір айнымалылы көпмүшелер, көпмүше түбірі, Горнер схемасы, келтірілді көпмүше, келтірілмейтін көпмүше.*

В статье рассматриваются вопросы, касающиеся понятия многочленов с одной переменной, операции над многочленами, их вычисления, определения корня многочлена, его нахождения и методов нахождения корня многочлена. Методы нахождения корней многочленов, правила их использования дополнены примерами.

Ключевые слова: *многочлены одной переменной, корень многочлена, схема Горнера, приводимый многочлен, неприводимый многочлен.*

The article deals with issues related to the concept of polynomials with one variable, operations on polynomials, their calculations, determination of the root of a polynomial, its finding and methods of finding the root of a polynomial. Methods for finding the roots of polynomials, the rules for their use are supplemented with examples.

Keywords: *polynomials of one variable, root of a polynomial, Gorner scheme, reducible polynomial, irreducible polynomial*

Математикалық есепті шеше отырып, адам көптеген жаңа нәрселерді біледі: оны шешуге математикалық теорияны қолдана отырып, есепте сипатталған жаңа жағдаймен танысады, есепті шешу үшін қажет жаңа шешу әдісін немесе математиканың жаңа теориялық бөлімдерін біледі. Есептер топтамасын шешу әдісін меңгергеннен кейін адамда осындай есептерді шеше алу білігі қалыптасады, ал жеткілікті машықтанудың арқасында дағдысы да, ал бұл әрине оның математикалық білімін арттырады.

Көпмүшелердің түбірлерін табу есебін қарастырмас бұрын, біз алдымен көпмүшелерді есептеуді қарастырайық. Қазіргі кезге дейін көпмүшелерді есептеудің жалпы қабылданған әдісі Ньютонға оралады және *Горнердің схемасы* деп аталады. Бұл схеманы ағылшын ғалымы Уильям Джордж Горнер атымен атаған. Бұл әмбебап (яғни кез-келген көпмүшеге қолданылатын) схема өте қарапайым және талғампаз.

Горнердің схемасы соншалықты керемет, оны жақсарту мүмкіндігі туралы сұрақ екі жарым ғасыр бойы туындаған жоқ және алғаш рет тек 1954 жылы қойылды! Бұл сұрақтың тұжырымдалуы (оған жауап әрине теріс деп есептелді) маңызды және күтпеген салдарға әкелді.

Ал егер әрбір көпмүшенің Горнердің схемасынан әлдеқайда үнемді өз схемасы болса, онда қалай болады? Мұндай схемаларды жеке көпмүшенің ерекшеліктеріне сүйене отырып іздеуге болады (оның коэффициенттерін оңтайлы үйлестіре отырып) немесе Горнер схемасына қарағанда әлдеқайда үнемді әмбебап әдісін жасау арқылы, бірақ кейбір көпмүшелер үшін ең жақсы емес схемаларды құру. Бірінші тәсілдің кемшілігі - әр көпмүшенің өз техникасын ойлап табуы керек, және біз оны әрқашан жасай алатынымызға кепілдік жоқ.

Горнер схемасы ұғымын «Көпмүшені көпмүшеге бөлу» тақырыбынан кейін енгізген дұрыс. Оның көмегімен жоғары дәрежелі көпмүшелердің түбірін оларды топтастыру арқылы емес, уақытты үнемдейтін, тиімді тәсілмен табуға мүмкіншілік береді.

Горнердің схемасын тікелей қолдануын мысалмен көрсеткен ыңғайлы деп санадық.

Мысал 1. Горнер схемасын пайдаланып $f(x) = 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11$ көпмүшесін $x - 1$ екімүшесіне бөлгендегі мәнін табу керек.

Шешуі: Екі жолдан тұратын кесте құрамыз: бірінші жолда $f(x) = 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11$ көпмүшесінің коэффициенттерін x айнымалысының дәрежесінің кему реті бойынша жазамыз. Көпмүшеде x -ң бірінші дәрежесі жоқ, яғни оның алдындағы коэффициент 0 тең, сондықтан сәйкес клеткаға 0 жазамыз. $x - 1$ бөлетін болғандықтан сол жақтағы төменгі клеткаға, яғни 2 жолда 1-і жазамыз (2 сурет).

$$\begin{array}{r}
 5 \cdot x^4 + 5 \cdot x^3 + 1 \cdot x^2 + 0 \cdot x - 11 \\
 \begin{array}{c} \downarrow \quad \downarrow \quad \downarrow \quad \downarrow \quad \downarrow \\
 \begin{array}{|c|c|c|c|c|} \hline 5 & 5 & 1 & 0 & -11 \\ \hline 1 & & & & \\ \hline \end{array}
 \end{array}$$

2 сурет. Горнер схемасын толтыру реті (1 мысал үшін)

Екінші жолдағы бос клеткаларды толтырайық. Екінші жолдың екінші клеткасына 5 санын жазамыз, бірінші жолдың сәйкес клеткасын көшіре салып (3 сурет):

$$\begin{array}{|c|c|c|c|c|} \hline 5 & 5 & 1 & 0 & -11 \\ \hline 1 & 5 & & & \\ \hline \end{array}$$

3 сурет. Горнер схемасын толтыру

Келесі клетканы мына ереже бойынша есептейміз (4 сурет): $1 \cdot 5 + 5 = 10$:

$$\begin{array}{|c|c|c|c|c|} \hline 5 & 5 & 1 & 0 & -11 \\ \hline 1 & 5 & 10 & & \\ \hline \end{array}$$

4 сурет. Горнер схемасын толтыру

Тура осылай төртінші клетканы да толтырамыз (5 сурет): $1 \cdot 10 + 1 = 11$:

$$\begin{array}{|c|c|c|c|c|} \hline 5 & 5 & 1 & 0 & -11 \\ \hline 1 & 5 & 10 & 11 & \\ \hline \end{array}$$

5 сурет. Горнер схемасын толтыру

Бесінші клетка үшін аламыз (6 сурет): $1 \cdot 11 + 0 = 11$:

$$\begin{array}{|c|c|c|c|c|} \hline 5 & 5 & 1 & 0 & -11 \\ \hline 1 & 5 & 10 & 11 & 11 \\ \hline \end{array}$$

6 сурет. Горнер схемасын толтыру

Және де ең соңғы клетка үшін (7 сурет): $1 \cdot 11 + (-11) = 0$:

$$\begin{array}{|c|c|c|c|c|} \hline 5 & 5 & 1 & 0 & -11 \\ \hline 1 & 5 & 10 & 11 & 0 \\ \hline \end{array}$$

7 сурет. Горнер схемасын толтыру

Сонымен, есеп шығарылды, жауабын жазу қалды(8 сурет):

$$\begin{array}{r|rrrrr}
 & 5 & 5 & 1 & 0 & -11 \\
 1 & 5 & 10 & 11 & 11 & 0 \\
 \hline
 & & & & & \\
 & & & & & \\
 & & & & & \\
 & & & & & \\
 & & & & & \\
 \hline
 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11 = (x-1)(5x^3 + 10x^2 + 11x + 11) + 0
 \end{array}$$

8 сурет. 1 мысалдың жауабы

Көріп отырғанымыздай, екінші жолдағы сандар(бірмен нолдің арасындағы) $f(x) = 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11$ көпмүшесін $x-1$ екімүшесіне бөлгендегі шыққан көпмүшенің коэффициенттері. Алғашқы берілген $f(x) = 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11$ көпмүшесінің дәрежесі төртке тең болғандықтан, $5x^3 + 10x^2 + 11x + 11$ көпмүшесінің дәрежесі бірге кем, яғни үшке тең болады. Екінші жбөлгендегі қалдықты білдіреді. Біздің жағдайда ол нолге тең, яғни көпмүшелер бітіндей бөлінеді. Бұл алған нәтижені былай да айтуға болады: $f(x) = 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11$ көпмүшесінің $x=1$ мәні нолге тең.

Бұл нәтижені былай да тұжырымдауға болады: $f(x) = 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11$ көпмүшесінің $x=1$ мәні нолге тең болғандықтан, бір саны $f(x) = 5x^4 + 5x^3 + x^2 - 11$ көпмүшесінің түбірі болады.

Егер көпмүше көбейткіштерге жіктелетін, яғни оның түбірлері бар болса, онда оны *келтірімді* көпмүше деп атайды, кері жағдайда *келтірілмейтін* көпмүше дейді.

Рационал коэффициентті $f(x)$ көпмүшесін бүтін коэффициентті $f_1(x) = mf(x) \in Z[x]$ көпмүшесімен ауыстыруға болады, мұнда $m - f(x)$ көпмүшесінің коэффициенттерінің ең кіші ортақ бөлімі.

Егер дәрежесі 2 –ден артық $f(x) \in Q[x]$ көпмүшенің $\alpha \in Q$ түбірі болса, онда ол Q -де келтірімді:

$$f(x) = (x - \alpha) f_1(x), \quad f_1(x) \in Q[x]$$

Кері ұйғарым дұрыс емес: мысалы $g(x) = x^4 - 4$, келтірімді, $g(x) = (x^2 - 2)(x^2 + 2)$, бірақ рационал түбірлері жоқ..

Бірақ екінші, үшінші дәрежелі көпмүшелер үшін олардың Q – дегі келтірімділігінен $\alpha \in Q$ түбірінің бар болуы шығады.

Енді Эйзенштейн белгісін келтірейік:

$$f(x) = a_0 x^n + a_1 x^{n-1} + \dots + a_n, \quad a_0 \neq 0$$

бүтін коэффициентті көпмүшесі Q өрісінде келтірімсіз егер, келесі шарттарды қанағаттандыратын әйтеуір бір әдіспен P жәй саны табылатын болса:

- 1) көпмүшенің a_0 жоғары коэффициенті P -ға бөлінбейді;
- 2) көпмүшенің қалған коэффициенттері P -ға бөлінеді;
- 3) көпмүшенің a_n бос мүшесі P -ға бөлінеді, бірақ P^2 -қа бөлінбейді[39-40].

Мысал 2. Эйзенштейн белгісінің көмегімен

$$a) f(x) = 3x^5 - 12x^3 + 6x^2 - 72x - 6;$$

көпмүшелері Q рационал сандар өрісінде келтірімсіз екенін көрсету керек.

Шешуі а) $P=2$ жәй саны үшін Эйзенштейн белгісінің барлық шарттары орындалады:

1. $a_0 = 3$ коэффициенті $P=2$ -ге бөлінбейді;

2. қалған коэффициенттері 12, 6, -72 барлығы $\rho = 2$ бөлінеді.

3. $a_n = -6$ бос мүшесі $\rho = 2$ - ға бөлінеді, бірақ $\rho^2 = 4$ -ке бөлінбейді, сондықтан $f(x) \in Q[x]$ өрісінде келтірілмейді.

Бізге $f(x)$ көпмүшесінің түбірлерін табу үшін, оны көбейткіштерге жіктеген қолайлы, яғни $f(x) = g(x) \cdot h(x)$, сонда есеп шешуі екі қарапайым көпмүшенің түбірін табуға келтіріледі. Бірақ кейбір жағдайда, көпмүшенің барлық түбірлерін табу қиынға соғады. Бұл жерде бізге екі тұжырымнан тұратын және XXVIII ғасырдың француздық математик Ж.Безудің атымен аталған теорема көмекке келеді.

Теорема 1 (Безу).

$f(x)$ көпмүшесін және c санын қарастырамыз.

1. $f(x)$ көпмүшесі $x - c$ екімүшесіне бөлінеді сонда тек сонда ғана c саны оның түбірі болса ғана;

2. $f(x)$ көпмүшесін $x - c$ екімүшесіне бөлгендегі қалдық $f(c)$ тең болады.

Безу теоремасы көпмүшенің бір түбірі табылса, дәрежесі 1 кем көпмүшенің түбірлерін табуға мүмкіншілік береді: егер $f(c) = 0$ болса, онда

$$f(x) = (x - c)q(x)$$

болады және $q(x)$ көпмүшесінің түбірін іздейміз.

Кейде бұл тәсілмен, оны дәрежені төмендету деп атайды, көпмүшенің барлық түбірлерін табуға болады. Мысалы, кубтық көпмүшенің бір түбірін тапсақ, қалған түбірлерін квадрат теңдеуді шешу арқылы табуға болады.

Нақты коэффициентті $f(x)$ көпмүшесінің нақты түбірлерінің саны туралы мәселені қарастырайық, мұнда бізді нақты түбірлердің жалпы санымен қатар, оң және теріс түбірлерінің саны, және де берілген a мен b шекаралары арасында орналасқан түбірлерінің саны да қызықтырады. Түбірлердің нақты санын табудың бірнеше әдісі бар, олардың барлығы өте күрделі; олардың арасындағы ең ыңғайлысы Штурм әдісі.

Штурм теоремасы: Егер a және b , $a < b$ нақты сандары, еселі түбірлері жоқ $f(x)$ көпмүшесінің түбірлері болмаса, онда $W(a) \geq W(b)$ және $W(a) - W(b)$ айырымы a мен b арасындағы $f(x)$ көпмүшесінің нақты түбірлерінің санына тең.

Сонымен, $f(x)$ көпмүшенің a және b арасындағы нақты түбірлерінің санын анықтау үшін ($f(x)$ шарт бойынша еселі түбірі жоқ екенін есімізде сақтаймыз), a -дан b -ға ауысқан кезде осы көпмүшенің Штурм жүйесіндегі таңбалардың өзгеру саны қаншалықты азаятынын анықтаса болды.

Біз алгебра курсына, оның ішінде мектеп алгебрасында кездесетін кездесетін көпмүшелердің түбірлерін табуды қарастырдық. Мектеп алгебраның көптеген есептерінде көпмүшелерді түрлендіру, оларға амалдар қолдану, олардың түбірлерін табу керек және т.с.с деген тапсырмалар кездеседі. Бұл есептер оқушылардың конструктивті ойлау қабілетін дамытудың бірден бір құралы деп айта аламыз.

Белгілі ережелерге сүйену әртүрлі есептерді шешу барысында оқушыларды көптеген қателіктерден сақтайды. Ұлттық Бірыңғай Тестілеудегі тапсырмаларда теңдеулерді шешіндер деген тапсырмалар бар. Оқушылар теңдеуді шешіп жатқанша, жауаптарын теңдеуге қойып тексергенді ыңғайлы деп санайды. Бұл жұмысты оңтайландыру үшін, берілген жауаптардың ішінен теңдеудің бос мүшесінің бөлгіштері болатын сандарды ғана тексерсе және де тексеру үшін Горнер схемасын пайдаланса, уақыт едәуір үнемделетіні анық.

Сондай-ақ, теориялық тапсырмалар жоқ, математикадан ұсынылған 25 тест сұрағының ішінен барлық 25 тапсырманы шешу керек екенін ескере отырып, уақытты үнемдеуге ерекше назар аудару керек. Горнердің схемасы сияқты қосымша әдістер емтихандардың сәтті өтуіне ықпал етеді деген сенімдеміз.

Кейбір жоғары дәрежелі көпмүшелердің түбірлерін табу шешу стандартты емес тәсілді қажет етеді. Мұндай теңдеулердің шешімдерін іздеу оқушылардың шығармашылық ойлауын және жеке тұлғасын дамытуға ықпал етеді. Көпмүшелердің түбірлерін табу әдістері, оларды қолдану ережелері сияқты мәселелерді келешекте мектепте элективтік курс ретінде жүргізу арқылы оқушылар білімін жетілдіруге және пәнге қызығушыларын арттыруда тиімді пайдалану ойымызда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дорофеев Г.В. Многочлены с одной переменной / Г.В. Дорофеев, С.В.Пчелинцев //Книга для учащихся. – М.: Просвещение, 2001. – 142 с.
2. Прасолов, В.В. Многочлены / В.В. Прасолов – М.: МЦНМО, 2003. – 336 с.
3. Г. П. Кутищев, Решение алгебраических уравнений произвольной степени. Теория, методы, алгоритмы. Санкт-Петербург, ЛКИ, 2010 г.- 232 с.
4. Кожашева Г.О., Омаров Ж.А. Жоғары алгебраның есептері мен жаттығулары Талдықорған, 2021- 170б.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

Баймырзаев Қ. М. АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Kurmanbayeva A. THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF TOPONYMS IN THE ENGLISH NATIONAL CULTURE.....	4
Nurpeissova A. FORMATION OF FOREIGN LANGUAGE INTERCULTURAL COMPETENCE OF SECONDARY SCHOOL STUDENTS BASED ON LINGUISTIC MATERIAL.....	10
Omirezak A. N. PEDAGOGICAL INNOVATION PROCESSES IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE.....	15
Тубекова D.O. MODERNIZATION INFLUENCE ON THE FORMATION OF THE INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	17
Абдильдинова Л.Б. АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТІ.....	21
Абикенова Г.Е. А. БАЙТУРСЫНОВ БАСТАҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЖАҒАҢДЫҚ ДАМУҒА ҰМТЫЛЫСЫ.....	26
Абдилданова А.К. САЯСИ ҚАЙРАТКЕР-АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ.....	31
Абуханов Ш.А. АЛАШ-ОРДА КӨСЕМІ АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ.....	35
Алмасова Ә. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	39
Аппасова А.Ж. ҮШТІЛДІК ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	43
Асегова А. АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ – АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ.....	46

Асылбекұлы А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ.....	50
Баймолдина Ж.Б. ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ.....	54
Бекен А. АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	58
Бекенқызы А., Кенжеғалиева М. А. БАЙТҰРСЫНОВ - ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ.....	62
Берлібаев Б.Т. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ.....	64
Демеугалиева А. ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖОЛДАРЫ.....	70
Ержанқызы А. ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.....	72
Жакипбекова С. С., Аллахвердиева З. А. КОМПОНЕНТЫ САМООРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ.....	75
Жанбозова А.Б. РАЗВИТИЕ ЭЛЕКТРОННОЙ КОММЕРЦИИ В КАЗАХСТАНЕ.....	79
Каирбекова М.А. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ.....	82
Қаратаева Д.Ғ., Түктібаева А.О. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ДӘРІПТЕЛУІ.....	86
Катенов А.К., Исабекова А.К. СИНЕРГЕТИКА И ПЕДАГОГИКА.....	91
Куатбекова А.М. АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІНЕН КҮРДЕЛЕНГЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ.....	94
Мусалиева А. А. ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ. БАЛХАШ-АЛАКОЛЬСКИЙ БАССЕЙН.....	98
Оразалиева Ж.Н., Мамыкова Р.У. БИОЛОГИЯ КУРСЫН ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ.....	101

Оразалиева Ж.Н., Мамыкова Р.У. БИОЛОГИЯ КУРСЫНДА ЖОБАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	104
Орда Г.Ж. АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ ӨНЕРДЕГІ БЕЙНЕСІ.....	108
Сантаева К.Т. АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ.....	117
Син А. ОСОБЕННОСТИ ИНФОРМАТИВНОГО ПЕРЕВОДА ТЕКСТОВ ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО СТИЛЯ.....	121
Солтангазина Ж.Т. ОСНОВНЫЕ СПОСОБЫ СЛОВООБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ.....	125
Схатова Ш. АЛАШ ЖҰРТЫ АРДАҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА.....	130
Талғатова А.Д. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 10-СЫНЫПТЫҢ ХИМИЯ ПӘНІНЕН КҮРДЕЛІ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ.....	133
Тойматаев Д.Б., Рахипова С.К. НРАВСТВЕННОЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ КАК ПУТЬ ОБРЕТЕНИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ГАРМОНИИ.....	138
Уалиева С.А., Нұрбек Б., Махат А. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	142
Шомшекова Р.А. БІР АЙНЫМАЛЫЛЫ КӨПМҮШЕЛЕРДІҢ ТҮБІРЛЕРІН ТАБУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ.....	147

**«АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫНЫҢ
ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ»**
Республикалық ғылыми-тәжірибелік (онлайн) конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
Республиканской научно-практической онлайн-конференции
**«ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА»**

MATERIALS
of the Republican scientific and practical online conference
**«THE LIFE AND SOCIO-POLITICAL ACTIVITY
OF AKHMET BAITURSYNOV»**

Компьютерлік қалыптаушы – Жепенова Г.М.
Мұқабының дизайні – Айдарбеков Р.А.

(Тапсырыс беруші файлынан басылды)

Басуға қол қойылды 17.03.2022 ж.
Әріп түрі «Times New Roman». Қалыбы 60x84/8. SvetoCopy қағазы
Таралымы 20 дана. Ш.т.б. 19.38. Тапсырыс № 00418
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Имидждік саясат орталығы
040009, Талдықорған, Жансүгіров көшесі, 187а

(Распечатано с файла заказчика)

Подписано в печать 17.03.2022 г.
Гарнитура «Times New Roman». Формат 60x84/8. Бумага SvetoCopy.
Тираж 20 экз. У.п.л. 19.38. Заказ № 00418
Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Центр имиджевой политики
040009, Талдыкорган, ул. Жансугурова, 187а